

А. С. Ибраева, С. Б. Гончаров

# ҚҰҚЫҚ НЕГІЗДЕРІ 9

Жалпы білім беретін мектептің  
9-сыныбына арналған оқулық

*Қазақстан Республикасының Білім  
және ғылым министрлігі бекіткен*



Алматы "Мектеп" 2019

ӘОЖ 373.167.1  
КБЖ 67.0я72  
III5

**Ибраева А.С., Гончаров С.Б.**  
III5 **Құқық негіздері . Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық . — Алматы: Мектеп, 2019. — 160 б., сур.**

ISBN 978—601—07—1154—9

II 4306020700—026 6(1)—19  
404(05)—19

ӘОЖ 373.167.1  
КБЖ 67.0я72

© Ибраева А.С., Гончаров С.Б., 2019  
© «Мектеп» баспасы,  
көркем безендірітуі, 2019  
Барлық құқықтары қорғалған  
Басылымның мүлтік құқықтары  
«Мектеп» баспасына тиесілі

ISBN 978—601—07—1154—9

**МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ**

**КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚ**

**АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚ**

**ЕҢБЕК ҚҰҚЫҒЫ**

**ОТБАСЫ ҚҰҚЫҒЫ**

**ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ**

**ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ**



## АЛҒЫ СӨЗ

### Құрметті оқушылар!

Жыл өткен сайын заман талаптары жаңарып, адамдар арасындағы қарым-қатынас өзгереді, олар күрделі және сан қилы бола түседі.

Біраз жылдан кейін сендер Қазақстанның толық әрекетке қабілетті азаматы боласыңдар. Қазақстан Республикасы Конституциясында көрсетілген барлық құқықтарға ие болып, барлық міндеттерді орындайсыңдар. Осы мақсатпен аталған «Құқық негіздері» пәнін оқып-үйренуге кірісесіңдер.

Аталған пәннің мақсаты — аса маңызды қоғамдық қатынастарды реттеп отыратын ережелер жиынтығы болып табылатын құқық туралы жүйелі білім қалыптастыру. Сонымен қатар қоғамды басқарушы саяси билік, саяси институт ретіндегі мемлекет туралы түсінік қалыптастыру.

Әрбір адам өз елінің заңдарын білуге, құрметтеуге және орындауға міндетті. Бұл Қазақстан аумағында тұратын барлық адамдарға қатысты. Өзінді көрсету үшін және елеулі нәтижелерге қол жеткізу үшін, ең алдымен, заңға бағынышты азамат болуың керек.

Аталған оқулық жаңартылған оқу бағдарламасына сәйкес дайындалған. Оқулықтағы барлық материалды меңгергеннен кейін құқықтық мәдениеттерін, түрлі жағдайларда шешім қабылдауға қабілеттіліктерін, дағды мен біліктіліктерін қалыптасады. Алған білімдерің сендерге болашақта жұмысқа орналасу, келісімдер жасау, өз бизнестерінді ашу, некеге тұру және тағы да көптеген жағдайларда қажет болады.

Оқулық Қазақстан Республикасының құқық жүйесі туралы шағын, қажетті ақпарат береді. Оқулықта өмірден алынған әртүрлі мысалдар, тарихи фактілер, ойландыратын тапсырмалар және өмірлік тәжірибеге байланысты әртүрлі қызықты және сан қилы жағдаяттар берілді. Бұл материалды жақсы меңгеруге, креативті және сындарлы ойлануға үйретеді, тәжірибелік дағдыларыңды және зерттеушілік қабілеттеріңді дамытады.

Осы курсты аяқтағаннан кейін сендер өз құқықтарыңды қорғауды, міндеттеріңді орындауды, қоғам заңдарын бұзбай өмір сүруді үйренесіңдер. Сендерге білім жолында табыс тілейміз!

*Құрметпен, оқулық авторлары*



# МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ



## § 1. «ҚҰҚЫҚ» ТҮСІНІГІ

Барлық адамдар бір-бірімен әртүрлі байланыста болады. Адамдар арасындағы қатынастардың қалай реттелетіні туралы ойланып көрейікші. Қандай ережелер бар? Олар қалай қамтамасыз етіледі? Тыйым салынған немесе рұқсат етілген, дұрыс немесе дұрыс емес мәселелердің шегарасы қайда? Өзін дұрыс ұстау ережелері бар ма? Ең алдымен қоғамдық қатынастардың әртүрлі болатыны туралы айтайық. Адам қоғамнан тыс өмір сүре алмайды. Тек қана қоғамда, басқа адамдармен өзара байланыста болса ғана адам толыққанды өмір сүріп, қуанып, жақсы көріп, жолдастық, достық қатынаста болып, жұмыс істеп, өз мүмкіндіктерін жүзеге асыра алады. Өзін дұрыс ұстаудың түрлі ережелері бар. Бұл ережелер бізге өз ісімізде сенімді болуға, өзімізді қауіпсіз сезінуге мүмкіндік береді.

### Бүгінгі сабақта:

- әлеуметтік жүйедегі «құқық» түсінігі мен құқық нормаларын қарастырамыз.

### Тірек сөздер

- құқық
- құқық нормалары
- әлеуметтік норма
- мораль



Қазақстан Республикасының Конституциясы мен мемлекеттік нышандары



Мысалы, жол жүру ережелері қоғамның барлық мүшелеріне — жүргізушілерге, жол қозғалысы қызметкерлеріне, жаяу жүргіншілерге міндетті болып табылады. Егер жол жүру ережелері бұзылса, әртүрлі оқиғалар орын алады. Бұл ережебұзушылықтың салдары өте қауіпті болуы мүмкін.

Әрбір адамның өз қызығушылығы мен қажеттіліктері бар. Осы қызығушылықтары мен қажеттіліктері үйлесім табуы үшін жалпы ережелер қажет. Бұл ережелер *әлеуметтік нормалар* деп аталады. Олар қоғамда тұрақтылық пен тәртіптің, бірқалыптылықтың сақталуы үшін қажет. Әлеуметтік нормалар адамдардың қарым-қатынасы арқылы қоғамда пайда болады. Осы нормалардың көмегімен қоғам өзінің дұрыс, онды көзқарастарын қалыптастырады.

**Есте сақтаймыз!**

**Нормалар** — жалпыға міндетті мінез-құлық ережесі. Әлеуметтік ережелер қоғамда туындайды, қоғам оны негізгі, қажетті ережелер деп қабылдайды және оны барлық адам сақтайды.

Қоғам үшін әлеуметтік нормалардың мағынасы бірдей емес. Өмір, денсаулық, бостандық, жекеменшік және қауіпсіздік тәрізді басты құндылықтарды қорғайтын әлеуметтік нормалар қоғам үшін неғұрлым маңызды болып табылады. Олар қоғамдағы тұрақтылық пен тыныштықты қамтамасыз етуі тиіс.

Әлеуметтік нормалар уақыт озған сайын өзгереді. Ежелгі заманда салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар басты нормалар болып есептелген. Ал бүгінгі таңда моральдық, құқықтық, этикалық нормалар басты болып саналады. Әлеуметтік нормалар өз заманына сай болады (1-сызбанұсқа).

1-сызбанұсқа





**Құқық** — заңмен бекітілген тәртіп ережелері.

**Есте сақтаймыз!**

Заңгерлер құқықты маңызды қоғамдық қатынастарды реттейтін жалпыға міндетті нормалар жүйесі деп біледі. Бұл нормалар бостандық, әділдік, теңдік, ізгілік тәрізді идеяларға негізделген.

Құқық аса маңызды қоғамдық қатынастарды реттеп отырады. Мемлекетпен қорғалады, әрбір адамға дұрыс жүру жолдарын таңдауға мүмкіндік береді. Құқық барлық адамдар үшін міндетті, ол адамдардың қауіпсіздік сезімін нығайтады. Сондықтан құқық құндылық ретінде танылады. Сонымен қатар құқық жалпықоғамдық ойлар мен құндылықтардан, қоғамның адамгершілік ұстанымдарынан туындап, мемлекеттің күшіне және әр адамның санасына байланысты қалыптасады.

Құқық мемлекеттік ұйымдардың құрылымын, оның қалыптасу тәсілдерін, адамның құқықтары мен міндеттерін анықтайды. Құқық нормалары білім алуға, денсаулық сақтауға, отбасын құрып, нығайтуға жағдай жасайды. Құқық адамдарға бостандық пен құқықты қамтамасыз ету, ынталандыру, міндеттерді қалыптастыру, жазалау, мәжбүрлеу жолымен ықпал етеді. Алғашқы билік институттары мен жалпыға бірдей міндетті мінез-құлық ережелері қоғам дамуының бастапқы кезеңдерінде салт-дәстүр ретінде қалыптасты. Ол кезде мемлекет болмай, ақсақалдар билігі үстемдік құрған еді. Қоғамдық қатынастар салт-дәстүрлер, түрлі жоралғылар мен тыйымдар арқылы реттеліп отырды. Құқық жалпыға бірдей міндетті жүйе ретінде кейінірек, мемлекетпен бірге пайда болды.

Құқықтың мәні — қазіргі замандағы қоғамдық қатынастарды реттеу, қоғамды жөнге салу, тұрақтылыққа қол жеткізу, адам мен азаматтың бостандығы мен құқығын, демократияны жүзеге асыру. Ойлап қарасақ, адамзат қоғамындағы құқықтың маңыздылығы мен құндылығына анық көз жеткізуге болады. Құқық бізге ненің жаман, ненің жақсы екенін көрсетіп қана қоймай, өзара қарым-қатынас пен күнделікті өмірде де көмектеседі. Мысалы, біздің әрқайсысымыз күнделікті қоғамдық көлікті немесе таксиді пайдаланамыз, киноға, театрларға барамыз, қажетті заттарды сатып аламыз, өз көшбасшымызды таңдаймыз т.б. Осы әрекеттердің бәрі құқықпен және оның нормаларымен реттеліп отырады.

**Құқықтың белгілері**

- *Нормативтілік* . Құқық нормалар мен мінез-құлық ережелерінен тұрады. Бұл нормалар адам мен азамат бостандығының шекараларын анықтайды.



- *Жүйелілік* құқықтың бір-бірімен байланысқан және нақты бір жүйеде орналасқан нормалардан тұратынын білдіреді. Бұл нормалар институттар мен әртүрлі салаларда көрініс табады.
- *Жалпыға бірдей міндеттілік* . Құқық нормалары жынысына, тегіне, ұлттық ерекшелігіне, әлеуметтік дәрежесіне, тұрмыстық деңгейіне, дініне, саяси көзқарастарына қарамастан, бәріне бірдей міндетті болып табылады.
- *Формальды анықтылық* . Құқық заңдар және басқа да нормативтік-құқықтық ережелер түрінде ресми қалыпқа енеді.
- *Мемлекеттің қамтамасыз етуі* . Құқықтық нормалар бұзылған жағдайда мемлекет мәжбүрлі түрде шара қолдана алады.
- *Құқықтың еріктілік сипаты* . Құқық нормаларында мемлекеттің еркі айқындалады.
- *Реттеушілік* . Құқық қоғамдық қатынастардың реттеушісі болып табылады.
- *Динамизм* . Құқық қоғаммен бірге дамиды.

Құқықтың функцияларын қарастырайық. «Құқықтың функциясы» түсінігін құқықтық ықпал етудің негізгі бағыттары деп қарастыруға болады. Құқықтың функциялары қоғамдық қатынастарды реттеу үдерісіндегі құқықтың рөлін көрсетеді.

Құқықтың реттеушілік және қорғаушылық деген екі басты функциясы бар (2-сызбанұсқа).

Сонымен қатар құқықтың тәрбиелік және идеологиялық деген екі қосымша функциясын да атап көрсетуге болады (3-сызбанұсқа).

2-сызбанұсқа



3-сызбанұсқа





Құқықтық нормалар моральдық нормалармен тығыз байланысты. Мораль (адамгершілік) — жақсылық пен жамандық, әділеттік пен әділетсіздік, адалдық пен арсыздық туралы адамның түсінігі мен сеніміне негізделген, адамның іс-әрекетін реттеп отыратын нормалар мен ұстанымдар жүйесі. Мораль — қоғамдық қатынастардың ең сенімді және күшті реттеушісі. Ол бала кезден қалыптасады. Дәл осы адамгершілік нормалары түрлі жағдайларда адам өзін қалай ұстауы керек екенін еске салып отырады. Адамгершілік қасиет адамға өмірдегі барлық жағдайда қажет. Егер адамгершілік нормалары бұзылатын болса, құқықтық нормалар да бұзылады. Құқық адамгершілік ұстанымына негізделеді. Құқықтың адамгершілікке қарсы болуы, ал адамгершіліктің құқыққа қарсы, әділетсіз болуы мүмкін емес.

Мораль дұрыс пен бұрыс, мейірімділік пен жауыздық критерийлерін қалыптастырады. Мораль «жақсы», «жаман», «қайырымдылық», «мейірімділік», «жауыздық», «сұлулық», «гуманистік», «адалдық», «әдептілік» т.б. ұғымдарды түсіндіреді. Мораль адамды тәрбиелеп, санасына әсер етеді, жағымсыз әрекеттердің алдын алуға бағытталады. Мораль туралы ғылым *этика* деп аталады. Этика моральдың пайда болу мәселелерін зерттеп, оның нормаларын қолдану механизмі мен мәнін түсіндіреді; адамның іс-әрекетін адамгершілік тұрғысынан бағалау өлшемін анықтайды.

Кейбір іс-әрекеттерге оң баға беріп немесе оны сынап-міней отырып, адамдар моральды өздері жасайды.

Мысалы, қазіргі заманда батыс елдерінде балалар кәмелеттік жасқа жете салып, отбасынан бөлек кетіп, өз бетімен өмір сүреді. Керісінше, біздің еліміздегі отбасы бір-бірімен тығыз байланыста болатын үш ұрпақ өкілінен тұрады. Тіпті отбасы бір үйде тұрса да, немесе ата-әжелері балалары мен немерелерінен шалғайда тұрса да бұл байланыс үзілмейді. Біз бұдан әртүрлі моральдық ұстанымдарды байқаймыз.

Моральдың екі жағы бар: жеке және ұжымдық. Бір жағынан әр адам өз қажеттіліктерін қанағаттандыруға талпынады. Екінші жағынан адам қоғамның, ұжымның, отбасының, топтың қажеттіліктері мен қызығушылығын есепке алуы қажет. Жеке және ұжымдық моральды қалай бірге, қатар алып жүруге болады? Тек «Өз басымды ғана ойлаймын» деген ұстаныммен өмір сүруге бола ма? Немесе «Біріміз бәріміз үшін, бәріміз біріміз үшін» деген ұжымдық ұстанымды басшылыққа алу қажет пе?

Әрбір адам бұл сұрақтарға өздігінен жауап беріп, өз өмірінің ұстанымдарын анықтап алады. Дегенмен әрбір адам ортақ қоғамда, ұжымда өмір сүріп отырғанын түсініп, өзінің қабілеті мен қызығушылығын адамдар арасында ғана жүзеге асыра алатынын естен шығармауы керек. Сондықтан моральдық нормалар әрбір



адамның және қоғамның бақытты өмір сүруі үшін қажет. Бүгінде мемлекет пен қоғам жастардың адамгершілік тәрбиесіне көп көңіл бөледі. Бұл еліміздің болашағына қажет.

Осылайша әлеуметтік нормалар жүйесінде құқықтық нормалар маңызды орын алады. Оларды мемлекет бекітеді және кепілдік береді. Бұл нормалар жалпыға бірдей міндетті заңдар және нормативтік-құқықтық актілер түрінде көрініс табады.

### Глоссарий

**Құқық** — мемлекет орнатқан және оның күшімен қорғалатын, жалпыға бірдей қоғамдық қатынастарды реттейтін тәртіп нормаларының жиынтығы.

**Құқық нормалары** — заңда бекітілген мінез-құлық ережелері.

**Мораль** — жақсылық пен жамандық, әділеттік пен әділетсіздік, адалдық пен арсыздық туралы адамның түсінігі мен сеніміне негізделген, адамның іс-әрекетін реттеп отыратын қағидалар мен ұстанымдар жүйесі.

**Діни ережелер** — дін туралы деректерде қалыптасқан мінез-құлық ережелері.

**Құқықтың функциялары** — құқық әрекетінің негізгі бағыты, қоғамдық қатынастарды реттеу үдерісіндегі құқықтың рөлін көрсетеді.

**Этика** — мораль туралы ғылым.

### Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары

1. «Құқық» ұғымын ашыңдар. Құқықтың басқа әлеуметтік нормалардан қандай айырмашылығы бар? Құқықтың әлеуметтік нормадағы рөлі қандай?
2. Сендер үшін қандай ережелер ең маңызды? Өз жауаптарыңды дәлелдеңдер.
3. Құқық үшін мораль неліктен маңызды деп ойлайсыңдар? Құқықтың адамгершілікке қарсы болуы мүмкін бе?

**1-деңгейлі тапсырма.** 1-кестені толтырыңдар.

1-кесте

### Әлеуметтік нормалар

№	Атауы	Мысалдар	Қоғам үшін маңыздылығы
1	Салт-дәстүр		
2	Әдет-ғұрып		
3	Мораль нормалары		
4	Құқық нормалары		
5	Діни нормалар		
6	Этикалық нормалар		
7	Саяси нормалар		
8	Корпоративтік нормалар		

**1-деңгейлі тапсырма.** 2-кестені толтырыңдар.

2-кесте

**Құқықтың функциялары**

№	Функция атауы	Мазмұны мен мәні
1	Реттеушілік	
2	Қорғаушылық	
3	Тәрбиелік	
4	Идеологиялық	

**2-деңгейлі тапсырма**

Келтірілген мысалдарды талқылаңдар. Бұл жерде құқықтың қандай қызметі көрінеді?

1. Дүкенде тұтынушы чек көрсетіп, тауарды ауыстыруын сұрайды. Сатушы тауарды ауыстырып береді.
2. С. деген азамат автобусқа отырып, біраз жерге жетіп қалғаннан кейін ақшасының жоғалғанын байқайды. Ол полицияның көмегіне жүгінеді.
3. Полиция қызметкері мектепте жол жүру ережесі туралы баяндама оқыды.
4. Оқушылар сабақта Қазақстан Республикасы Конституциясында бекітілген ережелерді талқылайды.

**2-деңгейлі тапсырма**

Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» өлеңін талқылаңдар. Ұлы ойшыл адамның қандай жағымсыз қылықтарын сынады? Қандай жағымды қылықтарын мақтан тұтты?

...Бес нәрседен қашық бол,  
Бес нәрсеге асық бол,  
Адам болам десеңіз.  
Тілеуің, өмірің алдында,  
Оған қайғы жесеңіз.  
Өсек, өтірік, мақтаншақ,  
Еріншек, бекер мал шашпақ –  
Бес дұшпаның, білсеңіз.  
Талап, еңбек, терең ой,  
Қанағат, рақым ойлап қой –  
Бес асыл іс, көнсеңіз...

**3-деңгейлі тапсырма.** Пікірталас жүргізіңдер. Келесі мәселелерді талқылаңдар.

1. Қоғамда ережелерсіз өмір сүру мүмкін бе? Егер адам жалғыз өмір сүрсе, оның тағдыры қалай болар еді? Робинзон Крузоның басынан өткен жағдайларды естеріңе түсіріңдер. Ол қалайша жиырма жылдан астам жалғыз өзі елсіз аралда тұрып, адамгершілік қасиеттерін сақтап қалған?
2. Р.Киплингтің Маугли туралы ертегісін еске түсіріңдер. Неге Маугли тарихын ертегі деп есептейміз? Адамның жекетұлға болып қалыптасуына қандай себептер мен жағдайлар әсер ететіні туралы өз ой-пікірлеріңді білдіріңдер.  
*Қызықты оқиғалар.* Адамзат тарихында кішкене балалардың адамдармен араласпай, табиғи ортада өмір сүргені туралы екі жүзге жуық жағдай болған. Осындай балаларды қоғамға қайтаруға тырысқанда, еш нәтиже шықпаған. Себебі неде деп ойлайсыңдар?

**Рефлексия.** Аталған тақырыпты қаншалықты меңгергендеріңді 1 мен 10-ның аралығында белгілеңдер. Қандай сұрақтарыңның жауабы табылмады?



## §2. ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТ

### Бүгінгі сабақта:

- «құқықтық мемлекет» ұғымы мен белгілерін оқып, меңгереміз;
- құқықтық мемлекеттің маңыздылығы мен ерекшелігін анықтаймыз.

### Тірек сөздер

- құқықтық мемлекет
- құқықтық қорғалу
- билікті бөлу

Жаңа замандағы демократиялық мемлекеттер құқықтық болуға ұмтылады. Құқықтық мемлекет құру — әлемнің дамыған елдерінің көпшілігі үшін, соның ішінде Қазақстан Республикасы үшін де стратегиялық міндет.

Құқықтық мемлекет — қазіргі заманғы өркендету дамуының жоғарғы сатысы және оның басты жетістіктерінің бірі.

Құқықтық мемлекет лауазымды тұлғалардың билігін, мемлекеттік қызметкерлердің уәкілеттігін құқық нормаларымен, заң талаптарымен шектейді, оларды теріс пайдалануға жол бермейді, құқықбұзушылықтарға қарсы тұрады. Мұнда ең жоғарғы құндылық — адам, оның өмірі, еркіндігі мен құқығы болып табылады.

### Есте сақтаймыз!

**Құқықтық мемлекет** — қоғам мен жекетұлғаның құқықтық қорғалуын өзінің басты мақсаты етіп қоятын мемлекет.



«Бәйтерек» монументі, Нұр-Сұлтан қаласы

**Назар аударыңдар!**

Заң барлығы үшін бірдей болу керек.

*Монтескье*

Құқықтық мемлекет идеясы алғаш рет АҚШ Конституциясында (1787 жылы) және Францияда (1789 жылы) «Адам мен азамат құқығы» Декларациясында заңды түрде бекітілді.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабында: «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы — адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» деп жазылған. Аталған Конституциялық бап барлық азаматтарға, билік өкілдеріне, мемлекеттік органдарға ерекше жауапкершілік жүктейді.

Қазақстанда тұратын барлық азаматтар мен ұйымдар заң талаптарын орындауы керек, құқық нормаларын бұзбауы керек және адамның құқығы мен бостандығына қол сұқпауы керек.

Мемлекет құқықты мемлекет пе, жоқ па, соны айқындайтын қағидаттар бар (4-сызбанұсқа).

Құқықтық мемлекет қағидаттарын нақтырақ қарастырайық.

Адам құқығы мен бостандығының үстемдігі қағидаты құқықтық мемлекетте адамның өмірі мен бостандығы, құқығы жоғарғы құндылық болып табылатынын білдіреді. Мемлекеттік органдар адамның өмірін қорғауы керек. Адам құқығы бұзылған жағдайда құқық қорғау органдарына шағымдану қажет. Олар — прокуратура, ішкі істер органдары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы органдар.

*4-сызбанұсқа*

### Құқықтық мемлекет қағидаттары

адам құқығы мен бостандығының басымдылығы қағидаты; мемлекет пен жеке тұлғаның өзара жауапкершілігі қағидаты

билікті бөлу қағидатының заңнамалық, атқарушы және соттық деп бөлінуі

заңның үстемдігі қағидаты; соттар тәуелсіздігі қағидаты; сот пен заң алдында барлығының теңдігі қағидаты

**Билікті бөлу қағидаты.** Бұл қағидат заңдылықты қамтамасыз етіп, билікті шамадан тыс пайдалануға жол бермеу үшін қажет.



Билік үш тармаққа бөлінеді: *заң шығарушы билік*, *атқарушы билік*, *сот билігі*. Заңдарды қабылдайтын Парламент заң шығарушы билік болып есептеледі, оны халық сайлайды. Атқарушы билікті үкімет, министрліктер, әкімшіліктер жүзеге асырады. Сот билігін сот төрелігі іске асырады, әділдік бұзылған жағдайда қалпына келтіреді, жаза тағайындайды. Биліктің әр тармағы заң аясында өздігінен әрекет етеді, бір-бірінің ісіне араласпайды. Билікті бөлу жүйесінде Қазақстан Республикасы Президентінің рөлі маңызды. Президент билік тармақтарының үстінен қарайды, ол төреші, саяси көшбасшы ретінде биліктің барлық тармағының келісе отырып жұмыс істеуін жүзеге асырады.

**Заңның үстемдігі қағидаты** барлық азаматтардың, лауазымды тұлғалардың, мемлекеттік органдардың, қоғамдық институттар мен ұйымдардың заң талаптарын тең дәрежеде орындау қажеттігін білдіреді. Конституция дегеніміз — жоғарғы заң. Кез келген заң істерін Конституция нормалары негізінде шешу керек.

**Сот пен заң алдында барлығының теңдігі қағидаты.** Әр адам өз құқығын жүзеге асыра алады және әр адам өз құқығын қорғау үшін сотқа арыздана алады.

**Мемлекет пен жекетұлғаның өзара жауапкершілігі қағидаты** жекетұлғаның да, мемлекеттің де заң талаптарын орындауы қажеттігін білдіреді. Оны бұзғандары үшін жауапкершілікке тартылады. Мемлекеттік органдар құқық нормаларын бұзбауы керек. Адамдар да заң талаптарын орындауы керек.

**Соттардың тәуелсіздігі қағидаты** соттардың сот төрелігін іске асырушы негізгі органдар екендігін білдіреді. Сот тек қана Конституция мен Заңдарға бағынады. Сот ісіне араласу заң жүзінде жазаланады. Қазақстан Республикасында Соттар тұрақтылық негізінде қалыптасады.

Құқықтық мемлекеттің маңызы мен ерекшелігі неде екенін анықтайық. Құқықтық мемлекетте бірінші орында адам, оның өмірі, құқығы мен бостандығы тұруы керек. Мемлекеттің барлық жария-саяси әрекеті қатаң түрде заңға және құқыққа сәйкес жүзеге асуы тиіс. Барлық адамдар өз құқығы мен бостандығын қорғау үшін мемлекеттік органдарға тең дәрежеде жүгіне алады. Тиісінше, мемлекеттік органдар адам мен азаматтың құқығы мен бостандығын қорғауға міндетті. Құқықтық мемлекетте күшті билік пен мықты да сауатты қоғам болуы керек. Сондықтан да Қазақстанда жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеуге көп мән береді.

Құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам туралы ежелгі ойшыл, философ, шығыс данышпаны әл-Фараби өз еңбегінде айтып кеткен.



Әбу Насыр әл-Фараби — ортағасырлық шығыс философиясының негізін қалаушы ғалым және философ. «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» атты трактатының маңызы зор. Ойшыл бұл туындысында қайырымды қаланы (мемлекетті) сипаттайды. «Бұл — жаңа түрдегі мемлекеттің моделі, оның тұрғындары нағыз бақытқа қол жеткізуге тиісті. Мұндағы билеуші — қол астындағыларға қамқорлық жасаушы оқымысты монарх. Ол саяси тәртіп пен интеллектуалдық дамудың жоғарғы талаптарына сай, өнегелі жан болуы қажет. Билеуші өз бойында туа біткен 12 қасиетті ұштастыра білуі керек. Бұл — физикалық күш, табиғи бейімділік, керемет жетілген есте сақтау қабілеті, алғыр ой мен зеректік, ойын анық жеткізе білу дағдысы, оқу мен білімге деген махаббат, өзін түрлі азғырулардан аулақ ұстау т.б. Билеуші әділетті, арын жоғары ұстайтын, әділетсіздікті жек көретін, адамдарды әділдікке жетелейтін, әділетсіздік құрбандарының шығынын өтеуді жөн санайтын, батыл, табанды, батыр, шындықты сүйетін, өтірікті жек көретін болуы керек».



Әбу Насыр  
әл-Фараби

Әл-Фараби билеушінің мінсіз кейпін жасап, жалпы игілікті бөлу ұстанымын ұсынады. Мемлекеттің барлық тұрғындары бай, бақуатты және өздері ортақтаса алатын барлық игіліктен үміткер болуы керек. Ұлы ойшыл қаланың әр тұрғынының өз еңбегіне қарай осы ортақ игіліктен үлесі бар деп есептейді. Ол әділдік ұғымын заңды құбылыс деп талдайды. Егер қала тұрғыны сіңірген еңбегінен аз немесе көп алатын болса, ол әділетсіздік болар еді деп есептейді. Сондықтан мемлекет игіліктердің дұрыс бөлінуін қадағалауы керек. Сол себепті қайырымды мемлекетте кедейлер мен қайыршылар болмайды. Бірақ аурулар мен мүгедектердің болуы мүмкін. Олардың күтіміне мемлекеттік қордан қаражат аударылады. Оларды мүмкіндігіне қарай пайдалы жұмыс атқаруға тарту керек. Мемлекет өз тұрғындарын болуы мүмкін қауіп-қатерлерден (ұрлықтан, жаулап алудан) қорғауы керек.

Әл-Фараби егер адам үнемі өзінің ақыл-ойын дамытып, парасатты басшылыққа алатын болса, оның мінсіз қоғам құра алатынына сенген. Мінсіз қаланы ғұламалар билеуі қажет. Әр салада ең озық адамдар — зеректер мен дарындылар басымдылыққа ие болады. Таңдаулы топ ойлану арқылы білімге қол жеткізеді. Сондықтан да мемлекет тұрғындары тәрбиелі және білімді болуы керек.

Құқықтық мемлекет құру жолында көптеген кедергілер бар. Бұл мәселелер экономиканың, мәдениеттің, әлеуметтік қатынастардың дамуына, жастардың тәрбиесіне байланысты. Осындай мәселелерді шешу үшін Қазақстан Республикасында түрлі мемлекеттік бағдарламалар қарастырылған. Мысалы, 2017 жылы «Рухани жаңғыру» бағдарламасы қабылданды. Бұл бағдарламаға сәйкес Қазақстанды күшті және жауапты адамдардан тұратын біртұтас елге айналдыру үшін қоғамның түсінігі, санасы өзгеруі тиіс.

Сонымен құқықтық мемлекеттің қалыптасуы қоғамға, әр адамға, лауазымды тұлғаларға, мемлекеттік органдар мен билікке байланысты.



### Глоссарий

**Құқықтық мемлекет** — барлығы тең дәрежеде заңға бағынатын мемлекет. Мұнда бірінші орында адам, оның өмірі, құқығы мен бостандығы тұрады.

**Билікті бөлу** — билікті шектен тыс пайдалануға жол бермейтін ұстаным.

**Құқықтық қорғалу** — барлық адамдар өз құқығы мен бостандығын қорғау үшін мемлекеттік органдарға тең дәрежеде жүгіне алу ұстанымы. Тиісінше, мемлекеттік органдар адам мен азаматтың құқығы мен бостандығын қорғауға міндетті.

### Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары

1. Құқықтық мемлекеттің мәні неде және басты мақсаты қандай?
  2. Құқықтық мемлекеттің адам мен қоғам өміріндегі маңызын анықтаңдар.
  3. Қазақстан Республикасы құқықтық мемлекетке айналу жолында екенін дәлелдеңдер.
- 1-деңгейлі тапсырма.** 3-кестені толтырыңдар.

3-кесте

### Құқықтық мемлекет қағидаттары

№	Атауы	Мақсаты	Мазмұны	Маңызы

### 3-деңгейлі тапсырма

1. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2017 жылы 12 сәуірде жарияланған «Болашаққа бағдар: қоғамдық сананы жаңғырту» мақаласын оқып шығыңдар. Бұл мақалада қандай басты мәселе қарастырылғанын талдаңдар.

2. **Сынып жұмысы.** Әл-Фарабидің 15-бетте берілген мемлекет туралы көзқарасын талдаңдар.

- Әл-Фарабидің қандай идеялары бүгінгі күні өзекті болып тұр?
- Қандай идеяларын жүзеге асыру мүмкін емес?
- Неліктен «Қайырымды қаланы (мемлекетті)» біз идеал санаймыз?

**Рефлексия.** Аталған тақырыпты қаншалықты меңгергендеріңді 1 мен 10-ның аралығында белгілеңдер. Қандай сұрақтарыңның жауабы табылмады?

## §3. АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ

### Бүгінгі сабақта:

- «азаматтық қоғам» ұғымы мен белгілерін оқып-үйренеміз;
- азаматтық қоғам институттарының маңызы мен рөлі туралы білеміз.

Құқықтық мемлекет болу үшін алдымен азаматтық қоғам болуы керек. Азаматтық қоғамның басты идеясы — субъектілердің: азаматтардың, ұйымдардың, институттардың, бірлестіктердің тәуелсіздігі мен еркіндігі, дербестігі. Бұл ретте мемлекет азаматтық қоғамның іс-әрекетіне араласпауы керек. Заң бұзылған жағдайда ғана мемлекеттік

органдар араласып, жаза тағайындайды, айыптыларды жауапқа тартады.

«Азаматтық қоғам» ұғымын Аристотель, Цицерон, Г.Гроций, Т.Гоббс, Д.Локк, Гегель, К.Маркс т.б. өткен заманның ұлы ойшылдары қалыптастырды. Абай, Шәкәрім, Ә.Бөкейханов тәрізді қазақ ойшылдары да өз еңбектерінде азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекет идеялары туралы айтқан.

*Азаматтық қоғамның экономикалық негізін* азаматтардың өз меншігі, жекеменшік, мемлекеттік меншік құрайды. Өндіріс құралдарына меншіктері бар азаматтар мемлекетке экономикалық тұрғыдан тәуелсіз болады. Мемлекет кепілдік берген кәсіпкерлік, еңбек және тұтынушылық әрекеттер еркіндігінің азаматтық қоғам үшін маңызы зор.

### Есте сақтаймыз!

**Азаматтық қоғам** — жекетұлғалар мен топтардың мүддесін қанағаттандыратын адамгершілік, діни, ұлттық, әлеуметтік-экономикалық, отбасылық қатынастар мен институттардың жиынтығы.

*Азаматтық қоғамның саяси негізін* құқықтық мемлекет, демократия, жариялылық, тәуелсіз БАҚ (Бұқаралық ақпарат құралдары) құрайды.



Азаматтық қоғам. Қазақстан халқы

### Тірек сөздер

- азаматтық қоғам
- азаматтық қоғам институттары
- отбасы



Азаматтық қоғамның әлеуметтік құрылымын түрлі әлеуметтік қауымдастықтар құрайды. Бұл жерде жекеменшік дамыған және орта тап маңызды рөл атқарады. Адамдардың бұл бөлігі салыстырмалы түрде материалдық молшылық деңгейінде болады.

Азаматтық қоғамда адамдар бірлестігінің түрлі институттары бар. Оларды мынадай негізгі топтарға бөлуге болады:

- *еңбек институты* — жекетұлға өмірлік қажеттіліктерін өтеуге қажетті қаражат алатын ұйымдар;
- *отбасы институты* — жекетұлғаның ұрпағын жалғастыруға, рухани және физикалық тұрғыдан дамуға т.б. деген қажеттіліктерін өтеуге бағытталған ұйымдар;
- *саяси институт* — жекетұлғаның қоғам өмірін басқаруға деген қажеттіліктерін өтеуге бағытталған ұйымдар;
- *қоғамдық институт* — жекетұлғаның түрлі қажеттіліктері мен мүдделерін қанағаттандыру үшін құрылған ұйымдар.

Азаматтық қоғамда қоғамдық пікірлер, жеке адамдардың пікірлері, алуан түрлі идеялар, көзқарастар еркін қалыптасады. Адам өзінің ақпаратқа деген құқығын іске асырады. Мұнда мемлекеттік билік демократиялық сипатта болады, адамдардың лайықты өмір сүру деңгейін және т.б. қамтамасыз ететін мемлекеттің күшті әлеуметтік саясаты іске асады.

Азаматтық қоғам институтында адамдар мүдделері бойынша бірігеді, ол сонысымен де құнды және маңызды. Бұл институттардағы әр адам өз мүддесін білдіріп, құқықтарын іске асыра алады.

Кәсіподақтар азаматтардың еңбек құқығын қорғау үшін құрылады. Мысалы, XX ғасырдың соңында «Невада-Семей» қоғамдық қозғалысы өмірге келді, оның негізгі мақсаты Қазақстан аумағындағы ядролық полигондарды жапқызу болатын.

Қазақстанда «Нұр Отан», «Ақ жол», «Қазақстан коммунистік партиясы» тәрізді түрлі саяси партиялар бар. Бұл партиялардың мақсаты — мемлекеттік билікке әсер ету, мемлекеттік билік үшін заң аясында күрес жүргізу, қоғамның мүдделерін қорғау.

Отбасының маңызы өте жоғары. Бұл — азаматтық қоғамдағы басты институт. Сондықтан да отбасы мемлекеттің ерекше қамқорлығында. Мемлекет отбасының берік болуына, дамуына мүдделі.

Отбасы — туыстардан немесе ерлі-зайыптылар (әке, ана) мен олардың балаларынан (туған не асырап алған) тұратын адамдар тобы. Отбасы мүшелері бір-бірімен рухани байланысады, олардың өзара моральдық жауаптылықтары бар.





Қазақстанның белсенді жастары

Осылайша азаматтық қоғам құқықтық мемлекетпен тығыз байланысты. Азаматтық қоғамда адамдар еркін, дербес, олардың іс-әрекеттері тәуелсіз. Мұнда келісімшарт еркіндігі бар.

Азаматтық қоғам құқықтық мемлекеттің дамуымен қатар туындайды және шындыққа айналады. Азаматтық қоғамда азаматтардың құқығы мен еркіндігі сақталады, олардың мүдделері мен құқығын іске асыруға, мемлекеттік шешім қабылдау үдерісіне қатысуға жағдай жасалады.

Отбасы — азаматтық қоғамның алғашқы әлеуметтік ұяшығы. Отбасы азаматтық қоғамның тұрақты институты болып есептеледі.

### Глоссарий

**Азаматтық қоғам** — мемлекетке тәуелсіз, жекетұлғалар арасында болатын қоғамдық қатынастар.

**Азаматтық қоғам институттары** — адамдардың түрлі бірлестіктері.

**Отбасы** — туыстардан немесе ерлі-зайыптылар (әке, ана) мен олардың балаларынан (туған не асырап алған) тұратын адамдар тобы. Отбасы мүшелері бір-бірімен рухани байланысады, олардың өзара моральдық жауаптылықтары бар.

### Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары

1. Азаматтық қоғамға анықтама беріңдер. Азаматтық қоғамның белгілерін атаңдар. Азаматтық қоғамның құрылымы қандай?
2. Азаматтық қоғам институттарының рөлі мен мәнін анықтаңдар. Отбасы деген не?



3. Азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекеттің қандай ұқсастықтары бар?
4. Қазақстанда азаматтық қоғамның дамуына кедергі болатын мәселелерді атаңдар. Бұл мәселелерді қалай шешуге болатыны жөніндегі өз пікірлеріңді айтыңдар.

**1-деңгейлі тапсырма.** 4-кестені толтырыңдар.

4-кесте

### Азаматтық қоғам институттары

№	Атауы	Мақсаты, міндеттері	Мысалдар
1	Саяси партиялар		
2	БАҚ (Бұқаралық ақпарат құралдары)		
3	Қоғамдық ұйымдар (жастарға, әйелдерге арналған, қызығушылық бойынша)		
4	Отбасы		
5	Жеке фирмалар, кәсіпкерлер, бизнес құрылымдары		
6	Діни ұйымдар мен бірлестіктер (мешіттер, шіркеулер)		
7	Еңбек ұжымдары, кәсіподақтар		

### 3-деңгейлі тапсырмалар (топтық жұмыс)

1. «Азаматтық қоғамның даму жолдары» тақырыбына пікірталас өткізіңдер. Азаматтық қоғамда әр адам еркін өмір сүре алатынын, кез келген мамандықты таңдап, үлкен жетістіктерге жете алатынын дәлелдеңдер.

2. Белгілі қазақ ойшылы, ғалым, заңгер, Алаш қайраткері Ә.Бөкейхановтың құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғам туралы көзқарастарын талдаңдар. Ә.Бөкейханов неліктен репрессияға ұшырады? Ә.Бөкейхановтың қандай ойлары біздің Конституцияда көрініс тапты?



Ә.Бөкейханов

- XX ғасырдың 30-жылдарында белгілі қазақ ойшылы, ғалым, заңгер, Алашорда жетекшісі Ә.Бөкейханов құқықтық мемлекет теориясын, адам бостандығы мен құқығын қорғау, заңның үстемдігі, билікті бөлу идеясын қолдады. Патшаның жаулап алу саясатын талдай келе, Ә.Бөкейханов патша үкіметі қабылдаған заңдардың әділетсіз сипатын үнемі сынап жүрді.

- Жекетұлғаның бостандығы мен құқығы туралы сұрақтар ұлы ойшылдың еңбегіндегі негізгі мәселе болды. Ә.Бөкейханов жекетұлғаның бостандығы мен құқығының батысеуропалық тұжырымдамасын және Ұлы Француз революциясы жариялаған идеяларды — адамгершілік пен теңдікті, бостандық пен әділдікті қолдады.

- Ол жекелеген адамдардың ғана емес, бүкіл қазақ халқының бостандығы мен құқығын қорғады, жерді жеке адамдардың иемденуіне үзілді-кесілді қарсы болды.
- Ә.Бөкейханов алғашқылардың бірі болып қазақтар мен түркілердің ұқсастығы туралы айтты. Ұлы ойшылды қазақ халқының азаматтық құқығының, жер құқығының, отбасылық-неке құқығының негізін қалаушы деп атасақ болады.
- Ә.Бөкейхановтың көптеген идеялары Қазақстан Республикасының Конституциясында көрініс тапты. Адам мен оның өмірі, жоғары құндылық ретіндегі бостандығы мен құқығы туралы идеясы Конституцияның негізі болды.

**Рефлексия.** Аталған тақырыпты қаншалықты меңгергендеріңді 1 мен 10-ның аралығында белгілеңдер. Қандай сұрақтарыңның жауабы табылмады?





# КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚ

## §4. КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМ НЕГІЗДЕРІ

### Бүгінгі сабақта:

- Қазақстан Республикасының конституциялық құрылымы негіздерімен танысамыз.

### Тірек сөздер

- конституциялық құқық
- конституциялық құрылым
- унитарлық
- демократия
- зайырлылық
- плюралистік

Конституциялық құрылым негіздері, ең алдымен, оның мәнін айқындайтын мемлекеттің басты тұрақтылығы, оның негізгі қағидаттары. Қазақстан Республикасының конституциялық құрылымының негіздері басты құқықтық институт болып табылады. Конституциялық құқық — құқықтың жетекші саласы. Ол конституциялық құрылымның негізін, жекетілген құқықтық жағдайын, мемлекеттік құрылым мен билік түрін реттейді (5-сызбанұсқа).

### Есте сақтаймыз!

**Конституциялық құрылым негізі** — әлеуметтік, экономикалық және саяси-құқықтық қатынастар жүйесі. Ол Қазақстан Республикасының Конституциясымен және басқа да конституциялық құқықтық актілермен бекітілген және қорғалады.

5-сызбанұсқа





**Есте сақтаймыз!**

*Конституциялық құрылым* — мемлекетті ұйымдастырудың Конституциямен бекітілген нақты формасы, нақты тәсілі.

Конституция — елдің негізгі заңы. Мұнда қоғам мен мемлекеттің, әрбір адам өмірінің негізі болып табылатын идеялар бар. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылы 30 тамыздағы референдумда қабылданған. Конституцияға өзгертулер мен толықтырулар 1998, 2007, 2011 және 2017, 2019 жылдары енгізілген.

«Жалпы ережелер» деп аталатын бірінші тарауда конституциялық құрылымның негіздері баяндалады. Осы жағдайларды қарастырайық.

*ҚР Конституциясының 1-бабы*

Республика қызметінің түбегейлі принциптері: қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылық; бүкіл халықтың игілігін көздейтін экономикалық даму; қазақстандық патриотизм; мемлекет өмірінің аса маңызды мәселелерін демократиялық әдістермен, оның ішінде республикалық референдумда немесе Парламентте дауыс беру арқылы шешу.

**Қазақстан — республика.**

Мемлекеттік биліктің барлық жоғарғы органдары сайлау арқылы немесе жалпыұлттық өкілеттік мекемелер арқылы (парламенттермен) құрылады.

*ҚР Конституциясының 3-бабы.* Халық билікті тікелей республикалық референдум және ерікті сайлау арқылы жүзеге асырады. Қазақстан Республикасында билікті ешкім де иемденіп кете алмайды. Билікті иемденіп кетушілік заң бойынша қудаланады. Халық пен мемлекет атынан республика Президенті, сондай-ақ өзінің конституциялық өкілеттілігі шегінде республика Үкіметі мен өзге де мемлекеттік органдар мемлекет атынан оларға берілген өкілеттіліктері шегінде ғана билік жүргізеді.

**Қазақстан Республикасы — демократиялық мемлекет.**

Халық Конституцияны қабылдайды, мемлекет басшысы мен Парламентті тікелей сайлайды, өкілеттілік мерзімі өткеннен кейін оларды ауыстыра алады. Мемлекет жеке азаматтардың мүддесіне сай әлеуметтік жағдайына, тегіне, ұлтына қарамастан оларға сөз еркіндігін, тілі мен ұлтын таңдау еркіндігін, бірлестіктерге бірігу еркіндігін беріп, мемлекеттік қызметке тең дәрежеде кіруіне жағдай тудырады.

**Қазақстан Республикасы — зайырлы мемлекет.**

Діни мекемелер мен діни наным-сенімдер мемлекеттен бөлінген; мемлекеттік немесе міндеттелген дін жоқ; діни негізде партия құруға тыйым салынған; әр азамат ар-ұждан еркіндігіне құқылы, яғни діннің қай түрін болса да қабылдауға, басқа дінге өтуге немесе ешқандай дінді ұстанбауға құқылы.

*5-бап.* Республикада басқа мемлекеттердің саяси партиялары мен кәсіптік одақтарының қызметіне, діни негіздегі партияларға, сондай-ақ саяси партиялар мен кәсіптік одақтарды шетелдік заңды тұлғалар мен азаматтардың, шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың қаржыландыруына жол берілмейді.

Шетелдік діни бірлестіктердің республика аумағындағы қызметі, сондай-ақ шетелдік діни орталықтардың республикадағы діни бірлестіктер басшыларын тағайындауы Республиканың тиісті мемлекеттік органдарымен келісу арқылы жүзеге асырылады.

**Қазақстан Республикасы — құқықтық мемлекет.**

*1-бап.* Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы — адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары.

*3-бап.* Республикада мемлекеттік билік біртұтас, ол Конституция мен заңдар негізінде заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөліну, олардың тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесін пайдалану арқылы, өзара іс-қимыл жасау принципіне сәйкес жүзеге асырылады.

**Қазақстан Республикасы — әлеуметтік мемлекет.**

- мемлекет адамға қызмет етеді;
- мемлекет жеке бір топтарға емес, тұтастай қоғамға қызмет етеді;
- мемлекет қиындықтар мен игіліктерді барлық азаматтарға біркелкі бөліп беруге тырысады;
- мемлекет әлеуметтік салаға (білім беру, денсаулық сақтау, ғылым, мәдениет, әлеуметтік жұмыспен қамтылу, еңбекті қорғау, халықтың өмір сүру деңгейі төмен топтарына қолдау көрсетіп және әлеуметтік қамсыздандыру) қолдау көрсетеді;
- мемлекет азаматтардың күнкөріс деңгейін қамтамасыз етуін, өмір сүруге қажетті жағдайлар туғызуын, оның ішінде өмірі мен денсаулығына экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуін талап етуге құқылы екенін мойындайды;
- мемлекет қоғамда экономикалық еркіндікке жағдай туғызуды міндетіне алады.

**Қазақстан Республикасы — унитарлы (бөлінбейтін, біртұтас) мемлекет.**

Унитарлы мемлекеттің құрамында автономия немесе басқа да мемлекеттік құрылымдар болмайды. Мұнда біртұтас Конституция, біртұтас құқықтық жүйе, бірыңғай азаматтық, бірыңғай Парламент, Үкімет, атқарушы органдар жүйесі және сот жүйесі болады. Қазақстанның бүкіл аумағы әкімшілік-аумақтық бірліктерге бөлінеді.

**Қазақстан Республикасы — президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет.** Республикада президент ең жоғарғы лауазымды тұлға болып саналады.



*40-бап*. 1. Қазақстан Республикасының Президенті — мемлекеттің басшысы, мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын айқындайтын, ел ішінде және халықаралық қатынастарда Қазақстанның атынан өкілдік ететін ең жоғары лауазымды тұлға. 2. Республиканың Президенті — халық пен мемлекеттік билік бірлігінің, Конституцияның мызғымастығының, адам және азамат құқықтары мен бостандықтарының нышаны әрі кепілі. 3. Республика Президенті мемлекеттік биліктің барлық тармағының келісіп жұмыс істеуін және өкімет органдарының халық алдындағы жауапкершілігін қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасы — егеменді мемлекет. Бұл біздің еліміз ішкі және сыртқы істерін жүргізуде басқа елдерге тәуелді емес дегенді білдіреді. Қазақстан халқы біртұтас екенін атап айтуымыз қажет.

Қазақстан Республикасы қазақ халқының көпғасырлық мемлекеттігінің тарихи мұрагері және оның мемлекеттік және саяси дамуын жалғастырушы болып табылады. Қазіргі Қазақстанда 130-дан астам ұлт пен ұлыс өкілдері: орыстар, өзбектер, немістер, украиндар, кәрістер, ұйғырлар және т.б. тұрады.

Қазақстанда Қазақстан халқы Ассамблеясы (ҚХА) құрылды. Ассамблеяны Қазақстан Республикасының Президенті басқарады. ҚХА-ның басты мақсаты — мемлекеттің ұлт саясатын жүзеге асыру, Қазақстан Республикасында қоғамдық-саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету және қоғамдағы мемлекеттік және азаматтық институттардың этносаралық қатынастар саласындағы өзара әрекеттестігінің тиімділігін арттыру. Қазақстан Республикасында идеологиялық және саяси көптүрлілік мойындалады. Мемлекеттік ұйымдарда саяси партияларды құруға жол берілмейді.

### Есте сақтаймыз!

*Саяси көптүрлілік (плюрализм)* — саяси әрекеттер мен саяси пікірлер еркіндігі, көппартиялылықтың болуы, азаматтардың қандай да бір партияға кіру немесе ешқандай партияға тіркелмеу құқығының болуы. Бұл конституция шегінде әрекет жасайтын барлық саяси партияларға және басқа да қоғамдық бірлестіктерге саяси үдеріске қатысуға теңдей мүмкіндік туғызады.



Ассамблея мүшелерінің Тұңғыш Президент Н.Ә.Назарбаевпен кездесуі



Мерекелік іс-шара



Осылайша Қазақстан Республикасының конституциялық құрылымының негіздері Қазақстан Республикасы Конституциясында бекітілген, мемлекеттің барлық ішкі және сыртқы саясатының, мемлекеттік құрылымының негізі болып табылады.

### Глоссарий

**Конституциялық құқық** — конституциялық құрылым негіздерін, жекетілгенің құқықтық жағдайын, басқару түрі мен мемлекеттік құрылымды реттеп отыратын құқықтың жетекші саласы.

**Адамның құқықтары мен бостандықтары** — адамның мүдделерін қанағаттандыруға бағытталған, заңмен қорғалатын ықтимал мінез-құлық өлшемі.

**Референдум** — аса маңызды мәселе бойынша бүкілхалықтық дауыс беру.

**Конституциялық құрылым негіздері** — мемлекеттің басты тірегі, оның мәнін бейнелейтін негізгі ұстанымдары.

### Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары

1. Қазақстан Республикасы конституциялық құрылымы негіздерін ашып көрсетіңдер. Мемлекеттің зайырлы сипатын қалай түсінесіңдер? Саяси көптүрлілік (плюрализм) дегеніміз не?
2. Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметі туралы оқып біліңдер. Ассамблеяның маңызы қандай? Ассамблеяның мақсаты қандай?

**1-деңгейлі тапсырма.** Қазақстан Республикасының конституциялық құрылымының негіздерін анықтайтын 5-кестені толтырыңдар.

5-кесте

№	Атауы	Мазмұны мен мысал
1	Қазақстан Республикасы — құқықтық мемлекет	
2	Қазақстан Республикасы — демократиялық мемлекет	
3	Қазақстан Республикасы — біртұтас мемлекет	
4	Қазақстан Республикасы — әлеуметтік мемлекет	
5	Қазақстан Республикасы — мемлекет басқарудың президенттік формасы қабылданған мемлекет.	
6	Қазақстан Республикасы — зайырлы мемлекет.	

**3-деңгейлі тапсырма.** «Тәуелсіздік рухы» деректі фильмін көріңдер. Тәуелсіз мемлекеттің «төрт қабырғасын» атаңдар. Тәуелсіздіктің бастапқы кезеңінде біздің еліміз қандай қиындықтарға тап болды? Ұлт көшбасшысы — Тұңғыш Президент Н.Назарбаевтың Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін қалыптастырудағы рөлін анықтаңдар.

**Рефлексия.** Аталған тақырыпты қаншалықты меңгергендеріңді 1 мен 10-ның аралығында белгілеңдер. Қандай сұрақтарыңның жауабы табылмады?



## § 5. АДАМ МЕН АЗАМАТ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН ЕРКІНДІКТЕРІ

Әрбір адам дүниеге келгеннен бастап белгілі бір құқықтарға, еркіндіктерге, міндеттемелерге ие болады. Адамның кейбір құқықтары дүниеге келісімен, ал кейбір құқықтары белгілі бір жасқа жеткенде пайда болады. Құқықтар, бостандықтар, міндеттер тізімі айтарлықтай кең. Кейбір құқықтарымыз бен мүмкіндіктеріміз бізге өмір бойы қажет болады. Ал кейбір құқықтарды адам тәжірибе жүзінде пайдаланбауы да мүмкін.

### Есте сақтаймыз!

**Адам құқығы** — жекетұлғаға тиісті мүмкіндіктер. Бұл мүмкіндіктер оның өміріне, азаматтық арнамысына, іс-әрекет еркіндігіне кепілдік береді. Адам құқығы — туа салысымен пайда болатын, болжалды жүріс-тұрыс өлшемі. Бұл — өмір сүру құқығы, еркіндігі мен жеке өміріне қолсұқпаушылық тәрізді табиғи және ажырамас құқықтар мен бостандықтар жиынтығы. Адам құқығы оның қай мемлекеттің азаматы екендігіне байланысты емес, ол туа салысымен пайда болады.

### Бүгінгі сабақта:

- конституциялық құқық, адам мен азаматтың құқықтары мен еркіндіктері туралы оқып-үйренеміз.

### Тірек сөздер

- конституциялық құқық және адам мен азаматтың құқықтары мен еркіндіктері
- конституциялық міндеттемелер
- Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясы
- адам құқықтарын шектеу

1948 жылы 10 желтоқсанда БҰҰ «Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясын» қабылдады. Декларация мәтіні барлық адамдар ие болған құқықтың алғашқы ғаламдық анықтамасы болып табылады. 30 баптан тұрады және БҰҰ-ның барлық мүшелеріне



БҰҰ Бас Ассамблеясы Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясын қабылдауда



міндетті болып есептеледі. Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясының мағынасын түсіну үшін оның мына тұстарына назар аудару қажет:

- Бұл — мемлекеттің демократиялығы мен ізгілігінің үлгісі.
- Бұл — түрлі мемлекеттердің Конституциясын құруға арналған үлгі.
- БҰҰ-ға мүше болған мемлекеттер оны адам құқықтарының өлшемі деп қабылдап, оған қосылды.
- Бұл — мемлекеттер ұмтылатын биік мұраттар.

Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясы нақты құжат болу үшін БҰҰ қосымша пактілер қабылдады. Олар — Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық Пакт және Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы Халықаралық Пакт. Бұл үш құжат *Адам құқықтары туралы Халықаралық Билль* деп аталады.

Сонымен қатар БҰҰ Адам құқықтары туралы Конвенциялар әзірледі. Олар: нәсілдік кемсітушілікті жою, әйелдерге қатысты кемсітушілікті жою, бала құқығы туралы және т.б.

Адам құқықтары екі негізгі принципке сүйенеді: теңдік пен еркіндік. Біздің құқығымыз бен еркіндігіміз адамның қадір-қасиетін мемлекеттен және басқа адамдардың шабуылынан қорғайтын бір қалқан секілді. Құқығы бұзылған кезде адам өзін қорғауды сұрамайды, мемлекет тарапынан қорғауды талап етеді.

Құқықтарының арқасында адам өзінің жекебасын, өзіндік ерекшелігін сақтайды. Адам құқықтары мен бостандықтары маңызды демократиялық құндылық болып табылады.

Қазақстан Республикасы Конституциясының II бөлімінде адам мен азаматтың құқықтары мен еркіндіктері көрсетілген. Ол 29 баптан тұрады, көптеген бөлігі нақты құқықтар мен бостандықтарға арналған. Олар жай ғана жиынтық емес, нақты жүйені құрайды.

### Есте сақтаймыз!

Адам құқығы концепциясы үш ережеден құрылған:

- әрбір билік шектеулі;
- әр адамның өз әлемі бар, оған ешкімнің араласуына болмайды;
- әр адам өз құқығын қорғау үшін мемлекетке жүгіне алады. Мемлекет адамның бостандығы мен құқығын қорғауға міндетті.

Адам құқықтары міндеттерімен тығыз байланысты.

**Адам міндеттері** — қажетті, дұрыс мінез-құлық шаралары. Бұл шаралар Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген, мемлекетпен және қоғаммен қамтамасыз етіледі.



**Назар аударыңдар!****Қазақстан Республикасы Конституциясының 27, 34–38-баптары:**

- Әркім Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.
- Әркім республиканың мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге міндетті.
- Заңды түрде белгіленген салықтарды, алымдарды және өзге де міндетті төлемдерді төлеу әркімнің борышы әрі міндеті болып табылады.
- Қазақстан Республикасын қорғау – оның әрбір азаматының қасиетті парызы және міндеті.
- Қазақстан Республикасының азаматтары тарихи және мәдени мұралардың сақталуына қамқорлық жасауға, тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғауға міндетті.
- Қазақстан Республикасының азаматтары табиғатты сақтауға және табиғат байлықтарына ұқыпты қарауға міндетті.
- Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу — ата-ананың етене құқығы әрі міндеті.
- Кәмелетке толған еңбекке қабілетті балалар еңбекке жарамсыз ата-аналарына қамқорлық жасауға міндетті.

Адам құқықтары адамның жеке және қоғамдық өмірін қорғайды және олар бір-бірімен өзара байланысты. Дегенмен адам құқығын жіктеу қажет. Бұндай жіктеу оларды жақсы тану үшін көмектеседі. Ең көп кездесетіні БҰҰ жіктеулері, мұнда адам құқығының келесі топтары атап көрсетілген: азаматтық (жеке); саяси; экономикалық, әлеуметтік, мәдени (6-сызбанұсқа).

6-сызбанұсқа



Азаматтық немесе жеке құқық адамның жеке өмірін қорғайды.

Оларға жататындар:

- өмір сүру құқығы (ҚР Конституциясының 15-бабы). Бұл — бөлінбейтін, ажырағысыз, өмірге келуі негізінде берілетін құқық;
- жекебасының бостандығы құқығы (ҚР Конституциясының 16-бабы). Бұл шектеусіз және мәжбүрлеусіз кез келген әрекетті жасау немесе одан бас тарту мүмкіндігі. Бас бостандығын шектеу немесе бас бостандығынан айыру — қамаққа алу немесе күзетте ұстау — заңда көзделген жағдайларда ғана және тек қана соттың санкциясымен іске асады. Тұтқындалған адамға шағымдану құқығы беріледі;



- адамның қадір-қасиетіне қолсұғылмаушылық (ҚР Конституциясының 17-бабы). Аталған құқық ешкімді азаптауға, оған зорлық-зомбылық жасауға, басқадай қатыгездік немесе адамдық қадір-қасиетін қорлайтындай жәбір көрсетуге не жазалауға болмайтынын білдіреді;
- әркімнің жеке өміріне қолсұғылмаушылық (ҚР Конституциясының 18-бабы). Тұлғаның басқа адамдармен қарым-қатынас жасаудың өзі қалаған нұсқасын таңдау және олармен тәуелсіз жағдайда қатынас орнату мүмкіндігі болуын білдіреді. Бұл құқық әркімнің өзінің жеке және отбасылық құпиясының, салымдары мен жинаған қаражатының, жазысқан хаттарының, телефон арқылы сөйлескен сөздерінің, пошта, телеграф арқылы және басқа жолдармен алынған хабарларының құпиялылығы сақталуына кепілдік береді;
- тұрғын үйге қолсұғылмаушылық (ҚР Конституциясының 25-бабы). Заңды тұрып жатқан тұлғаның рұқсатынсыз тұрғын үйге кіруге тыйым салынатынын білдіреді;
- еркін жүріп-тұру және тұрғылықты мекенді өз қалауынша таңдап алу құқығы (ҚР Конституциясының 21-бабы). Қазақстан Республикасы аумағында заңды түрде жүрген әрбір адам оның аумағында еркін жүріп-тұруға және тұрғылықты мекенді өз қалауынша таңдап алуға құқығы бар. Сонымен қатар әркімнің республикадан тыс жерлерге кетуіне және заң талаптарын орындаған жағдайда кедергісіз қайтып оралуына құқығы бар;
- ар-ождан бостандығына құқығы (ҚР Конституциясының 22-бабы). Бұл кез келген дінді еркін ұстану немесе ешқайсысын ұстанбаудың кепіл берілген мүмкіндігі;
- қай ұлтқа, қай партияға және қай дінге жататынын өзі анықтау және оны көрсету-көрсетпеу құқығы (ҚР Конституциясының 19-бабы). Өзінің қай ұлтқа, партияға, конфессияға жатқысы келетінін таңдау және жеке куәлігі мен қызметтік құжатына ұлтын көрсетуге тыйым салу мүмкіндігін білдіреді;
- сөз бен шығармашылық еркіндігі (ҚР Конституциясының 20-бабы). Адамның идеяларын, көзқарастарын, білімі мен ойларын еркін және тәуелсіз түрде білдіру құқығы. Әркімнің заң жүзінде тыйым салынбаған кез келген тәсілмен еркін ақпарат алуға және таратуға, іздеуге, таңдауға құқығы бар.

Саяси құқық пен бостандық мемлекет азаматтарына ғана тиесілі және оларға елдің қоғамдық және саяси өміріне қатысуға мүмкіндік береді.

Оларға жататындар:

- мемлекет ісін басқаруға қатысу құқығы (ҚР Конституциясының 33-бабы). Азаматтардың тікелей және өз өкілдері арқылы мемлекет ісін басқаруға қатысу, мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарына тікелей жүгіну құқығын білдіреді;
- Бейбіт митингілер мен жиналыстарға, демонстрациялар мен шерулерге қатысу құқығы (ҚР Конституциясының 32-бабы). Азаматтардың өз еркін білдіру түрін таңдау мүмкіндігін білдіреді;
- Азаматтардың бірлесу бостандығына құқығы (ҚР Конституциясының 23-бабы). Азаматтардың өз қызығушылықтарына сәйкес жалпы мақсатқа жету үшін еркін түрде бірлестіктер құруға құқығы бар.



Экономикалық құқық пен бостандық адамның экономикалық саладағы заңды мүмкіндіктерін анықтайды.

Оларға жататындар:

- еңбек ету бостандығы (ҚР Конституциясының 24-бабы). Әрбір адам еңбекке деген өз мүмкіндіктерін еркін пайдалана алады. Әркімнің:
  - ✓ қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдауға;
  - ✓ ешқандай еңбек түрімен айналыспауға құқығы бар;
- жекеменшік құқығы (ҚР Конституциясының 26-бабы). Әркім заңды түрде алған қандай да болсын мүлкін жекеменшігінде ұстап, пайдалана алады;
- мұрагерлік құқығы (ҚР Конституциясының 26-бабы). Қайтыс болған адамның (мұра қалдырушының) құқығы мен міндеттемелерінің жекетұлғаға (мұрагерге) ету мүмкіндігін білдіреді;
- кәсіпкерлік қызмет еркіндігі (ҚР Конституциясының 26-бабы). Азаматтар мен олардың бірлестігінің пайда табу мақсатында, өз жауапкершілігімен әрекет ету мүмкіндігін білдіреді.

Әлеуметтік құқық — белгілі бір материалдық немесе материалдық емес игіліктерді мемлекеттен алуға ұмтылу мүмкіндігі.

Оларға жататындар:

- тынығу құқығы (ҚР Конституциясының 24-бабы). Тұлғаға еңбек міндеттемесін орындаудан бос уақыт беру мүмкіндігін білдіреді;
- ана мен әкені және баланы қорғау құқығы (ҚР Конституциясының 27-бабы). Некені, отбасын, ана мен әкені, баланы мемлекеттік қорғауға алу Конституциямен бекітілген. Балаларға қамқорлық жасау, оларды тәрбиелеу ата-аналардың табиғи құқығы мен міндеттемесі болып саналады. Сонымен бірге Қазақстан Республикасының Конституциясы кәмелетке толған еңбекке жарамды балалардың еңбекке жарамсыз ата-анасына қамқорлық жасауын да қарастырады;
- әлеуметтік қамсыздандыру құқығы (ҚР Конституциясының 28-бабы). Азаматтар жасы келген, науқастанған, мүгедек болған, асыраушысынан айырылған жағдайда және өзге де заңды негіздерде зейнетақы мен әлеуметтік жәрдемақы түріндегі материалдық көмек алу мүмкіндігін білдіреді;
- денсаулық сақтау мен медициналық көмек алу құқығы (ҚР Конституциясының 29-бабы). Азаматтың өз денсаулығын сақтау және нығайту мақсатында тиісті орындардан қажетті көмек алу мүмкіндігін білдіреді;
- білім алу құқығы (ҚР Конституциясының 30-бабы). Азаматтың мемлекеттік оқу орнында тегін орта білім алуға және байқау негізінде мемлекеттік жоғарғы оқу орнында тегін жоғары білім алуға құқығы бар.

Адамның мәдени құқығы — адамның мәдени және ғылыми салада әрекет жасау мүмкіндігі. Адамның мәдени құқығы тұлғаның рухани дамуын қамтамасыз етеді.

Оларға жататындар:

- мәдени тұрмыс құқығы (ана тілін, ұлттық дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын, мәдениетін пайдалану);
- қарым-қатынас тілін еркін таңдау құқығы;



- жақсы тәрбие, білім алу құқығы;
- мәдени құндылықтарға қолжетімділік, мәдени өмірге қатысу құқығы;
- шығармашылық еркіндігі, ғылыми прогресс нәтижелерін қолдану құқығы.

### Есте сақтаймыз!

Әр адам өз елінің заңында және Конституцияда көрсетілген құқықтар мен бостандықтарды пайдалануы және өз міндеттерін орындауы қажет.

Адам құқықтарын шектеу туралы сұрақ өте маңызды. Адам құқығын шектеу — адам бостандығының шегі, мінез-құлқының шегарасы. Шектеулер нақты мақсатта белгіленеді. ҚР Конституциясының 39-бабында шектеулердің қандай жағдайларда қолданылатыны көрсетілген.

### Есте сақтаймыз!

Шектеулер:

- конституциялық құрылымды қорғау;
- қоғамдық тәртіпті қорғау;
- адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғау;
- халықтың имандылығы мен денсаулығын сақтау мақсатында енгізіледі.

Адам құқығын шектеудің барлық түрі заңда көрсетілуі керек. Бұл шектеулер туралы әр адам білуі тиіс.

Осылайша құқық, бостандық, адам мен азаматтың міндеттері Конституцияда бекітіледі және мемлекет пен қоғам үшін жоғары құндылық деп танылады. Қазақстанда тұратын әр адам басқа адамдардың еркіндіктері мен құқықтарын сыйлауы және бұзбауы тиіс. Азаматтың бостандығы мен құқығы бұзылған жағдайда заңды шаралар қолданылуы мүмкін. Олар арнайы құқық қорғау органдарына жүктелген.

### Глоссарий

**Адам мен азаматтың конституциялық (негізгі) құқықтары мен бостандықтары** — жекетілгеннің мүмкін болатын жүріс-тұрыс өлшемі. Бұл құқықтар адам өмірге келгеннен бастап немесе азаматтығы нәтижесінде пайда болады. Мемлекет қорғайды, негізгі заң — Конституцияда бекітілген.

**Конституциялық міндеттері** — азаматтардың ҚР Конституциясында бекітілген қоғамдық қажетті мінез-құлықтары.

**Адам құқығы туралы халықаралық Билль** — адам құқығы туралы үш құжат: Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясы, Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық Пакті және Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы Халықаралық Пакті.

**Адам құқығының шектелуі** — адамның бостандығының шегі, мінез-құлқының шегарасы. Шектеулер нақты мақсатта белгіленеді.



**Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары**

1. Адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтары деген не?
2. Қандай халықаралық құжатта адам құқығы туралы жазылған?
3. Конституцияда адам мен азаматтың міндеттерін бекіту не үшін қажет деп ойлайсыңдар? Міндеттемелердің маңыздылығы неде?

**1-деңгейлі тапсырма.** ҚР Конституциясына сүйене отырып (10—39 бап) 6-кестені толтырыңдар.

6-кесте

**Қазақстан Республикасы азаматтарының құқығы мен бостандығы**

Азаматтық (жеке)	Саяси	Әлеуметтік-экономикалық, мәдени

**2-деңгейлі тапсырма.** Жағдаятты талдаңдар

Мұғалім А. деген оқушыға сабақ кезінде ұялы телефон қолданғаны үшін ескерту жасады. Ал оқушы мұғалімнің ескертуіне құлақ аспай, телефоннан бейнефильм көруін жалғастыра берді. Сол кезде мұғалім оқушыға дауыс көтеріп, телефонын өткізуді үзілді-кесілді талап етті. Оқушы телефон өзінің меншігі екенін айтып, қарсылық білдірді. Жанжал туындады, мұғалім ашуланып, телефонды күшпен алып алды. Үйіне келген оқушы мұғалімнің өзіне дауыс көтергенін, телефонын алып алғанын айтып, ата-анасына шағымданды. Ата-анасы мектеп директорына мұғалімнің үстінен арыз айтты. Мұғалім де өз кезегінде оқушының тәртіпсіздігі мен мектепте өзін ұстау ережесін бұзғанын алға тартты.

Оқушы қандай ережелерді бұзды? Мұғалім тарапынан қателік болды ма? Жанжал тумау үшін оқиға кейіпкерлері не істеу керек еді? Бұл жағдайда мұғалім мен оқушыға қандай ақыл айтар едіңдер?

Естеріңде болсын, сабақ кезінде оқушыларға ұялы байланыс құралдарын, плеерлерді, электронды ойын құрылғыларын пайдалануға рұқсат етілмейді. Бұл құрылғылардың барлығы өшірілген күйде портфельде болуы керек.

**Сынып жұмысы.** 7-кестеде берілген сұрақтар мен жауаптарды талқылаңдар.

7-кесте

**Мектептегі құқықтар мен міндеттер. Мектептегі өзара қарым-қатынас**

Сұрақтар	Жауаптар
1	2
Сынып жетекшісі немесе мұғалім оқушының жеке өміріне араласа ала ма?	Жоқ. Жеке өмір — адамның басты құқығы және ол Конституцияда бекітілген. Әр азамат жеке өміріне қолсұғылмаушылыққа (жеке және отбасылық құпияларын, құпия хат-хабарын, телефон арқылы сөйлескен сөздерін жарияламауға, достық қарым-қатынасқа, ұнату және ұнатпауға, құштарлыққа, қызығушылыққа) құқылы. Мұғалім оқушының жеке өміріне араласпауы керек.

1	2
Оқушы сабақта болмағаны үшін оған қанағаттанарлықсыз баға қоюға мұғалімнің құқығы бар ма?	Бағалау — білім деңгейінің пән бойынша көрсеткіші. Сондықтан мұғалім оқушы сабақта болмағаны үшін оған қанағаттанарлықсыз баға қоя алмайды.
Оқушының мектепте істеген қылығы туралы мұғалім оның ата-анасына хабарлауы керек пе?	Оқушылардың ата-аналары балаларын тәрбиелеуге жауапты. Олар баланың денсаулығына, физикалық, психикалық, адамгершілік және рухани дамуына жауапты. Оқушының мектепте істеген қылығы туралы мұғалім оның ата-анасына хабарлауы тиіс.
Балаларды еңбекке тарту — олардың еңбегін пайдалану ма?	Мәжбүрлі еңбекке тыйым салынған. Олар сабақтан тыс кезде, ерікті түрде еңбекке тартылулары тиіс.
Кәмелетке толмаған жасөспірім қанша жастан бастап еңбек ете алады?	16 жастан бастап.
Мектеп баланы бүлінген мектеп мүлкі үшін ақы төлеуге мәжбүрлей ала ма?	Бүлінген мектеп мүлкін өздігінен, ақысыз түрде орнына келтіре алатын болса, мектеп баланы мәжбүрлей алады. Ал құнды зат бүлінсе, оқушының ата-анасына жүгінеді. Бұл туралы мектеп жарғысында нақты жазылуы тиіс.
Қатыспаған сабақтары үшін баланы арнайы мектепке жіберуге бола ма?	Біздің елде қалыптан тыс мінезі бар (кәдімгі мінез-құлықтан ауытқыған) оқушыларға арналған арнайы мектептер бар. Бұндай мектептер — жабық мектептер. Мұнда кәмелетке толмағандар соттың шешімімен жіберіледі. Мектепке барудан бас тарту қалыптан тыс мінез-құлыққа жатады.
Оқушының сабаққа қатыспауына болатын себептерді атаңдар.	Ауырып қалуы.
Оқушы сабаққа себепсіз қатыспаса не істеу керек?	Сабаққа себепсіз 10 және одан да көп күн қатыспаса, оқушы ювеналды полицияға тіркеуге алынады. Ал ата-анасы әкімшілік жазаға тартылуы мүмкін.
Оқушы сабаққа кешіксе не істеу керек?	Мүмкіндігінше сабаққа қатысуға рұқсат алуға талпыну керек. Күнделігіңе ескерту жазу үшін мұғалім кешігуіңнің себебін сұрауға құқылы. Ешкім сөзін бөлгенді ұнатпайды. Сабаққа кешігіп келу сабақтың логикалық құрылымын бұзады, бұл өз кезегінде басқа оқушылардың да оқу материалын меңгере алмауына әкеліп соғады.
Мұғалім тәртіпсіздік үшін нашар баға қойса, не істеу керек?	Тәртібі үшін журналға баға қоюға болмайды.
Азаматтығы жоқ тұлғалардың немесе шетелдіктердің	Біздің мемлекеттің аумағында тұратын барлық балалар мектепте оқуға құқылы.



1	2
балаларының Қазақстан мектептерінде оқуға құқықтары бар ма?	
Мектеп формасын кию міндетті ме?	Мектеп жарғысы бойынша мектеп формасын кию керек болса, оқушы оны орындауы керек.
Ұрлық болған жағдайда мектеп әкімшілігінің оқушыларды тінтуге құқығы бар ма?	Жоқ.
Егер оқушы/мұғалім былапыт сөз айтса, жазалауға бола ма?	<p>Адамды қорлап, балағаттағаны үшін оқушы немесе оның ата-анасы әкімшілік жауаптылыққа тартылады. Мұндай істер Әкімшілік құқықбұзушылық туралы ҚР Кодексімен реттеледі.</p> <p><b>434-бап.</b> Ұсақ бұзақылық. Ұсақ бұзақылық, яғни қоғамдық орындарда былапыт сөйлеу, жекетұлғаларға тиісу, тұрғын үй-жайларға нұқсан келтіру, ортақ пайдалану орындарын, саябақтарды, скверлерді ластау, оның ішінде белгіленбеген орындарға коммуналдық қалдықтарды тастау және айналасындағыларға сыйламаушылық білдіретін, қоғамдық тәртіпті және жекетұлғалардың тыныштығын бұзатын басқа да осындай әрекеттер — бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не он тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға әкеп соғады.</p> <p><b>435-бап.</b> Кәмелетке толмаған адам жасаған бұзақылық. Он төрттен он алты жасқа дейінгі кәмелетке толмаған адам жасаған ұсақ бұзақылық — ата-анасына немесе оларды алмастыратын адамдарға жеті айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.</p>
Мектепте бопсалаушылық орын алса, не істеуге болады?	Ішкі істер органдарына хабарласу керек.
Оқушыларды сабақ кезінде жергілікті сенбіліктерге тартуға бола ма?	Сенбілік — әлеуметтік-пайдалы ақысыз еңбек. Еріктілік принципі міндетті критерий болып табылады. Сенбілік сабақтан тыс уақытта және ата-ана мен баланың келісімімен өтуі керек.
Сабақ үстінде орындалмаған тапсырма үшін мұғалім бүкіл сыныптың алдында баланың арнамысына тиетін сөздер айтады.	Бұл жағдайда мектеп әкімшілігіне жүгіну керек.
Мұғаліммен кикілжің туындаса не істеу керек?	Келесі ережелерді орындауға тырысындар. Сабырлы бол. Дәрекілікке жол берме. Өзіңе құрметпен қара! Өз қатеңді мойындай біл және

1	2
	кінәнді басқаларға артпа. Мұғаліммен болған кикілжің туралы ата-анаңа, басқа мұғалімдерге, өзің сенетін адамдарға міндетті түрде айт. Болмаса психологпен бөліс.
Оқушыға мектептегі оқу қиындық туғызып жүр. Не істеуге болады?	Мектепте алған білімің болашақта саған қажет болады. Егер сен оқуыңды жалғастырғың келсе, үй салғың келсе, саған білім қажет. Кейде мұғалімді тыңдап немесе үй тапсырмасын орындап отырып: «Маған бұның керегі не?» деп ойланасың. Бірақ уақыт өте келе бұл білімнің керек екенін түсінесің. Мектеп жылдарын қуанышпен еске алған дұрыс. Біз бәріміз әртүрліміз және әр адамның өзінің ерекшеліктері болады. Ең бастысы — өзіңе сену!
Оқушының мектептегі құқықтары.	<p><b>Оқушының мектептегі құқықтары:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) сапалы білім алу;</li> <li>2) қосымша білім алу;</li> <li>3) білім беру ұйымдарын басқаруға қатысу;</li> <li>4) ақпараттық ресурстарды тегін пайдалану, оқулықтармен қамтамасыз етілу;</li> <li>5) спорттық, оқу, акт залдарын, компьютер сыныптарын, кітапхананы тегін пайдалану;</li> <li>6) өз ойын еркін айту;</li> <li>7) өзінің адамдық абыройын сыйлау;</li> <li>8) оқудағы, ғылыми және шығармашылық жетістігі үшін марапатталу және сыйақы алу.</li> </ol>
Оқушының мектептегі міндеттері	<p><b>Оқушылардың міндеттері:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>— сапалы білім алу, өзінің білім, білік дағдыларын кеңейту;</li> <li>— мектептің ішкі тәртібін сақтау;</li> <li>— өзінің денсаулығы мен қауіпсіздігін сақтау;</li> <li>— мектеп формасын міндетті түрде кию;</li> <li>— мектеп қызметкерлері, мұғалімдер мен басқа да оқушылардың абыройы мен ар-намысын сыйлау.</li> </ul>
Мұғалімнің оқушы алдында қандай міндеттері бар?	<p><b>Мұғалім міндеттері:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) өзінің кәсіптік құзіреті саласында тиісті теориялық және практикалық білімді және оқыту әдістерін меңгеру;</li> <li>2) білім алушыларды жоғары имандылыққа, ата-аналарын сыйлауға, этно-мәдени құндылықтарға құрмет көрсетуге, қоршаған дүниеге ұқыпты қарауға тәрбиелеу;</li> <li>3) білім алушылардың өмірлік дағдыларын, құзіреттіліктерін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамыту;</li> <li>4) кәсіби қызметіне арналған жағдаймен қамтамасыз етіле отырып, педагогтік қызметпен айналысу;</li> <li>5) педагогтік әдеп қағидаларын сақтау;</li> </ol>



Жалғасы

1	2
	б) білім алушылардың, тәрбиеленушілер мен олардың ата-аналарының немесе өзге де заңды өкілдерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеу.
Мектепте оқушылардың денсаулығы қалай қорғалады?	Мектепте денсаулықты нығайтуға, аурудың алдын алуға, салауатты өмір салтын сақтауға жағдай жасалуы керек. Мектепте медициналық қызмет көрсету мен тамақтану ұйымдастырылуы керек. Сабақ жүктемесі санитарлық нормаларға сай болуы қажет.
Оқушыны мектептен қандай жағдайларда шығарады?	Мектептен шығару ең соңғы шара болу керек. Мектеп жарғысын өрескел бұзғаны үшін оқушы мектептен шығарылады.
Кәмелетке толмағандарға 23.00-ден кейін серуендеуге бола ма?	Кәмелетке толмағандарға түнгі 23.00-ден таңғы 06.00-ге дейін үлкен адамдарсыз қоғамдық орындарға баруға болмайды.
Мектепке ұялы телефон алып баруға бола ма және сабақ кезінде мұғалім оны алып алса, ол құқықбұзушылық болып табыла ма?	Сабақ кезінде ұялы телефон пайдалануға болмайды. Мұғалімнің телефонды алып алуы — құқықбұзушылық емес, оқушыларды ішкі тәртіпті сақтауға үйрету шарасы. Сабақ аяқталған соң мұғалім телефонды оқушыға қайтарып беруі керек.

2-деңгейлі тапсырма. 8-кестені толтырыңдар.

8-кесте

## Оқушының мектептегі міндеттері мен құқықтары

Сұрақтар	Жауаптар
Оқушының мектептегі құқықтары қандай?	
Оқушының мектептегі міндеттері қандай?	
Мұғалімнің оқушы алдында қандай міндеттері бар?	
Мектепте оқушылардың денсаулығы қалай қорғалады?	
Оқушыны мектептен қандай жағдайларда шығарады?	
Оқушының құқығын қандай жағдайларда шектеуге болады? Бұл қалай жасалады?	
Басқалардың затын иемденіп алған оқушыларға қандай жауапкершілік шараларын қолдануға болады?	
Оқушылар ұялы байланыс құралдарын, плеерлерді, электронды ойын құрылғыларын сабақ кезінде қолдана ала ма?	
Оқушылардың құқықтары мен міндеттері қандай актілермен реттеледі?	

**Рефлексия.** Аталған тақырыпты қаншалықты меңгергендеріңді 1 мен 10-ның аралығында белгілеңдер. Қандай сұрақтарыңның жауабы табылмады?

## § 6. МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ЖҮЙЕСІ

### Бүгінгі сабақта:

- мемлекеттік органдардың функцияларын қарастырамыз.

Мемлекеттік билік органдары біртұтас жүйені құрайды. Олар қазіргі замандағы әрбір мемлекеттің бөлінбес бір бөлігі және мемлекеттік басқарудың негізі болып табылады.

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес, Қазақстан Республикасы — президенттік басқару түріндегі унитарлы мемлекет. Республикада мемлекеттік билік біртұтас, ол үш тармаққа бөлінеді: *атқарушы*, *заң шығарушы* және *сот билігі*.

### Қазақстан Республикасының Президенті

Мемлекеттік органдар жүйесін Қазақстан Республикасының Президенті басқарады. Ол біртұтас биліктің бөлінуі және тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесінде ерекше орын алады. Президентті бүкіл халық сайлайды, ол жалпыұлттық мүдденің көрінісі болып табылады. Президент тәуелсіздіктің, аумақтық тұтастықтың және ел қауіпсіздігінің кепілі, Конституцияның сақталуын және мемлекеттік билік тармақтарының келісіп жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

ҚР Президенті бес жылға сайланады. Қазақстан Республикасы Конституциясына және «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» ҚР Конституциялық заңына сәйкес, ҚР Президенттігіне кандидаттарға бірқатар талаптар қойылады (7-сызбанұсқа).



Қазақстан Республикасының Президенті  
Қ.Тоқаев

1990 жылы 24 сәуірде Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті болып Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев сайланды. 2019 жылы 19 наурызда Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті — Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің халыққа арнаған үндеуінде Қазақстан Республикасының Президенті ретіндегі өкілеттігін тоқтататындығы жөніндегі шешімін жариялады. Мемлекет басшысы қызметін одан әрі жалғастыру мәселесі Конституция бойынша шешілді. Қазақстан Республикасы Конституциясының 48-бабына сәйкес, мемлекетті басқару міндеті президенттік сайлау өткенге дейін Пар-





ламент Сенатының төрағасы Қ.Тоқаевқа жүктелді. 2019 жылдың 21 наурызында Қасым-Жомарт Тоқаев ант қабылдап, Қазақстан Республикасының Президенті қызметіне кірісті. 2019 жылғы 23 наурыздағы Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаевтың №6 Жарлығымен Астана қаласының атауы Нұр-Сұлтан болып өзгертілді.

2019 жылы 9 маусымда өткен кезектен тыс сайлауда басым дауыс жинаған Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Республикасының Президенті болып сайланды.

### Қазақстан Республикасының Парламенті

Қазақстан Республикасының Парламенті — Қазақстан Республикасының заң шығару функциясын жүзеге асыратын Республиканың ең жоғарғы өкілетті органы. Қазақстан Республикасы Парламентінің құқықтық мәртебесі Конституцияның IV бөлімінде бекітілген (49–63-бб.) Парламент тұрақты негізде жұмыс істейтін екі палатадан — жоғарғы палата — Сенат және төменгі палата — Мәжілістен тұрады.

Сенат Конституциялық заңда белгіленген тәртіппен әр облыстан, республикалық маңызы бар қаладан және Қазақстан Республикасының астанасынан екі адамнан өкілеттік ететін депутаттардан құралады. Қоғамның ұлттық-мәдени және басқа да маңызды мүдделерінің Сенатта қаралуы қажеттігін есепке ала отырып, Сенаттың 15 депутатын Президент сайлайды. Сенат депутаттарын сайлау жанама сайлау негізінде жасырын дауыс беру арқылы іске асады. Сайланған


#### Тірек сөздер

- ҚР Президенті
- ҚР Парламенті
- ҚР Үкіметі
- жергілікті басқару және өзін-өзі басқару органдары

депутаттардың жартысы әр үш жыл сайын қайта сайланады. Сенат депутаттарының өкілеттік мерзімі — 6 жыл (8-сызбанұсқа).

Мәжіліс Конституцияда белгіленген тәртіппен сайланған 107 депутаттан тұрады. Мәжілістің 98 депутатын сайлау жалпы, тең дәрежедегі, тура сайлау негізінде жасырын дауыс беру арқылы іске асады. Мәжілістің 9 депутатын Қазақстан халқының Ассамблеясы сайлайды. Мәжіліс депутаттарының өкілеттік мерзімі — 5 жыл.

8-сызбанұсқа



### Қазақстан Республикасының Үкіметі

Үкімет атқарушы билікті жүзеге асырады. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құқықтық мәртебесі Қазақстан Республикасы Конституциясының V бөлімінде бекітілген (64–70-бб.). Үкімет алқалы орган болып табылады және өзінің қызметінде Республика Президентінің алдында жауапты. Конституцияда қарастырылған жағдайларда, Парламент Мәжілісі мен Парламент алдында жауапты. Үкіметті Конституцияда көзделген тәртіп бойынша Қазақстан Республикасының Президенті құрады және оны Премьер-Министр басқарады. Үкіметтің құрамына министрлер басқаратын 17 салалық министрлік кіреді. Сонымен қатар екі агенттік бар.

### Қазақстан Республикасындағы сот билігі

Заңмен құрылған Республиканың Жоғарғы соты, республиканың жергілікті және басқа соттар жүйесі сот билігін жүзеге асырады. Қазақстан Республикасы соттарының құқықтық мәртебесі Қазақ-





Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сот ғимараты,  
Нұр-Сұлтан қаласы

стан Республикасы Конституциясының VII бөлімінде бекітілген (75–82-бб.).


Жергілікті соттарға жататындар:

1) облыстық және оған теңестірілген соттар (Республика астанасының қалалық соты, республикалық маңызы бар қалалардың қалалық соттары);

2) аудандық және оған теңестірілген соттар (қалалық сот, аудандарлық сот).

Қазақстан Республикасында басқа да соттардың, оның ішінде мамандандырылған соттардың (әскери, қаржылық, экономикалық, әкімшілік, кәмелетке толмағандардың істері бойынша және т.б.) құрылуына болады.

Сот билігі сотта іс жүргізудің азаматтық, қылмыстық және заңмен белгіленген өзге де формалары арқылы жүзеге асырылады. Сот билігі Қазақстан Республикасының атынан жүзеге асырылады және өзіне азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғауды, Республика Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік-құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз етуді мақсат етіп қояды. Осылайша, Қазақстан Республикасында сот билігін тек қана сот жүзеге асырады (9-сызбанұсқа).



### **Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік және өзін-өзі басқаруы**

Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару Қазақстан Республикасы Конституциясының VIII бөлімінде (85–89-бб.) бекітілген. Жергілікті мемлекеттік басқаруды тиісті аумақтағы істің жай-күйіне жауапты жергілікті өкілетті және атқарушы органдар жүзеге асырады.

Жергілікті өкілетті органдар — *мәслихаттар* — тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністегі халықтың еркін білдіреді және жалпы мемлекеттік мүдделерді ескере отырып, оны іске асыруға қажетті шараларды белгілейді, олардың жүзеге асырылуын бақылайды.

Жергілікті атқарушы органдар — *әкімдер* — Қазақстан Республикасының атқарушы органдарының бірыңғай жүйесіне кіреді. Тиісті аумақтың мүддесі мен даму қажеттілігін ұштастыра отырып, атқарушы биліктің жалпы мемлекеттік саясатын жүргізуді қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасында жергілікті маңызы бар мәселелерді тұрғын халықтың өзі шешуін қамтамасыз ететін *жергілікті өзін-өзі басқару* жүйесі бар. Жергілікті өзін-өзі басқаруды тұрғын халық тікелей жүзеге асырады. Сондай-ақ ол мәслихаттар және халық топтары жинақы тұратын аумақтарды қамтитын жергілікті қоғамдастықтардағы басқа да жергілікті өзін-өзі басқару органдары арқылы жүзеге асырылады.

Осылайша, барлық мемлекеттік органдар бір-бірімен өзара әрекеттесіп, елдің Конституциясы мен заңдары негізінде жұмыс істеуі тиіс (10-сызбанұсқа).



**Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының  
Конституциялық жүйесі**



### Глоссарий

**Мемлекеттік билік органдарының жүйесі** — заңшығарушы, атқарушы және сот билігінің жоғарғы және жергілікті органдарының жиынтығы.

**Қазақстан Республикасының Президенті** — мемлекеттің басшысы, мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын айқындайтын, ел ішінде және халықаралық қатынастарда Қазақстанның атынан өкілеттік ететін ең жоғары лауазымды тұлға.

**Қазақстан Республикасы Парламенті** — жоғарғы өкілетті және заңшығарушы орган. Парламент екі палатадан: жоғарғы палата — Сенат және төменгі палата — Мәжілістен тұрады.

**Қазақстан Республикасының Үкіметі** атқарушы билікті жүзеге асырады, Қазақстан Республикасының атқарушы органдарының жүйесін басқарады және олардың қызметіне басшылық жасайды.

**Сот билігі** — Жоғарғы сот басқаратын әділет жүйесі.

**Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару** — тиісті аумақтағы істердің жағдайына жауапты жергілікті өкілетті және атқарушы органдар: мәслихаттар, әкімдер, жергілікті өзін-өзі басқару органдары.

### Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары

1. Мемлекеттік органдар жүйесіндегі ҚР Президентінің орнын анықтаңдар. Мемлекет басшысының ерекше рөлі немен байланысты? Қазақстан тарихынан алған білімдеріңді пайдаланыңдар.
  2. Қазақстан Республикасы Парламентінің қызметін анықтаңдар. Қазақстан Республикасының Парламенті не себептен екі Палатаға — Сенат пен Мәжіліске бөлінетіні туралы ойланыңдар.
  3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің қандай өкілеттіктері бар?
  4. Жергілікті әкім қандай өкілеттілікті жүзеге асырады? «Егер мен Премьер-министр (әкім, министр) болсам...» тақырыбына эссе жазыңдар. Эсседе ең бірінші қандай сұрақты шешер едің?
  5. Соттар қандай қызмет атқарады? Қазақстан Республикасының сот жүйесі қандай? Сотсыз мемлекет бола ма? Осы тақырыпқа пікірталас өткізіндер.
- 1-деңгейлі тапсырма.** Қазақстан Республикасының Конституциясын пайдалана отырып, келесі кестені толтырыңдар.

10-кесте

Мемлекеттік билік органдары	ҚР Конституциясы бойынша атқаратын қызметі
ҚР Президенті (44-б.)	
ҚР Парламенті (53–57-66.)	
ҚР Үкіметі (66-б.)	
ҚР Сот жүйесі (75–82-66)	

**Рефлексия.** Аталған тақырыпты қаншалықты меңгергендеріңді 1 мен 10-ның аралығында белгілеңдер. Қандай сұрақтарыңның жауабы табылмады?

## § 7. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ САЙЛАУ ЖҮЙЕСІ

### Бүгінгі сабақта:

- Қазақстан Республикасының сайлау жүйесін оқып-үйренеміз;
- мемлекеттік билікті қалыптастырудағы сайлаудың рөлі мен маңызын анықтаймыз.

«Сайлау құқығы» ұғымы. Лауазымды тұлғаларды, мемлекеттік билік органдарын, сонымен қатар тұрғындарды өзін-өзі басқару органдарына азаматтардың тікелей дауыс беру арқылы сайлауы — құқықтық демократиялық мемлекеттің маңызды белгісі. Өркеніетті қоғам сайлаусыз болмайды. Сайлауға қатысу 18 жастан бастап ерікті түрде іске асады. Сот арқылы әрекетке қабілетсіз деп танылған,

сонымен қатар сот шешімі бойынша бас бостандығынан айыру орындарында отырған азаматтар сайлауға қатыса алмайды.

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес халық билікті тікелей республикалық референдум арқылы және еркін



сайлау арқылы жүзеге асырады, сондай-ақ өз билігін жүзеге асыруды мемлекеттік органдарға тапсырады. Республикадағы сайлау азаматтардың мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарын сайлауға және оларға сайлануға құқысы негізінде жүргізіледі. Конституцияда және 1995 жылы 28 қыркүйекте қабылданған «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңда сайлау жүйесі мен сайлау құқығы қағидаттары бекітілген (11-сызбанұсқа).

### Тірек сөздер

- сайлау
- сайлау жүйесі
- сайлау құқығы
- сайлау комиссиясы

11-сызбанұсқа

**Сайлау құқығы** — сайлау кезінде туындайтын қоғамдық қатынастарды реттеп отыратын конституциялық-құқықтық нормалар жынтығы.

**Сайлау құқығы** — азаматтардың саяси құқықтарының бірі. Белсенді және пассивті (енжар) сайлау құқығын ажырата білген жөн.

*Белсенді сайлау құқығы* — Қазақстан Республикасы азаматтарының сайлауға, анықтап айтқанда, Президент сайлауына, Мәслихат және Мәжіліске депутаттар сайлауға және жергілікті өзін-өзі басқару органдарын сайлауға қатысуға құқығы екенін білдіреді.

*Пассивті (енжар) сайлау құқығы* — ҚР азаматтарының Конституцияда және Конституциялық заңда бекітілген сайлау туралы шектеулерді сақтай отырып, аталған органдарға сайлану құқығы (мысалы, бір адам бір мезгілде Президент және Парламент депутаты бола алмайды; Сенат депутаты бір мезгілде Мәжіліс депутаты; аудандық Мәслихат депутаты бір мезгілде облыстық Мәслихат депутаты бола алмайды).

### БҰЛ ҚИЗЫҚ!

Сайлауды кім ойлап тапты? Тарихта сайлаудың түрі көп болған. Алдымен рулық жүйе бойынша ақсақалдар мен әскербасыларын сайлап алады. Сайлау халық жиналысында өтеді. Сайлауға барлық азаматтар қатысады. Келесі сайлау сатысында шектеулер болды. Сайлауға тек ақсүйектер мен бай адамдар қатысты, кедей адамдар, әйелдер мен құлдар шеттетілді. Феодализм кезінде сайлауға тек жер иелері қатысты.

Жаңа заманда сайлауға мемлекеттің барлық азаматтары қатыстырылды. Бірақ мүліктік меншігіне, жасына, біліміне, жынысына және т.б. қатысты шектеулер енгізілген болатын. Мысалы, әйелдер тек 1908 жылы ғана сайлау құқығына ие болды.

Қазақстан Республикасы азаматтары сайлауға жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы қатыса алады.



**Назар аударыңдар!**

- Президент сайлауы, Мәжіліс және мәслихат депутаттарын, жергілікті өзін-өзі басқару органдарын сайлау жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы жүргізіледі.
- Сенат депутаттары жанама сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы сайланады (оларды сайлаушылар емес, мәслихат депутаттары сайлайды).

Жалпыға бірдей сайлау құқығы Қазақстан Республикасы азаматтарының шығу тегіне, әлеуметтік лауазымы мен мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, діни қатынастарына, наным-сеніміне немесе басқа да жағдайларына қарамастан сайлауға қатыса алатынын білдіреді.

Қазақстан Республикасында сайлау теңдік жағдайында өтеді. Бұл сайлаушылардың сайлауға теңдей негізде қатысып, әрқайсысы тиісінше бір дауысқа ие болатынын білдіреді. Республикадағы сайлауда дауыс беру жасырын түрде жүргізіледі. Бұл дауыс берушілердің таңдауына еш бақылау болмауы керектігін білдіреді. Осы мақсаттарға сәйкес дауыс беру бюллетенін жабық кабина ішінде толтыру қарастырылған.

**«Сайлау жүйесі» ұғымы.** Сайлау жүйесі мен сайлау құқығы бір-бірімен өзара тығыз байланысты. Қазақстан Республикасындағы сайлау жүйесіне Конституция және Конституциялық актілерде қарастырылған Президентті, Парламент пен Мәслихат депутаттарын, жергілікті өзін-өзі басқару органдарын сайлау тәртібі кіреді.

Тар мағынадағы *сайлау жүйесі* дегеніміз — дауыс беру нәтижесіне байланысты кандидаттар арасында мандат үлестіру деген сөз.

Сайлау жүйесінің *мажоритарлы, пропорционалды (шамалас)* және *аралас мажоритарлы-пропорционалды* деген үш негізгі түрі бар.

**Назар аударыңдар!**

Мажоритарлы жүйеде көпшілік дауысқа ие болған адам сайланған болып есептеледі. Бұл жүйенің ережелері қарапайым және түсінікті. Ол ұсақ партияларды, көпшіліктің арасында беделі төмен көшбасшыларды, депутаттарды және т.б. билік органдарынан ығыстыруға ықпал етеді.

Қазіргі заманда әлемнің 60-тан астам елдерінде пропорционалды жүйе қолданылады. Ол көпмандатты сайлау округтерінде пайдаланылады. Саяси плюрализмнің дамуына жағдай туғызады және түрлі партиялардың Парламенттегі өкілдігін қамтамасыз етеді.

Мажоритарлы-пропорционалды жүйе екеуінің де жағымды жақтарын қамтиды. Мұндай жағдайда депутаттық мандаттардың бір бөлігі мажоритарлы, ал екіншісі пропорционалды жүйенің ережелеріне сәйкес беріледі.



Қазақстанда сайлау жүйесінің екі түрі де қолданылады: пропорционалды сайлау жүйесі, қатыстық және абсолютті көпшіліктің мажоритарлы жүйесі. Егер дауыс беруге сайлаушылардың 50 пайызы қатысқан болса, сайлау өтті деп саналады. Дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың 50%-нан астамы дауыс берген жағдайда ғана кандидат сайланды деп есептеледі.

Республикада сайлауды бір жүйені құрайтын сайлау комиссиялары ұйымдастырады және өткізеді.

Оған кіретіндер:

- Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиялары;
- Аумақтық сайлау комиссиялары;
- Аймақтық сайлау комиссиялары;
- Бөлімшелік сайлау комиссиялары.

### **Мемлекеттік билікті қалыптастырудағы сайлаудың рөлі.**

Сайлау — елдің егемендігін білдіретін, биліктің бастауы ретіндегі оның саяси рөлін көрсететін өзекті механизм. Сонымен қатар билік органдарында түрлі қоғамдық топтардың мүддесін көздейтін маңызды арна ретінде қызмет етеді.

Жалпыға ортақ сайлау әрбір азаматтың оған қатысуға құқылы екенін бағамдайды. Көп адамдар үшін, ал кейбір елдерде азаматтардың көпшілігі үшін, сайлау тиісті ұйымдардың саясатына шынайы түрде араласудың жалғыз жолы болып табылады. Сайлау — барлық адамдардың ерік-жігерін білдіру мүмкіндігі. Мұндайда мемлекеттік билік пен оның қызметі халықтың еркіне сәйкес келуі керек.

**Сайлау:**

- азаматтардың саяси өкілеттігін қамтамасыз етуге;
- олардың мүддесін білдіруге;
- қоғамдағы пісіп-жетілген қайшылықтарды шешуге;
- саяси элитаның құрамын жаңартуға;
- қоғамдық игіліктер ұстанымдарын қайта қарастыруға немесе бекітуге;
- мемлекеттің саясатына ықпал етуге;
- биліктің заңдылығын нығайтуға, қоғамды біріктіруге және шоғырландыруға;
- азаматтардың саяси жағынан білімді болуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Осылайша адамдар дауыс беру арқылы билікке әсер ете алады. Сондықтан сайлауға көп дауыс берушілер қатысуы керек. Республикадағы сайлау республика азаматының сайлауға және сайлануға деген өз құқығын еркін пайдалану негізінде жүзеге асады. ҚР-ның әр азаматы сайлау кезінде өз ойын білдіруге құқылы.

**Глоссарий**

**Сайлау** — дауыс беру арқылы мемлекеттік органдарды, қоғамдық бірлестіктер мен азаматтардың басқа да ұйымдарын қалыптастыру әдісі.

**Дауыс беру** — сайлау үдерісінің кезеңі. Екі кезеңнен тұрады: *дауыс беру және дауыстарды санау*.

**Сайлау құқығы** — сайлау кезінде туындайтын қоғамдық қатынастарды реттеп отыратын конституциялық-құқықтық нормалар жиынтығы.

**Сайлау жүйесі** — Конституцияда және Конституциялық актілерде қарастырылған Президент, Парламент және Мәслихат депутаттарын, жергілікті өзін-өзі басқару органдарын сайлау тәртібі.

**Дауыс беру құқығы** — ҚР-ның кәмелетке толған әр азаматы сайлау кезінде өз ойын білдіруге құқылы. Бұл *дауыс беру құқығы* деп аталады. Бір адамның бір дауысқа құқығы бар.

**Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары**

1. Сайлау деген не? Демократия құруда сайлау қандай рөл атқарады?
2. Белсенді және пассивті (енжар) сайлау құқығы деген не? Олардың қандай айырмашылығы бар?

**1-деңгейлі тапсырма.** 10-кестені толтырыңдар.

10-кесте

**Сайлау құқығы қағидаттары**

Жалпыға бірдей сайлау	Тең сайлау	Төте сайлау құқығы	Жасырын дауыс беру

**2-деңгейлі тапсырма.** Сайлау күні көп адамдар сайлау бөлімшелеріне кәмелетке толмаған балаларымен келеді. Ата-аналары дауыс беру кабинасында баласының қолына қалам беріп, қай жерді белгілеу керек екенін көрсетіп, содан кейін бала дауыс беру жәшігіне бюллетеньді салады. Аталған жағдайда дауыс беру қағидаттары бұзылды деп ойлайсыңдар ма (бізде сайлау жалпы, тікелей, тең түрде, жасырын дауыс берумен өтеді)?

**2-деңгейлі тапсырма.** Е. деген 19 жастағы студент өз университетінің қоғамдық өміріне белсене қатысады. Ол түрлі патриоттық іс-шаралар, экологиялық акциялар өткізіп, университеттегі басқа студенттердің арасында беделді болды. Студенттер оған Қазақстан Республикасы Мәжілісінің депутаты болу үшін сайлауға қатысуды ұсынды.

Е. ҚР Мәжілісінің депутаты бола ала ма? Қай жастан бастап депутат бола алады? Депутат болу үшін оған тағы не істеу керек?

**Рефлексия.** Аталған тақырыпты қаншалықты меңгергендеріңді 1 мен 10-ның аралығында белгілеңдер. Қандай сұрақтарыңның жауабы табылмады?





## АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚ

### §8. «АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚ» ТҮСІНІГІ

Күн сайын әртүрлі оқиғалар өтіп жатады, осы оқиғалардың ішінде азаматтық құқық реттейтін азаматтық-құқықтық көріністер белгілі бір орын алады. Автобусты пайдаланған кезде, жолақы төлеп, сендер адам тасымалдау келісімшарты бойынша әрекет етесіңдер. Түскі демалыс кезінде асханаға барып тамактанып, мұнда да азаматтық құқық қатынастарына — сатып алу және сату келісімшарты бойынша қатынасқа түсесіңдер. Осылайша күнделікті тіршілікте түрлі жағдайлар болып, осы оқиғалардың бәрі азаматтық құқық нормалары арқылы реттеліп отырады.

#### Есте сақтаймыз!

**Азаматтық құқық** — мүліктік және жеке мүліктік емес қатынастарды реттеп отыратын құқықтық нормалар жиынтығы. Оның мақсаты — қоғамда экономикалық қатынастарды дамыту және азаматтық құқық субъектілерінің заңды мүддесін қорғауды жүзеге асыру.

#### Бүгінгі сабақта:

- «азаматтық құқық» ұғымы мен қағидаттарын, «мүліктік қатынастар» мен «жеке мүліктік емес қатынастар» ұғымдарын оқып-үйренеміз.

#### Тірек сөздер

- азаматтық құқық
- азаматтық құқық қағидаттары
- мүліктік қатынастар
- жеке мүліктік емес қатынастар
- жеке және заңды тұлғалар



Қазақстан Республикасының  
Азаматтық кодексі



Азаматтық құқықтың ерекшеліктерін  
айқындайтын белгілер

Мүліктік қатынастар мен жеке мүліктік емес қатынастар түрлі актілермен реттеледі. Бұл жердегі басты акті Азаматтық кодекс болып саналады. Бұл кодекс екі бөлімнен тұрады: Жалпы және Ерекше. Жалпы бөлім 1994 жылғы 27 желтоқсанда қабылданды. Ерекше бөлім 1999 жылы 1 шілдеде қабылданды.

Азаматтық құқық субъектілері — азаматтық құқықтық қатынастарға қатысушылар. Олардың құқықтары мен міндеттері, өзара іс-әрекеттері азаматтық құқық нормаларымен реттеледі.

**Азаматтық құқық субъектілеріне жататындар :**

- жекетұлғалар (Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдік азаматтар, азаматтығы жоқ тұлғалар). Олардың арасындағы азаматтық құқықтық қатынастар бір-бірінен тәуелсіз және теңдік негізінде болады. Барлық жекетұлғалар азаматтық әрекетқабілетті, яғни азаматтық құқық саласында өзіндік құқықтары мен міндеттері бар;
- заңды тұлғалар — ұйымдар, кәсіпорындар, коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдар. Заңды тұлғалар кәсіпкерлік қызметпен айналысады;
- мемлекет — мемлекеттік билік органдары, лауазымды тұлғалар және жергілікті өзін-өзі басқару органдары. Мемлекет азаматтық құқық саласындағы қоғамдық қатынастардың белсенді қатысушысы және кепілі.

Азаматтық құқық қағидаттары — осы құқық саласының негізгі идеялары. Олар Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің Жалпы бөлімінің 2-бабында көрсетілген.

2-бап. Азаматтық заңдардың негізгі бастаулары.

Азаматтық заңдар өздері реттейтін қатынастарға қатысушылардың теңдігін, меншікке қол сұқпаушылықты, шарт еркіндігін, жеке істерге кімнің болса да озбырлықпен араласуына жол беруге болмайтындығын, азаматтық құқықтарды кедергісіз жүзеге асыру, нұқсан келтірілген құқықтардың қалпына келтірілуін, оларды соттың қорғауын қамтамасыз ету қажеттігін тануға негізделеді.

Азаматтық құқықтың барлық нормалары осы идеяларға негізделген. Бұл идеялар азаматтық-құқықтық нормалардың мазмұнын дұрыс түсінуге көмектеседі. Қажет болған жағдайда бұл идеялар карама-қайшылықтарды түсіну мен шешу үшін тәжірибеде қолданылады. Бұл идеялар заң шығару ісіндегі олқылықтарды жоюға көмектеседі.

**Азаматтық құқық қағидаттары:**

- азаматтық-құқықтық қатынас субъектілерінің теңдігі;
- меншікке қолсұқпаушылық;
- азаматтық-құқықтық келісімшарт бостандығы;
- жеке істерге мемлекет пен үшінші жақтың араласпауы;



- тұтынушылар мен кәсіпкерлерді азаматтық-құқықтық қатынастардың негізгі субъектілері ретінде қорғау;
- несие берушінің заңды мүддесі мен құқығын қорғау;
- азаматтық құқықтардың қорғалуы.

Бұл қағидаттардың барлығы бір-бірімен тығыз байланысты, олар бірін-бірі толықтырады және біркелкі органикалық жүйе құрайды.

Қағидаттарды қарастырайық.

*Азаматтық-құқықтық қатынас субъектілерінің теңдігі қағидаты.* Азаматтық құқыққа ие болуда, оны іске асыру мен қорғауда азаматтық-құқықтық қатынас субъектілерінің барлығы тең және тәуелсіз. Сонымен бірге аталған қатынас бұзылғаны үшін жауаптылық пен міндеттеме бөлуде де барлық субъектілер тең болып есептеледі. Азаматтық құқық субъектілерінің ешқайсысының бір-біріне бұйрық беруге құқы жоқ. Олардың қатынасы өзара келісімге негізделген.

*Меншікке қолсұқпаушылық қағидаты.* Аталған ұстаным еліміздегі барлық экономикалық жүйенің іргетасы болып саналады. Меншік иесінің өз мүлкін заңмен тыйым салынбаған, кез келген мақсатына жету үшін еркін, өз қалауынша пайдалана алатынын білдіреді. Меншік иесіне қандай да бір өтемақының төленген, төленбегеніне қарамастан заң меншік құқығын мәжбүрлеп тоқтатуға тыйым салады.

*Келісімшарт бостандығы қағидаты.* Кез келген тұлға өз қалауы бойынша және сыртқы біреудің мәжбүрлеуінсіз келісімшарт жасай алады (немесе жасамайды); келісімшарт жасағысы келетін тарапты таңдай алады; келісімшарт түрін таңдай алады; келісімшарттың шарттарын анықтай алады.

Бұл жағдайда, әрине, келісімшарт жасасқан әріптесінің де тура осындай құқықтары бар екенін ескеру керек. Сондықтан да тек өзара келісіммен және ерікті түрде жасалған келісімдер ғана шынайы азаматтық-құқықтық келісімшарт деп танылады.

*Жеке істер мен жеке өмірге басқа біреудің қисынсыз араласуына жол бермеу қағидаты.* Бұл жерде әрекетке қабілетті азаматтардың немесе заңды тұлғалардың өз мүліктерін пайдалануға, кірістерін бөлісуге, табыстарын пайдалануға басқару және билік органдарының, ата-аналардың, басшылардың және басқа да тұлғалардың араласуына тыйым салынады. Заңда қарастырылмаған жағдайда біреудің рұқсатын алу, келісімін анықтау, ақпарат алу талап етілмейді. Отбасылық, коммерциялық және жеке құпиялар болып есептелетін ақпараттарды беруді талап етуге тыйым салынады. Адамдардың жеке өміріне, жеке қарым-қатынастарына араласуға заңмен тыйым салынады.



*Кәсіпкерлер мен тұтынушылардың құқықтарын қорғау*. Бұл ұстаным экономиканы және кәсіпкерлікті дамыту үшін қажет. Мысалы, кәсіпкерлерге кәсіпкерлік құрылымдарды қалыптастыру тәртібін жеңілдету, кәсіпкерлік қызмет еркіндігі, қажетсіз мемлекеттік бақылау мен негізсіз тексерулерге жол бермеу, коммерциялық құпияларды сақтау, әділ салық салу қызметтері өте қажет. Заң кәсіпкерлерге олардың кінәсінен болмаған, жұмыс барысында туындайтын шығын тәуекелін де жүктейді. Заң тұтынушылардың мүддесін қорғайды.

*Несие берушілердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау қағидаты*. Несие беруші — кез келген азаматтық міндеттеменің қажетті тұлғасы және ереже бойынша міндеттеме бұзылған жағдайдағы жәбірленуші тарап. Несие берушіні қорғау дегеніміз, ең алдымен, борышкерге барлық орындалмаған немесе тіпінше орындалмаған міндеттемелердің салдарын жүктеу, несие берушіні кездейсоқ орындалмай қалған міндеттемелер тәуекелінен және несие берушінің алдындағы өз міндеттемесін бұзған борышкердің кінәсін дәлелдеу машақатынан босату. Несие берушінің мүддесін қорғау, әсіресе қаржылық міндеттемелер бұзылған жағдайда қатты білінеді. Бұл мақсатта Азаматтық кодекс борышкерге ақша қайтаруды кешіктірген әр күні үшін тұрақсыздық айыбын өтеу түріндегі жауапкершілік жүктейді.

*Азаматтық құқықтардың қорғалуы*. Қазақстан Республикасының Конституциясы азаматтардың өз құқықтарын қорғау құқығына баса назар аударады (13-бап). Мемлекет азаматтық құқықтарды кез келген жағдайда, тіпті нақты жағдайда осы құқықбұзушылыққа қарсы нақты қорғау құралын қолдану қарастырылмаған болса да қорғайды.

Сот — азаматтық құқықтарды қорғау жөніндегі негізгі орган. Азаматтық құқық бұзылған жағдайда субъект мемлекеттік соттан бөлек арбитраждық (үштік) сотқа жүгіне алады. Белгілі бір материалдық және процессуалдық жағдайлар сақталса, бұндай сотқа жүгінуге болады. Ал сақталмаған жағдайда арбитражды соттың шешімі мемлекеттік соттың шешімі секілді міндетті орындалуға жатады.

Кейбір жағдайда заң азаматтық құқықты өздігінен қорғауға мүмкіндік береді. Мысалы, кепілпұлды ұстап қалу туралы (АҚ-тің 338-бабы), қарсы міндеттемені орындауды тоқтата тұру (АҚ-тің 284-бабы) және басқа да заңмен қарастырылған жағдайда. Азаматтық құқықтарды қорғаудың ең әмбебап тәсілі — келтірілген шығынды өтеуді талап ету.



Сонымен, азаматтық құқық пәнінің екі түрі бар. Олар:

- *мүліктік қатынастар* — мүліктердің азаматтық айналымына қатысты қоғамдық қатынастар; мүліктің нақты құны бар;
- *жеке мүліктік емес қатынастар* — материалдық игіліктер негізінде қалыптасатын қоғамдық қатынастар — жеке құқық, жеке бостандық. Бұл игіліктер жекетұлғалар үшін өте маңызды. Мысалы ғылым, әдебиет, өнер туындысына авторлық; арнамысын, қадір-қасиетін, іскерлік беделін қорғау.

### Глоссарий

**Азаматтық құқық** — қоғамда экономикалық қатынастарды ұйымдастыру және азаматтық құқық субъектілерінің заңды мүддесін жүзеге асыру мақсатында мүліктік қатынастар мен жеке мүліктік емес қатынастарды реттеп отыратын құқықтық нормалар жиынтығы.

**Азаматтық құқық субъектілері** — іс-әрекеттері азаматтық құқық нормаларымен реттеліп отырған азаматтық құқықтық қатынастарға қатысушылар.

### Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары

1. Қандай қоғамдық қатынастар азаматтық құқықпен реттеледі? Өз өмірлеріңнен мысалдар келтіріңдер.
2. «Мүліктік және жеке мүліктік емес қатынастар» ұғымын түсіндіріңдер.

**1-деңгейлі тапсырма.** 11-кестені толтырыңдар.

11-кесте

№	Қағидат атаулары	Мазмұны
1	Азаматтық-құқықтық қатынас субъектілерінің теңдігі	
2	Жекеменшікке қолсұқпаушылық	
3	Келісім бостандығы	
4	Жеке істер мен жеке өмірге басқа біреудің қисынсыз араласуына жол бермеу	
5	Кәсіпкерлер мен тұтынушылардың құқықтарын қорғау	
6	Несие берушілердің құқығы пен заңды мүдделерін қорғау	
7	Азаматтық құқықтардың қорғалуы	

**Рефлексия.** Аталған тақырыпты қаншалықты меңгергендеріңді 1 мен 10-ның аралығында белгілеңдер. Қандай сұрақтарыңның жауабы табылмады?

## §9. МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫ

### Бүгінгі сабақта:

- меншіктің негізгі түрлерін оқып-үйренеміз;
- меншік құқығына ие болу және оны тоқтату жолдарын анықтаймыз;
- азаматтық құқықтағы «міндеттемелер мен жауапкершілік» ұғымымен танысамыз.

### Тірек сөздер

- меншік
- меншік құқығы
- меншік түрлері

### Назар аударыңдар!

Заң тұрғысынан алғанда меншік — азаматтық құқықтың әртүрлі субъектілері арасындағы материалдық заттарға, мүлікке, бұйымға байланысты қатынастар. Бұл қатынастарда субъектілердің бірі бұл мүлікті өзінікі деп қараса, ал басқалары үшін ол бөтен болып есептеледі.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес, субъектінің өзіне тиесілі мүлкіне иелік ету және өз қалауынша пайдалану құқығы заңнамалық актілер арқылы қорғалатын және мойындалатын меншік құқығы болып саналады. Меншік құқығы басқа адамға келісім жасау кезіндегі бар ауыртпалығымен бірге беріледі (12-сызбанұсқа).

12-сызбанұсқа

### Меншік иесінің құқықтары



Иелену



Пайдалану



Билік ету

*Иелену құқығы* затқа иелік ету мүмкіндігін білдіреді. Бұл жағдайда меншік иесінен басқа да азаматтар, мысалы келісімшарт бойынша жылжымайтын мүлкі бар тұлғалар да, заттың заңды иесі бола алатынын ескеруі керек.



*Пайдалану құқығы* — мүлікті пайдалану, қолдану арқылы оның пайдалы қасиеттерін алу мүмкіндігі. Пайдалану барысында мүлік толығымен қолданылады немесе тозады (амортизацияланады). Пайдалану құқығы не болу құқығымен тығыз байланысты, өйткені жалпы ережелер бойынша мүлікке не болған жағдайда ғана оны пайдалануға болады.

Не болу және пайдалану құқығы тек меншік иесіне ғана емес, меншік иесінен бұл құқықты келісімшарт бойынша алған басқа адамдарға да тиесілі. Мысалы, пәтер жалдау, көлік жалдау т.б.

*Билік ету құқығы* заттың заңнамалық жағын (сату, сыйға тарту, жалға беру) анықтау құқығы ретінде танылады. Билік құқығы тек меншік иесі немесе меншік иесінің тікелей нұсқауы бойынша басқа адамдар арқылы жүзеге асырылады.

Меншік иесі затты өз қалауынша пайдаланады (не болады, қолданады және билік етеді). Жалпы меншік иесі өзіне тиесілі мүлкіне қатысты заңға қайшы келмейтін қандай да болсын іс-әрекет жасауына болады, әрине, егер бұл әрекеті басқа адамдардың құқығын бұзбайтын болса.

Меншік иесіне берілген құқықтармен қатар, заң оған белгілі бір міндеттерді жүктейді. Оларға мүлікті күтіп ұстау ауыртпалығы (салық төлеу, мүліктің кейбір түрлеріне жөндеу жұмыстарын жүргізу) жатады. Одан басқа, меншік иесі өзіне тиесілі мүліктің кездейсоқ бүлінуі жағдайына тап болуы немесе кездейсоқ өлімге душар болуы мүмкін.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес меншіктің **жеке, ұжымдық, мемлекеттік** түрлері бар (13-сызбанұсқа).

1. *Жеке меншік* — жеке азаматтардың және мемлекеттік емес заңды тұлғалардың және олардың бірлестіктерінің меншігі.

2. *Ұжымдық меншік* — еңбек ұжымы заттар мен азық-түліктерді бірлесіп иемденіп, пайдаланып және өкім етіп отыратын қатынастар жүйесі.

3. *Мемлекеттік меншік* — меншік нысандарын басқару мен өкім етуді мемлекеттік билік өкілдері жүзеге асыратын қатынастар жүйесі.



Меншік құқығы

## Меншік түрлері



Республикалық мемлекеттік меншіктің субъектісі — Қазақстан Республикасы. Коммуналды мемлекеттік меншіктің субъектісі — әкімшілік-аумақтық бірлік. Қазақстан Республикасындағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтар: ауылшаруашылығы, қорғаныс, орман және су қорлары, пайдаланылатын жер телімдері жекеменшіктің қолына берілмейді.

Азаматтық құқықта Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде нақты көрсетілген меншік құқығына ие болу және тоқтату негіздері бар.

### Меншік құқығына ие болу негіздері:

1) жаңа затқа ие болу құқығы. Егер сіз жаңа затты дайындап немесе жасаған болсаңыз, үй салсаңыз, ол бірден сіздің меншігіңізге айналады;

2) меншік иесінің қолындағы мүлкіне меншік құқығын басқа адам иеленуі мүмкін. Мысалы, сіз бір зат сатып алсаңыз, оны жалға алсаңыз, заттарыңызды ауыстырсаңыз, бұдан кейін ол зат сіздікі болып, меншік құқығы сізге өтеді;

3) иесі жоқ немесе иесі белгісіз мүлікке, болмаса меншік иесі бас тартқан және әлдебір себептерге байланысты ол мүлікке ие болу



құқығынан айырылған жағдайда, жекетұлға сол меншікті немдену құқығына ие бола алады. Мысалы, ол тәркіленген мүлік, банкрот болған адамдардың мүлкі т.б. болуы мүмкін.

#### Меншік құқығын тоқтату негіздері:

1) меншік иесінің еркімен тоқтату (сату, сыйға тарту, мүлкінен өз еркімен бас тарту);

2) меншік иесінің ықтиярынсыз тоқтату (меншік иесінің өлімі, мүлкін тәркілеу, мүлкін жою).

Осылайша меншік құқығы біздің өмірімізде маңызды рөл атқарады және меншік құқығын қорғау — қазіргі заманғы мемлекеттің негізгі міндеттерінің бірі.

#### Глоссарий

**Меншік** — азаматтық құқықтың әртүрлі субъектілері арасындағы материалдық заттарға, мүлікке, бұйымға байланысты қатынастар. Бұл қатынастарда субъектілердің бірі бұл мүлікті өзінікі деп қараса, басқалары үшін ол бөтен.

**Меншік құқығы** — субъектінің өзіне тиесілі мүлкін пайдалануға және билік етуге, өз қалауынша иелік етуге құқығы заңнамалық актілер арқылы қорғалатын және мойындалатын жекеменшік құқығы.

#### Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары

1. Қазіргі қоғам өміріндегі меншіктің негізгі рөлін ашып көрсетіңдер. Меншік дегеніміз не? Қандай меншік түрлерін білесіңдер?
2. Меншік құқығы мен оның үш құқықтық өкілеттігі туралы айтыңдар.
3. Меншік құқығына ие болу мен тоқтату негіздері қандай?

**3-деңгейлі тапсырма.** «Жекеменшік құқығының және оған қолсұқпаудың маңыздылығы» тақырыбы бойынша пікірталас өткізіңдер.

#### 3-деңгейлі тапсырма. Жағдаяттарды талқылаңдар.

1. Пәтер иесі өз пәтерін жалға берді. Жалға алушының қандай өкілеттілігі бар? Жалға алушы бұл пәтерді өздігінен сата ала ма? Егер жалға алушы пәтерге жөндеу жұмыстарын жүргізгісі келсе, оны пәтер иесінің рұқсатынсыз жасай ала ма? Егер пәтерде құбыр істен шығып, көршілерге шығын келтірілсе, кім жауап береді? Жауаптарыңда «иелік ету», «пайдалану» деген терминдерді қолданыңдар.

2. Серуендеп жүрген ит балалармен ойнап жүріп, оларды қауып алды. Иттің иесі жауап бере ме? Балалар итке өздері жақындап, онымен ойнауды өздері бастаған еді.

**Рефлексия.** Аталған тақырыпты қаншалықты меңгергендеріңді 1 мен 10-ның аралығында белгілеңдер. Қандай сұрақтарыңның жауабы табылмады?



## § 10. АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚТАҒЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР МЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК

### Бүгінгі сабақта:

- «азаматтық құқықтағы міндеттемелер» ұғымы және оны қамтамасыз ету әдістері туралы оқып білеміз.

### Тірек сөздер

- міндеттемелер
- міндеттемелерді қамтамасыз ету әдістері

**Міндеттемелер** — азаматтық құқықтық қатынастардың барынша кең тараған және көпқырлы түрлерінің бірі. Олар, мысалы, адамдар бір затты сатып алғанда, көлік компаниясы жүк тасымалдағанда, кәсіпорын құрал-саймандар жеткізу барысында, инспут ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізгенде т.б. кездерде туындайды.

Міндеттемеде басқа да азаматтық құқықтық қатынастардағы сияқты мазмұнын, субъектіні, объектіні анықтап алу қажет.

**Міндеттеме субъектілері (тараптар)** — несие беруші және борышкер. Несие беруші міндеттеме алған жақтан нақты бір әрекеттер

жасауын (немесе жасамауын) талап етуге құқылы және де міндеттеменің белсенді жағы болып саналады. Борышкер несие берушінің талабы бойынша қажетті әрекеттер жасауға немесе жасамауға міндеттеліп, міндеттеменің пассивті (енжарлық) жағында болады.

### Назар аударыңдар!

Міндеттеме — нақты әрекет. Оны бір тұлға (борышкер) басқа тұлғаның (несие берушінің) пайдасына жасауы керек: мүлікті беру, жұмыс орындау, ақша төлеу және т.б. Несие беруші міндеттеме алған тараптан нақты бір әрекетті жасауды (немесе жасамауды), міндетін орындауды талап етуге құқылы.

Міндеттеменің **объектісі** әрекет болып табылады. Басқаша айтқанда, міндеттеме объектісі болып отырған әлдебір әрекетті орындау. Мысалы, көлік компаниясы тасымалдау келісімі бойынша тапсырыс берушіге нақты бір жүкті жеткізуге міндеттенген. Аталған жағдайда тапсырыс берушіге жүкті жеткізіп беру міндеттеме болып табылады. Жүк тапсырыс берушіге жеткізілген кезде ғана міндеттеме орындалады.

**Міндеттеменің мазмұнын** әдеттегідей келісімшартта жазылған тараптардың құқықтары мен міндеттері құрайды.

**Міндеттемелердің туындауына негіз болатындар:** келісімшарттар, басқа да келісім-мәмілелер, мемлекеттік билік органдарының және басқа да мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының актілері, сот шешімдері, ғылым, әдебиет, өнер туындыларын жарыққа шығару, зиян келтіру, мүлік сатып алу және т.б.



Азаматтық құқықта міндеттемелерді қамтамасыз ету әдістері қарастырылған. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінде міндеттемені орындау заңмен қарастырылған және келісімшарт жасау арқылы тұрақсыздық айыбын төлеу, кепіл беру, борышкердің мүлкін ұстап қалу, кепілдікке алу, кепілдік жарна төлеу т.б. әдістер арқылы орындауға болатыны көрсетілген. Аталған шаралар міндеттемені орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін борышкерге қатысты қолданылады.

**Міндеттемені орындау әдістерін** қысқаша қарастырайық.

*Тұрақсыздық айыбы (айыптұл, өсім)* — борышкер несие берушіге міндеттемесін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін, жекелеген жағдайда орындау мерзімі өтіп кеткен кезде төлеуге міндетті қаражат. Бұл қаражаттың мөлшері келісімшартпен анықталады немесе заңнамада көрсетіледі. Тұрақсыздық айыбын төлету кезінде несие беруші қанша шығынға ұшырағанын дәлелдеуге міндетті емес. Мысалы, коммуналдық төлемді кешіктірген жағдайда өсімақы жүретіні белгілі.

*Кепіл* — борышкер кепілмен қамтамасыз етілген міндеттемені орындамаған жағдайда несие берушінің кепілге қойылған мүлік құнынан алатын қаражаты. Мысалы, банктен несие алу үшін жер, үй тәрізді жылжымайтын мүліктер кепілге қойылуы мүмкін. Міндеттеме орындалмаған жағдайда мүлік сатылады, құнының бір бөлігін несие беруші алады.

*Кепілдік* . Тұлғаның несие беруші алдындағы міндеттемелері немесе қарызы үшін кепілдік беруші, яғни басқа тұлға, жауап береді. Кепілдік беруші толық немесе борышкермен ортақтасып ішінара жауап беруге міндеттенеді. Мысалы, кепілдік беруші борышкердің банк алдындағы несиесі үшін жауап береді. Сондықтан да кепілдік беруші болу — үлкен жауапкершілік. Барлық адам кепілдік беруші болуға келісе бермейді.

*Кепіл болушылық* . Мұнда кепіл болушы басқа жақтың (борышкердің) несие берушісі алдында осы жақтың міндеттемесінің орындалуына толық немесе ішінара қосалқы жауап беруге міндеттенеді. Кепілдікке ұқсас болғанмен, нақты айырмашылықтары бар.

*Кепілтұл* — уағдаласушы тараптардың біреуінің шарт бойынша өзінен алынатын төлемнің есебінен екінші тарапқа және шарт жасау мен орындауды не өзге міндеттемені орындауды қамтамасыз етуге беретін ақшалай сомасы.

*Кепілдік жарна* — сауда-саттық немесе өзге де міндеттемені орындау кезінде шарт жасасу жөніндегі міндеттемелерді орындау-





Жылжымайтын мүлік

ды қамтамасыз ету үшін кепілдік жарнаны төлеушінің кепілдік жарнаны алушыға беретін ақша сомасы.

Міндеттеменің субъектілері — несие беруші мен борышкер. Олар белгілі бір мақсатқа жету үшін, келісімшарт арқылы нақты іс-әрекеттер мен міндеттемелерді орындауға келіседі. Бұл іс-әрекеттер нақты әдістермен қамтамасыз етіледі. Бұлар – тұрақсыздық айыбы, кепіл, борышкердің мүлкін ұстап қалу, кепіл болушылық, кепілдік, кепілпұл, кепілдік жарна және басқа да әдістер. Сол мақсатқа қол жеткен кезде міндеттеме орындалған болып саналады.

### Глоссарий

**Міндеттеме** — бір тұлға (борышкер) басқа тұлғаның (несие берушінің) пайдасына жасауы тиіс нақты әрекеттер.

**Міндеттерді қамтамасыз ету әдістері** — міндеттемелерді орындау жөніндегі шаралар. Аталған шаралар міндеттемені орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін борышкерге қатысты қолданылады.

### Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары

1. «Міндеттеме» ұғымын ашып көрсетіңдер. Сендерге міндеттеменің қандай түрлері белгілі?
2. Азаматтық құқықтағы міндеттеменің маңыздылығы мен негізгі мәні неде?
3. Өз өмірлеріңде кездескен міндеттемелерді мысалға келтіріп, талқылаңдар. Міндеттемелерді орындау әдістері не үшін керек және олар міндеттемелердің орындалуына қалай әсер етеді?

**2-деңгейлі тапсырма.** Жағдаятты талқылаңдар. Үй сатып алу үшін К. деген азамат өзінің туысы Т.-дан кепіл болуын өтінді. Банк несиені мақұлдап, К. үй сатып алды. Біраз



уақыт өткен соң К. жұмысынан айырылып, несиені төлеуді тоқтатты. Несиені кім төлейді? Несиені қайтару үшін банк қандай шара қолданады?

**2-деңгейлі тапсырма.** Жағдаятты талқылаңдар. С. деген азамат басқа қалаға көшіп, үйді жалға алмақшы болды. Ұнатқан үйі үшін үй иесіне 20 мың теңге кепілпұл береді. Келесі күні С. одан арзан үй тауып, бұрынғы тапқан үйінен айнып қалады. Кепілпұлға берген ақшасы С.-ға қайтарыла ма? Кепілпұлдың рөлі қандай?

**Рефлексия.** Аталған тақырыпты қаншалықты меңгергендеріңді 1 мен 10-ның аралығында белгілеңдер. Қандай сұрақтарыңның жауабы табылмады?

## § 11. ТҰТЫНУШЫЛАР ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ

Біз күнделікті азық-түлік сатып аламыз, көлікті пайдаланамыз, әртүрлі қызметтерге (шаштараз, ателье, дүкен) жүгінеміз. Осы жағдайлардың бәрінде біз тұтынушы болып табыламыз.

### Бүгінгі сабақта:

- тұтынушылар құқығын қорғау жолдарын оқып білеміз.

### Есте сақтаймыз!

**Тұтынушы** — жеке өз басы немесе шаруашылығында қолдану үшін тауарды сатып алушы, түрлі қызметтерді пайдаланушы азамат.

### Тірек сөздер

- тұтынушы
- тұтынушылар құқығы
- тұтынушылар құқығын қорғау

Қазақстан Республикасында 2010 жылғы 4 мамырда «Тұтынушылардың құқығын қорғау туралы» Заң қабылданған. Заңға сәйкес, тұтынушы — жеке, отбасында, үй ішінде және кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес өзге де пайдалануға арналған тауарға (жұмысқа, көрсетілген қызметке) тапсырыс беру немесе соларды сатып алу ниеті бар не тапсырыс беретін, сатып алатын және (немесе) пайдаланатын жекетұлға.

### Есте сақтаймыз!

**Тұтынушы құқығы** — тауарлар мен қызметтер нарығында тұтынушыларды қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған ережелер мен нұсқаулар, нормалар жиынтығы.

### Есте сақтаймыз!

**Мәміле** — тараптардың келісімі. Оның нәтижесінде екі тарапта белгілі бір құқықтар мен міндеттемелер пайда болады.

Сатушы сатуға, ал тұтынушы тауарды немесе қызметті төлеуге келіскен кезде, тараптар арасында мәміле жасалады.





Тұтынушының тауарды қайтаруы

Тұтынушылар құқығын қорғау — нарық қатынасына қатысушыларға теңдей жағдай туғызуға талпынатын дамыған мемлекеттің құқықтық жүйесі мен экономикасының даму басымдықтарының бірі.

Тұтынушылар құқығын қорғау — мемлекет пен қоғамдық қозғалыстар жүзеге асыратын шаралар жиынтығы. Бұл шаралар тұтынушы мен кәсіпкерлік қызметпен айналысатын субъектінің (өндіруші, сатушы, орындаушының) арасында туындайтын қатынастарды реттеуге

бағытталған. Сонымен қатар тұтынушының нақты құқықтарын көрсетуге бағытталған. Мүмкін болатын құқықбұзушылық түрлерін көрсетеді, оларды қорғау механизмін, тұтынушы құқығын бұзғаны үшін тағайындалатын жауапкершілікті анықтайды. Қазақстан Республикасында тұтынушылар құқығын қорғау мақсатында 2010 жылғы 4 мамырда «Тұтынушылардың құқығын қорғау туралы» Заң қабылданған.

Қазақстан Республикасында тұтынушылар құқығын қорғау келесі қағидағтардан тұрады:

- тұтынушылардың экономикалық мүддесіне ықпал ету және осы мүдделерді қорғау;
- сатушы (жасаушы, орындаушы) ұсынған ақпараттың шынайылығы мен қолжетімділігі (жұмысы, қызмет көрсетуі);
- тұтынушылардың біліктілігі;
- тұтынушылардың заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету;
- тұтынушылар құқығын қорғауды қамтамасыз етуге қоғамдық бірлестіктердің қатысуы;
- тұтынушыларды сапалы және қауіпсіз тауарлармен (жұмыстарымен, қызмет көрсетуімен) қамтамасыз ету.

#### Тұтынушылардың:

- тауар (жұмысты орындау және қызмет көрсету) сатып алу үшін еркін келісім жасауға;
- тұтынушылар құқығын қорғау саласында білімін арттыруға;
- тауар (жұмыс, қызмет көрсету) туралы, сонымен қатар сатушы (жасаған адам, орындаушы) туралы ақпарат алуға;
- қауіпсіз тауар сатып алуға;
- тауарды еркін таңдап алуға;





- тауардың (жұмыстың, қызмет көрсетудің) сапалы болуына;
- сапасы жақсы және нашар тауарды ауыстыруға немесе қайтаруға;
- тауардың кемшіліктері болуы себепті тұтынушының өміріне, денсаулығына және мүлкіне келтірілген шығынды толықтай өндіріп алуға;
- сатушыдан (дайындаушыдан, орындаушыдан) тауарды (жұмысты, қызмет көрсетуді) сатып алғанын растайтын құжатты алуға;
- ұтып алу түрінде берілген (орындалған, көрсетілген) тауардың сапасы жөнінде ойынды ұйымдастырушыға өзінің наразылығын білдіруге;
- тұтынушылардың қоғамдық бірлестіктерін құруға;
- моральдық шығынды өндіріп алуға;
- заңды мүдделері мен құқығын қорғауға құқығы бар.

**Өз кезегінде сатушы (дайындаушы, жасаушы, орындаушы):**

- тауар (жұмыс, қызмет көрсету) туралы, сонымен қатар сатушы (дайындаушы, орындаушы) туралы қазақ және орыс тілдерінде ақпарат беруге;
- тауардың (жұмыстың, қызмет көрсетудің) қауіпсіздігін қамтамасыз етуге;
- тауарды (жұмысты, қызмет көрсетуді) таңдап алу еркіндігін қамтамасыз етуге;
- тауардың (жұмыстың, қызмет көрсетудің) сапасын қамтамасыз етуге;
- сапасы жақсы немесе нашар тауарды ауыстыруға немесе қайтаруға;
- тауардың кемшіліктері болуы себепті тұтынушының өміріне, денсаулығына және мүлкіне келтірілген шығынның орнын толтыруға;
- Қазақстан Республикасының салық туралы заңнамасында қарастырылған ретпен бақылау-кассалық аппараттары болуын қамтамасыз етуге;
- бақылау-кассалық аппараттары тұрған жерде тұтынушының бақылау (тауарлық) чегін алу қажеттілігі және бақылау-кассалық аппараттарын қолдану тәртібін бұзған жағдайда оның мемлекеттік кіріс органдарына (олардың байланыс телефондарының нөмірін көрсетіп) шағымдануға құқылы екендігі жөнінде қазақ және орыс тілдерінде ақпарат болуы;
- тауар (жұмыс, қызмет көрсету) сатумен айналысып тұрған жекетілген аты-жөні, тегі жазылған кеуде карточкасының (бейдж) болуын және оның тазалық нормалары мен ережелерін сақтауын қамтамасыз етуге;
- тауарды (жұмысты, қызмет көрсетуді) сату кезінде тауарды сатып алғанын растайтын құжат беруге;
- талап етілген жұмыс тәртібін сақтауды қамтамасыз етуге міндетті.

Тұтынушы сатып алған тауары сапалы болса да, сапасыз болса да ауыстырып алуға құқылы. Себебі кей тауар оның талғамына сәйкес келмеуі мүмкін. Сатушы сапасыз тауарды басқа тауарға ауыстырған жағдайда кепілдікті де ұзартуы керек. Сонымен қатар тауармен берілетін кассалық немесе тауарлық чек, заттағы таңбашалар, аппараттық пломбалар сақталуы тиіс.

Кез келген сатып алудан кейін тауарлық чекті сақтап қою қажет. Ешбір сатушы немесе қызмет көрсетуші сізге чек беруден бас тартпауы керек. Ал базарда сатушыдан сатып алған тауардың атын (бір



килограмм шне болса да), бағасын, салмағын және отырған орнының мекенжайын жазып беруді талап етуге құқылысыз.

**Тұтынушылардың құқығын қорғау** мәселесімен мемлекеттік органдардың барлығы дерлік айналысады:

- қоғамдық тамақтандыру мен медициналық қызмет көрсету саласында — Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау комитетінің департаменті;
- қаржылық қызмет көрсету саласында — ҚР Ұлттық Банкі;
- білім беру саласында — Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің департаменті;
- қоғамдық көлік саласында — жергілікті атқарушы органдар;
- коммуналдық қызмет саласында — Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті.

«Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Занның 6-бабына сәйкес мемлекеттік органдар өз құзырлығы шегінде:

1) тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы жеке немесе заңды тұлғалардың өтініштерін қарауға;

2) Қазақстан Республикасының «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Занын бұзушыларға жауаптылық шараларын қолдануға;

3) Қазақстан Республикасының тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы заңнамасының сақталуына бақылауды жүзеге асыруға;

4) тұтынушыларға олардың денсаулығына және қауіпсіздігіне зиянын тигізетін тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) туралы ақпарат беруге міндетті.

Бөлшек саудада тұтынушылардың құқығы бұзылған жағдайда, сатып алушы сатушыға тауарды айырбастауға немесе қайтаруға ауызша өтініш жасайды. Егер сатушы ауызша жасалған өтінішті орындамаса, сатып алушы тауар сатушыға өз құқығы мен заңды мүддесін бұзушылықты жоюды, сөйтіп осы бұзушылық негізінде келтірілген шығынды (залалды) өз еркімен өтеп беруді жазбаша түрде талап етуге құқылы.

Егер сатушы күнтізбелік 10 күн ішінде кінә қоюға жауап бермесе немесе заңбұзушылықты жоюдан және келтірілген шығынды (залалды) өз еркімен өтеп беруден бас тартса, тұтынушы тікелей немесе тұтынушылардың қоғамдық бірлестіктері арқылы сотқа жүгінуге құқылы. «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы»





Тұтынушылар

Заңның 42-бабына сәйкес тұтынушылардың қоғамдық бірлестіктері, қауымдастықтар (одақтар) тұтынушылар мүддесіне орай сотта қарауға жіберетін талап-арыздарға мемлекеттік баж салынбайды.

Көптеген дүкендерде, butikтерде, базарларда «Тауар айырбастауға немесе қайтаруға жатпайды» деген хабарландыру ілініп тұрады. Мұндай хабарландырулар заңсыз және жарамсыз. «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Заңның 30-бабының 1-тармағында көрсетілген тауарлардан басқасының барлығын айырбастауға немесе қайтаруға болады.

Заңның осы нормасына сәйкес қайтаруға жатпайтындар:

1) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар;

2) ішкіімдер;

3) шұлық бұйымдары;

4) жануарлар мен өсімдіктер;

5) метрлеп сатылатын тауарлар, атап айтқанда, барлық түрдегі талшықтардан жасалған маталар, тоқыма және перделік кенеп мата, жасанды тері, кілем бұйымдары, тоқыма емес материалдар, шілтер, таспа, сымдар, баулар, кабельдер, линолеум, багет, пленка, клеенка;

6) ұялы байланыстың абоненттік құрылғылары.

Осылайша әрбір тұтынушының сапалы тауарға немесе қызметке құқығы бар. Сатушы тұтынушыға тауар немесе қызмет туралы толық ақпарат беруі керек. Тұтынушы құқығын қорғау заң негізінде жүзеге асырылады.

## Глоссарий

**Тұтынушы** — жекебасына, отбасына, үй тұрмысына немесе басқа да қажеттеріне жарататын тауар сатып алатын, тапсырыс беретін немесе пайдаланатын жекетұлға.

**Тұтынушы құқығы** — тұтынушыларды қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған ережелер мен нұсқаулар, нормалар жиынтығы.

**Тұтынушылар құқығын қорғау** — мемлекет пен қоғамдық қозғалыстар жүзеге асыратын шаралар жиынтығы. Олар тұтынушы мен кәсіпкерлік қызметпен айналысатын субъектінің — тұтынушылар құқығын бұзғаны үшін жауапкершілік сияқты міндеттемелерді өздеріне алғандар мен өндіруші, сатушы, орындаушының арасында туындайтын қатынастарды реттеуге бағытталған.

Тұтынушы құқығын қорғау тетіктерін анықтайды. Тұтынушы құқығын бұзғаны үшін жауапкершілік белгілейді.

## Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары

1. Тұтынушы деген кім? Егер сапасыз тауар сатып алған болса, тұтынушының құқықтарын қалай жүзеге асыруға болады?
2. Тұтынушылар құқығын қорғау не үшін маңызды және бұл қоғамның экономикалық дамуына қалай әсер етеді?
3. Дүкенде, базарда зат сатып алатын, затты жөндеуге, химиялық тазалауға беретін азаматтарға қандай кеңес бере аласыңдар?

## Тұтынушыға кеңестер

*Бірінші.* Тауар таңдауда асықпаңыз және мұқият болыңыз.

*Екінші.* Сатушының (саудагердің) айла-әрекетіне берілмеңіз. Есіңізде болсын, сіз тауарды ақысыз емес, өз ақшаңызға сатып алып жатырсыз.

*Үшінші.* Талғампаз, кінәмшіл болыңыз: тауар туралы, дайындаушы туралы, тауардың негізгі тұтынушылық қасиеті туралы, кепілдік мерзімі туралы ақпараттарды біліп алуға тырысыңыз және кепілдік талонның талап етіңіз. Тауар сынып қалған жағдайда оны жөндеу орны, мерзімі, тәсілі, шарты туралы біліп алыңыз.

*Төртінші.* Есіңізде болсын, кепілдік мерзімі аясында тауарды жөндеу қызметі тегін көрсетіледі, ал жөндеуге кеткен уақыт кепілдік мерзімін созуға қосылады.

*Бесінші.* Сатушы өзінің атауын, орналасқан жерін (мекенжайын) және жұмыс режимін қазақ және орыс тілдерінде тұтынушының назарына жеткізуге міндетті (бір тілде немесе шет тілінде берілген ақпарат берілмеген деп есептеледі). Аталған ақпаратты маңдайшаға орналастыру керек. Сонымен қатар тұтынушыға өзінің тегін, есімін атап және өзін жеке кәсіпкер ретінде тіркеген мемлекеттік органның атауы мен мемлекеттік тіркеуі туралы ақпаратты ұсынуы керек.

*Алтыншы.* Есіңізде болсын, тұтынушы тиісті сападағы тауарды алуға құқылы, сондықтан да оның сапасын, жиынтығын, салмағын, көлемін тексертуге және сатушыдан тауарды қауіпсіз, дұрыс пайдалану жолын көрсетуді талап етуге құқығы бар. Бұл, әсіресе, тұрмыстық техникаларға қатысты.

*Жетінші.* Сатып алушы өзіне азық-түлікке жатпайтын тауар берілген кезден бастап 14 күн ішінде, егер сатушы (дайындаушы) неғұрлым ұзақ мерзім жарияламаса, сатып алынған тауарды сатып алу орнында немесе сатушы (дайындаушы) хабарлаған өзге де орындарда басқа мөлшердегі, нысандағы, габариттегі, пішіндегі, түстегі, жиынтықтағы



және осы тәріздегі соған ұқсас тауарға не тараптардың келісімі бойынша басқа тауарға айырбастауға құқылы. Бағасында айырма болған жағдайда сатушымен қайта есеп айырысады.

*Сегізінші.* Тұтынушы тауардың кемшіліктерін тапқан және оны ауыстыру туралы талап қойған жағдайда, сатушы (дайындаушы) оны дереу ауыстыруға міндетті. Ал сатушыға (дайындаушыға) тауардың сапасын қосымша тексеру (сараптама жасау) қажет болған кезде тиісті талап қойылған кезден бастап күнтізбелік 30 күн ішінде ауыстыруға міндетті. Тұтынушы сараптаманың көз алдында жүргізілуін талап етуге құқылы.

**Рефлексия.** Аталған тақырыпты қаншалықты меңгергендеріңді 1 мен 10-ның аралығында белгілеңдер. Қандай сұрақтарыңның жауабы табылмады?





## ЕҢБЕК ҚҰҚЫҒЫ

### § 12. «ЕҢБЕК ҚҰҚЫҒЫ» ТҮСІНІГІ

#### Бүгінгі сабақта:

- «еңбек құқығы» ұғымы мен ұстанымдарын оқып-үйренеміз.

#### Тірек сөздер

- еңбек құқығы
- еңбек қатынастары
- еңбек бостандығы
- конституциялық кепілдіктер
- еңбек шарты

Қоғам мен адам дамуында еңбектің шешуші рөл атқаратынына адамзат тарихы куә. Еңбек — адамзат өркеніетінің алғашқы және негізгі шарты. Еңбек адамның тамаққа, киім-кешекке, тұрғын үйге деген қажеттіліктерін қанағаттандырады.

Еңбек ету үдерісінде өнім шығарылады, сонымен қатар адам кемеліне келіп, жетіледі.

Мемлекет елімізде жоғарғы деңгейлі еңбек жағдайын жасауға тырысып отыр. Аталған ережелер мен кепілдіктер Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінде бүге-шігесіне дейін реттелген. Еңбек кодексі 2015 жылғы 23 қарашада қабылданған. Еңбек қатынастарын реттеп отыратын құқық саласы *еңбек құқығы* деп аталады.

#### Есте сақтаймыз!

**Еңбек құқығы** — еңбек ету үдерісінде қоғамдық қатынастарды реттеп отыратын құқықтық нормалар жиынтығы.



Еңбек әрекетінің нәтижесі



**Есте сақтаймыз!**

**Еңбек құқықтық қатынастары** — жұмыс беруші мен жұмыскер арасындағы еңбек ету құқығы мен міндеттерінің пайда болуы. Бұл қоғамдық қатынастар еңбек құқығының мәні болып табылады.

Басқаша айтқанда, еңбек құқықтық қатынастары — еңбек ұжымында еңбек ету барысында жұмыс беруші мен жұмыскер арасында пайда болатын әртүрлі құқықтар мен міндеттердің кешенді жиынтығы.

Еңбек құқықтық қатынастарында азаматтың еңбек ету, демалу, еңбекақы алу құқықтары жүзеге асады. Негізгі еңбек құқықтық қатынастары тікелей жұмыскердің еңбегін пайдалану барысында пайда болады (еңбекті ұйымдастыру қатынастары (еңбек шарты, қабылдау, ауыстыру, жұмыстан босату); жұмыс уақыты мен тынығу уақытын реттеу; еңбекақы; еңбекті қорғау; еңбек тәртібі).

**Назар аударыңдар!**

**Еңбек құқықтық қатынастары** белгілі бір элементтерден тұрады және оған:

- құқықтық қатынастар объектісі;
- құқықтық қатынастар субъектісі;
- құқықтық қатынастар мазмұны кіреді.

Жұмыскердің жұмыс берушіге ұсына алатын *біліктілігі, дағдысы, қабілеті* еңбек құқықтық қатынастарының объектісі болып табылады. Жұмыс беруші ұйымдастырған еңбек үдерісінде жұмысшының дәл осы біліктілігі, еңбек дағдысы, қабілеті оны қызықтырып, осы қасиеттері үшін еңбекақы төлеуге дайын болады. Нарық қатынастарында жұмысшының құны қандай да бір тауар сияқты сұраныс пен ұсыныс арқылы бағаланады.

Еңбек құқықтық қатынас субъектілері — азаматтар, ал екінші жағынан — мекемелер.

Ұжымдық келісімшартпен, еңбек заңнамасымен және дербес еңбек келісімшартымен белгіленетін оның субъектілерінің құқықтары мен міндеттері еңбек құқықтық қатынастарының мазмұны болып табылады.

Еңбек құқықтық қатынастарының пайда болу негізі *еңбек шарты* деп саналады. Сайланбалы қызметті атқаратын жұмыскерлер үшін еңбек құқықтық қатынастарының пайда болу негізі олардың сол қызметке сайлануы болып саналады. Жұмыскерлердің кейбір категориялары үшін еңбек құқықтық қатынастарының пайда болу



негізі заңнамалық деректердің күрделі құрамы болады, еңбек шартынан басқа оның басында қандай да бір құқықтық жағдай тіркелуі мүмкін. Осылайша байқау арқылы жұмысқа қабылданатын тұлғалар байқаудан өткеннен кейін ғана келісімшартқа отыруы тиіс. Еңбек құқықтық қатынастарының пайда болуы 14 жастағы жеткіншектерде күрделі болады, себебі келісімшартқа отыру үшін олардың ата-анасының рұқсаты болуы керек.

Еңбек құқығы субъектілері **жеке, ұжымдық, мемлекеттік** болып бөлінеді (14-сызбанұсқа).

14-сызбанұсқа

### Еңбек құқығы субъектілері

*Жеке субъектілерге* жеке тұлғалар (Қазақстан Республикасы азаматтары, шетелдік азаматтар, азаматтығы жоқ тұлғалар, қоныс аударушы-еңбекшілер, қашқындар, оралмандар және т.т.) жатады. Аталған субъектілер, құқықтық қатынастарға түсе отырып, соған қатысушылар — жұмыскерлер, жұмыс берушілер (жеке тұлғалар), жұмыссыздар, ұжымдық еңбек таластарын бітістірушілер т.б. ролінде көрінеді.

Еңбек құқығының *ұжымдық субъектілері* — еңбек ұжымдары, кәсіподақ комитеттері, жұмыс беруші одақтар, еңбек дауларын шешетін бітістіруші және келістіруші комиссиялар т.б.

Еңбек құқығының *мемлекеттік субъектілері* — Үкімет, аумақтық атқарушы органдар, соттар, прокуратура, еңбекпен қамту мәселелері бойынша өкілетті органдар, еңбек бойынша өкілетті органдар және т.б.

Еңбек ету саласында адам мен азамат құқықтарын шектеуге жол берілмейді. Әрбір адам еңбек ету бостандығына, қызмет пен кәсіп түрін таңдауына немесе мәжбүрлеусіз еңбек етуге құқылы. Әрбір еңбекке қабілеті бар адам өзіне ұнаған кәсіппен айналысуға құқылы.

Осылайша еңбек құқығы қоғам өмірінде, экономиканың және кәсіпкерліктің дамуында маңызды рөл атқарады. Әрбір адам мемлекет қорғауында болып, қолайлы жағдайларда алаңсыз еңбек ете алады.

### Глоссарий

**Конституциялық кепілдіктер** — Қазақстан Республикасының Конституциясында қарастырылған жағдайлар негізінде әрбір адам еркін еңбек етіп, кәсіп түрін таңдап, белгілі бір мамандыққа ие болып, еңбекақы ала алады.





**Еңбек шарты** — жұмыс беруші мен жұмыскердің арасындағы жазбаша келісім. Мұнда тараптардың міндеттемелері мен құқықтары, еңбек жағдайы мен демалыстары көрсетілген.

**Еңбек бостандығы** — әрекет түрін таңдау мүмкіндігі.

### Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары

1. Қазіргі қоғамдағы еңбек құқығының маңыздылығы туралы айтып беріңдер. Еңбек құқығы деген не? Еңбек істемеген адам жауапкершілікке тартыла ма?
2. Еңбек құқықтық қатынастарының мазмұнын ашып көрсетіңдер. Еңбек құқықтық қатынастары қандай негізде басталады?

**1-деңгейлі тапсырма.** 12-кестені толтырыңдар.

12-кесте

### Еңбек құқықтық қатынастары

Еңбек құқықтық қатынастарының объектілері	Еңбек құқықтық қатынастарының субъектілері	Еңбек құқықтық қатынастарының мазмұны

**2-деңгейлі тапсырма.** Тапсырманы орындаңдар. Пәтерінде жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін пәтер иесі жұмысшылар шақырды. Жөндеу жұмыстары бірнеше күн ішінде тапсырылды. Аталған қатынастар еңбек құқығымен реттеле ме? Еңбек қатынастары пайда болуы үшін қандай құжаттар қажет? Неге еңбек қатынастары әрбір адам үшін маңызды?

**3-деңгейлі тапсырма.** Жағдаяттарды талқылаңдар.

1. Баспасөзде Қазақстан азаматтары жұмысқа шақырылатыны туралы хабарландыру жарияланды. Сонымен бірге ауыл тұрғындарын және саяси партия мүшелерін жұмысқа алмайтындарын айтып, мазаламаулары туралы айтылды. Хабарландыру дұрыс құрылған ба? Мұнда кемсітушілік бар ма?

2. Баспасөзде жұмысқа алу жөнінде байқау өткізілетіні туралы хабарландыру жарияланды. Сонымен бірге үміткерлер үшін критерийлер: жасы, мамандығы, жұмыс өтілі, ұлты, дінге қатыстылығы көрсетілді. Хабарландыру дұрыс құрылған ба? Мұнда кемсітушіліктер бар ма?

**Үй тапсырмасы.** «Болашақта қандай мамандық пен еңбек түрін таңдағың келеді?» тақырыбына эссе жазыңдар. «Еңбек ету құқығы», «еңбек еркіндігі», «еңбек кепілдері», «еңбек тәртібі», «демалу құқығы» сөз тіркестерін қолданыңдар.

**Рефлексия.** Аталған тақырыпты қаншалықты меңгергендеріңді 1 мен 10-ның аралығында белгілеңдер. Қандай сұрақтарыңның жауабы табылмады?

## § 13. ЕҢБЕК ЖАҒДАЙЛАРЫ. ЕҢБЕКТИ ҚОРҒАУ

### Бүгінгі сабақта:

- жұмыс беруші мен жұмыскердің құқықтары мен міндеттерін, еңбек дауларын шешу жолдарын қарастырамыз;
- еңбек жағдайлары туралы білеміз;
- кәмелетке толмағандардың еңбегін құқықтық реттеу мәселелерін қарастырамыз.

### Тірек сөздер

- жұмыскер
- жұмыс беруші
- еңбек жағдайлары
- еңбекті қорғау
- еңбек даулары
- кәмелетке толмағандардың еңбегі

Адам жемісті еңбек етуі үшін белгілі бір еңбек жағдайлары мен еңбекті қорғау қажет. Бұл жағдайлар — өндірістің қай түрінің де құрамдас бөлігі. Қазақстан Республикасы Конституциясына сәйкес, адам — ең қымбат құндылық, оның өмірін, құқықтары мен бостандықтарын мемлекет қорғап, кепілдік береді.

Еңбек құқығы еңбек ету барысында еңбек ұжымында қалыптасатын қатынастарды реттеп отырады. Мұнда адамның өмірі мен денсаулығын сақтау, еңбек ету барысында қауіпсіздікті қамтамасыз ету басты мәселе болып табылады.

Табыс табу үшін, жақсы еңбекақы алу үшін немесе өндіруші шығарып отырған бағалы өнім үшін адам өмірін қауіп-қатерге тігуге болмайды. Еңбек ету барысында адамды оның өмірі мен денсаулығына зиян келетін қауіп-қатерден қорғау бірінші орында тұруы керек. Дұрыс ұйымдастырылған еңбекті қорғау жүйесі жұмыскердің өзін

тәртіпке үйретіп, соның нәтижесінде орындалған жұмысының жоғары сапалы болуына және тиімділігінің артуына алып келеді.

### Жұмыс беруші мен жұмыскердің құқықтары мен міндеттері

Жұмыс беруші мен жұмыскер — еңбек құқықтық қатынастарының субъектілері. Жұмыс беруші — жұмыскермен еңбек қатынастарында болатын жеке немесе заңды тұлға.

#### Жұмыс беруші:

- жұмысқа қабылдау кезінде таңдау еркіндігіне;
- жұмысшылармен жасаған келісімшарттарын өзгертуге, толықтыруға, тоқтатуға және бұзуға;
- өз өкілеттілігі аясында жұмыс беруші актісін шығаруға;
- өз құқықтары мен мүдделерін қорғауға және өз өкілеттігі мақсатында бірлестіктер құруға және кіруге;
- жұмыскерлерден еңбек шарттарын, ұжымдық келісімдерді, еңбек тәртібі ережелерін және жұмыс берушінің басқа да актілерін орындауды талап етуге;
- жұмыскерлерді марапаттауға, тәртіпке байланысты жазалауға, материалдық жауаптылыққа тартуға;
- еңбек міндеттерін орындау барысында жұмыскер тарапынан келген шығынның орнын толтыруды талап етуге;





Еңбек қауіпсіздігі



Еңбекті қорғау

- еңбек саласында өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін сотқа шағымдануға;
- жұмыскерге сынақ мерзімін қоюға;
- жұмыскерлерді кәсіби түрде қайта даярлауға және олардың біліктілігін көтеруді қамтамасыз етуге;
- жұмыскерді оқытуға байланысты шығынының өтемін алуға;
- жеке еңбек дауын шешу үшін Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінде қарастырылған тәртіп бойынша өз ретімен келісімдік комиссияға, сотқа шағымдануға құқылы.

**Жұмыскер** — жұмыс берушімен еңбек қатынастарында болатын және тікелей келісімшарт бойынша жұмыс істейтін жекетұлға.

**Жұмыскер:**

- еңбек шартын құру, өзгерту, толықтыру, тоқтату және бұзуға;
- жұмыс берушіден еңбек және ұжымдық келісімшарттарын орындауды талап етуге;
- еңбек және еңбек қауіпсіздігінің қорғалуына;
- еңбек жағдайлары мен еңбекті қорғау жағдайлары туралы толықтай және шынайы ақпарат алуға;
- еңбек және ұжымдық келісімшарттарына сәйкес уақытында және толық көлемде еңбекақы төленуіне;
- бос тұрып қалған кезде ақы төлеуді талап етуге;
- демалысқа, соның ішінде төленетін жыл сайынғы еңбек демалысына;
- бірлесуге, соның ішінде кәсіподақ ұйымын құруға, сонымен қатар өз еңбек құқықтарын қорғау мен өкілеттілігін қамтамасыз ету үшін сол одаққа мүше болуға;
- өз өкілдері арқылы ұжымдық келісімдер мен келісімшарт жобасын жасауға қатысуға, сонымен қатар қол қойылған келісімшартпен танысуға;
- еңбек міндеттемесін орындау барысында денсаулығына зиян келсе, соның орнын толтыруды талап етуге;
- міндетті әлеуметтік сақтандыруға;

- еңбек (қызмет) міндеттемесін орындау барысында келеңсіз жағдайға душар болғанда сақтандыруға;
- кепілдік пен өтемақы алуға;
- заңға қайшы келмейтін барлық әдіс-тәсілдер арқылы өздерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға;
- ешбір кемсітусіз бірдей еңбекке теңдей ақы алуға;
- жеке еңбек дауын шешу үшін Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде қарастырылған тәртіп бойынша келісімдік комиссияға, сотқа шағымдануға;
- еңбекті қорғау және қауіпсіздік талаптарына сай жабдықталған жұмыс орнына;
- Қазақстан Республикасы заңнамасында қарастырылған талаптарға сай жеке және ұжымдық қорғау құралдарымен, арнайы кшммен, сонымен қатар еңбек және ұжымдық келісімдермен қамтамасыз етілуге;
- өміріне немесе денсаулығына қауіп төндіретін жағдайлар туындаған кезде жұмыс берушінің өкілін немесе тікелей басшыны хабарлар етіп, жұмысты орындаудан бас тартуға;
- еңбек ету бойынша өкілетті мемлекеттік органға немесе жергілікті еңбекті бақылау органына жұмыс орнындағы еңбекті қорғау және қауіпсіздік шарттарына тексеру жүргізуі туралы жүгінуге, сонымен қатар жағдайларын жақсартуға, еңбекті қорғау мен қауіпсіздігіне байланысты мәселелер қарастырылып, тексеру жүргізілген кезде өз арасынан өкілдерінің қатысуын қамтамасыз етуге;
- еңбек саласында және тікелей сол қатынастарға байланысты жұмыс берушінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым түсіруге;
- біліктілігіне, жұмыстың күрделілігіне, орындалған жұмыстың саны мен сапасына, сонымен қатар еңбек жағдайларына сай еңбекақы алуға;
- жеке және ұжымдық еңбек дауларын шешуге;
- жұмыс берушіні қолындағы жекебасына байланысты мәліметтердің қорғауын қамтамасыз етуге **құқылы**.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сай жұмыс беруші мен жұмыскерге белгілі бір міндеттемелер де жүктелген.

**Еңбек жағдайлары.** Үйлесімді еңбек жағдайын жасау — әрбір жұмыс берушінің басты міндеті. Еңбек жағдайы еңбек өнімділігіне, жұмыс істеу жылдамдығына, ұжымдағы көңіл күйіне және т.б. көптеген факторларға тікелей әсер етеді.

Еңбек жағдайлары — ақы төлеу, еңбек тәртібі, өз міндеттерін орындау, жұмыс күні мен тынығу уақыты тәртібі, мамандықтарды (қызметті) қоса атқару тәртібі, қызмет көрсету аясын кеңейту, уақытша орнында жоқ жұмыскердің міндетін атқару, еңбек пен еңбек қауіпсіздігін қорғау, техникалық, тұрмыстық-өндірістік жағдайлар, сонымен қатар басқа да екі жақтың келісімі бойынша туындаған еңбек шарттары.

Аталған жағдайлар, әдеттегідей, еңбек келісімшартында, ұжымдық келісімшартта жазылады. Олар ерікті және міндетті.



**Еңбекті қорғау.** Еңбекті қорғау — құқықтық, әлеуметтік-экономикалық, ұйымдастырушылық-техникалық, тазалық-эпидемиологиялық, сауықтыру-профилактикалық, реабилитациялық және басқа да шаралар мен құралдардан тұратын, жұмыс жасау барысында жұмыскерлердің өмірі мен денсаулығына қауіп төнбеуін қамтамасыз ету жүйесі.



Еңбек келісімі

Еңбекті қорғау мен қауіпсіздікке қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерінде көрсетілген. Бұл актілерде жұмыскерлердің еңбек етуі кезіндегі өмірі мен денсаулығын сақтауға бағытталған нормативтер мен іс-шаралар, ережелер көрсетілген. Жұмыскерлердің өмірі мен денсаулығын сақтауға бағытталған іс-шараларды жұмыс беруші мен Қазақстан Республикасының заңнамасы тыйым салмаған басқа да орындар қаржыландырады. Жұмыскерлер бұл мақсатта шығын шығармайды.

Қазақстан Республикасындағы Еңбек заңының сақталуын мемлекеттік еңбек инспекторы бақылайды.

**Еңбек даулары.** Еңбек құқықтық қатынастарында еңбек даулары өте жиі кездесіп отырады. Еңбек дауларының туындауы — жұмыс беруші мен жұмыскер арасында тікелей келіспеушіліктің пайда болуынан шығатын заңды фактілер. Бұл — жұмыскердің қандай да бір құқықтарының бұзылуы немесе оның мекеме алдындағы міндеттерін орындамауы (мысалы, залал келтіргені үшін материалдық жауаптылыққа тартылуы).

Еңбек дауын туындататын жағдайлар еңбек дауының нақты себебі болып табылады. Мысалы, мекеме басшысының еңбек заңнамасын ұйымдастырудағы білімсіздігі немесе оны ескермеуі жұмыскердің құқығын бұзуға және жұмыс беруші мен оның арасында жеке еңбек дауының туындауына алып келеді.

Еңбек дауларының бірнеше себептердің үйлесуі нәтижесінде туындауы — жиі кездесетін жағдай. Олардың бірі экономикалық, екіншісі әлеуметтік, үшіншісі заңнамалық сипат алады.

Экономикалық сипаттағы жағдайларға, жекелей алғанда, еңбекақының толықтай және уақытылы төленуіне кедергі болатын, жұмыскерлерге берілетін жеңілдіктер мен кепілдіктердің (мысалы, денсаулығына зиян келтіретін жұмыстарда сүт, емдік-профилактикалық тамақ беру), еңбек қорғауда қаржының жетіспеушілігі немесе мүлдем болмауы сияқты мекемелердің қаржылық қиындығы жағады.



Әлеуметтік сипаттағы жағдайларға, мысалы, төмен және жоғары ақы төлетін жұмыскерлердің табыс деңгейі айырмашылығының өсуі жатады.

Заннамалық сипаттағы жағдайларға, жекелей алғанда, жұмыс беруші мен жұмыскерге арналған еңбек заннамасының күрделілігі, қарама-қайшылығы, сонымен қатар қолжетімсіздігі жатады.

### *Еңбек дауларын шешу жолдары*

Жеке еңбек дауларын келісім комиссиялары қарастырады. Келісім комиссияларының шешімі орындалмаған жағдайда, соттарда қарастырылады.

Ұжымдық еңбек даулары келесі ретпен шешіледі:

- 1) жұмыс беруші қарастырады;
- 2) шешілмеген жағдайда бітістіру комиссиясы қарастырады;
- 3) онда да келісімге қол жетпеген болса, еңбек арбитражы қарастырады;
- 4) ең соңында сот шешеді.

Кәмелетке толмағандардың еңбек жағдайлары мен еңбектерін қорғауда айырмашылықтар бар екенін айта кету керек.

**Кәмелет жасына толмағандардың еңбегін құқықтық реттеу.** 18 жасқа толмағандардың еңбегін реттеу ерекшеліктері туралы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінде анық айтылған. Атап айтқанда, 18 жасқа толмаған жұмыскерлер, еңбек қатынастары бойынша, құқықтық жағынан кәмелетке толғандармен теңестіріледі. Еңбекті қорғау саласында жұмыс уақыты, демалыс уақыты және басқа да еңбек жағдайларында қосымша кепілдіктерді пайдаланады.

18 жасқа толмағандардың ауыр жұмыстарда, зиянды және қауіпті жағдайларда, сонымен қатар денсаулығына және мінез-құлқының дамуына зиян келтіретін, ішімдік өнімдерін тасымалдау және сату сияқты өндіріс орындарында, түнгі ойын-сауық мекемелерінде істеулеріне тыйым салынады.



Кәмелетке толмағандардың еңбегі



Сонымен қатар 18 жасқа толмаған жұмыскерлерге белгіленген нормадан асатын ауыр заттарды көтеру мен тасымалдауға тыйым салынады. Кәмелет жасына толмағандардың еңбегін пайдалануда тыйым салынатын жұмыстар тізімі және ауыр заттарды көтеру мен тасымалдау нормалары денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік орган уәкілінің келісімі бойынша мемлекеттік органның құзыретімен анықталады. Жұмыс беруші мен 18 жасқа толмаған жұмыскер арасындағы еңбек шарты жасөспірім міндетті дәрігерлік тексеруден өткен соң ғана құрылады. Жұмыс беруші кәмелет жасына толмаған жұмыскерлердің жұмыс күні тәртібіне баса назар аударуы қажет.



Мектептегі зияткерлік еңбек

Жұмыс беруші еңбекті қорғауды үнемі қамтамасыз ете бермейді және еңбек жағдайларын да үнемі сақтай бермейді. Бірақ Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасы арқасында әрбір жұмыскер оның орындалуын және өзіне қолайлы, қауіпсіз жағдайлар жасауды талап ете алады.

### Глоссарий

**Жұмыс беруші** — жұмыскермен еңбек қатынастарында тұрған жеке немесе заңды тұлға.

**Жұмыскер** — жұмыс берушімен еңбек қатынастарында тұрған жекетұлға және келісімшарт арқылы тікелей жұмыс атқарушы.

**Еңбек даулары** — Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасын қолдану мәселелері бойынша жұмыскер мен жұмыс беруші арасында туындайтын, еңбек және ұжымдық келісімшарттарды, жұмыс берушінің актілерін орындау немесе өзгерту мәселелері бойынша келіспеушіліктер.

**Еңбек жағдайлары** — ақы төлеу, еңбек тәртібі, өз міндетін орындау, жұмыс күні мен тынығу уақыты тәртібі, мамандықтарды (қызметті) қоса атқару тәртібі, қызмет көрсету аясын кеңейту, уақытша орнында жоқ жұмыскердің міндетін атқару, еңбек пен еңбек қауіпсіздігін қорғау, техникалық, тұрмыстық-өндірістік жағдайлар, сонымен қатар басқа да екі жақтың келісімі бойынша туындаған еңбек шарттары.

**Еңбекті қорғау** — жұмыс барысында жұмыскерлердің өмірі мен денсаулығына қауіп төнбеуін қамтамасыз ету жүйесі.

**Кәмелетке толмағандардың еңбегі** — 18 жасқа толмаған жұмыскерлер, еңбек қатынастары бойынша құқықтық жағынан кәмелет жасына толғандармен теңестіріледі. Еңбекті қорғау саласында, жұмыс уақыты, демалыс уақыты және басқа да еңбек жағдайларында қосымша кепілдіктерді пайдаланады.



### Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары

1. Жұмыс беруші мен жұмыскердің қандай құқықтары мен міндеттері бар?
2. Еңбек жағдайлары деген не және олар не үшін маңызды? Еңбек жағдайларына бірнеше мысалдар келтіріңдер.
3. Қалай ойлайсыңдар, еңбекті қорғау не үшін маңызды?
4. Қазақстан Республикасы заңнамасы бойынша еңбек даулары және оны шешу жолдары туралы не білесіңдер?

**1-деңгейлі тапсырма.** 13-кестені толтырыңдар.

13-кесте

### Жұмыс беруші мен жұмыскердің міндеттемелері

Жұмыскердің еңбек міндеттемелері (ҚР ЕК-нің 22-б.)	Жұмыс берушінің еңбек міндеттемелері (ҚР ЕК-нің 23-б.)

**2-деңгейлі тапсырма.** Жағдаятты талқылаңдар. Мекеме жұмыскерлерге еңбек-ақы төлемейді. Жетекші мекеменің қаржылық қиындыққа ұшырағанын айтады. Жұмыскерлерге бірнеше ай күте тұруды немесе еңбекақысыз жұмыстан шығуды ұсынады. Еңбек құқығының қандай қағидаты бұзылды? Бұл жерде еңбек дауы бар ма? Жұмыскерлер мен жетекшінің не істеулері керек?

**2-деңгейлі тапсырма.** Жағдаятты талқылаңдар. Мектеп бітіргеннен кейін театр үйірмесінің ең белсенді қатысушысы Ж. театр академиясына түспекші болады, бірақ ол сәтсіздікпен аяқталады. Ол еш жерде жұмыс істемей, күні бойы үйде отырып, кітап, журналдар оқып, теледидар көріп, музыка тыңдады. Ата-аналары оны хат тасушы, болмаса жақын жердегі бір компанияға хатшы етіп орналастырмақшы болды. Бірақ ол Қазақстан Республикасы Конституциясына сәйкес біздің елімізде еңбек ерікті және әркім өзіне кәсіп таңдауға құқылы деген желеумен әр кез бас тартып отырды. Оның үстіне, біздің елімізде мәжбүрлі еңбекке тыйым салынған.

Аталған жағдайда кімдікі дұрыс: Ж. ма, әлде оның ата-анасы ма? Заң және мораль тұрғысынан бағалаңдар. Оны жұмысқа орналастыруға тырысқан ата-анасы Ж.-ның құқығын бұзып отырған жоқ па? Мұндай жағдайда қандай әлеуметтік ережелерді қолдануға болады? Ж.-ға кеңес беріңдер.

**Рефлексия.** Аталған тақырыпты қаншалықты меңгергендеріңді 1 мен 10-ның аралығында белгілеңдер. Қандай сұрақтарыңның жауабы табылмады?

## § 14. ЕҢБЕК ШАРТЫ

### Бүгінгі сабақта:

- еңбек шарты мен оның мазмұнын оқып-үйренеміз.

Жұмысқа тұру кезіндегі маңызды сәттердің бірі келісімшартқа отыру болып табылады. Жұмыскерге аталған шартты оқып зерттеу өте маңызды, себебі оның болашақтағы бүкіл жұмысы осыған байланысты.

Еңбек шарты — жұмыс беруші мен жұмыскер арасындағы жазбаша келісім. Жұмыскер жеке өзіне белгіленген жұмысты



атқаруды (еңбек функциясын), еңбек тәртібін сақтауды міндетіне алады, ал жұмыс беруші жұмыскерге шартты түрде белгіленген жұмысты беруге, еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

### Тірек сөздер

- еңбек шарты
- еңбек шартының мазмұны

Еңбек шарты мәліметтер мен шарттардан тұрады. Мәліметтер туралы екі тарап келісімге келмейді. Мәліметтер айтарлықтай заңды орын алатын фактілерді көрсетеді. Мысалы, екі тараптың еңбек шартын құрған күнін заң шарттың күшіне ену сәтімен байланыстырады.

Еңбек шартының тараптары — жұмыскер мен жұмыс беруші.

Жұмыскер мен жұмыс берушінің жұмысқа қабылдау кезіндегі әрекеттері (15-сызбанұсқа):

15-сызбанұсқа



Еңбек шартының басқа шарттардан айырмашылығы — онда келесі шарттардың болуы:

- 1) белгілі бір біліктілігі, мамандығы, кәсібі немесе қызметі бойынша жұмыскердің жұмысты орындауы (еңбек функциясы);
- 2) еңбек тәртібіне бағына отырып, міндетін жеке-дара орындауы;
- 3) еңбегі үшін жұмыскердің жалақы алуы.

Еңбек шарты:

1) белгісіз мерзімге;

2) бір жылдан кем емес белгілі бір мерзімге жасалуы мүмкін.

Шарт мерзімі өткеннен кейін екі тарап оны бір жылдан кем емес белгісіз немесе белгілі бір мерзімге созуға құқылы. Еңбек шартының мерзімі өткеннен кейін, екі тараптың біреуі соңғы жұмыс күні (ауысым) ағымында еңбек қатынастарының тоқтатылуы туралы жазбаша түрде хабарламаса, ол бұрын бекітілген, дәл сол мерзімге ұзартылған болып есептеледі. Еңбек қатынастарын жалғастырған кезде еңбек шарты белгіленбеген мерзімге бекітілді деп есептеледі;



Жобаны талдау

- 3) нақты бір жұмысты орындау уақытына;
- 4) уақытша орнында жоқ жұмыскерді ауыстыру уақытына;
- 5) маусымдық жұмысты орындау уақытына жасалуы мүмкін.

Еңбек шартына Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 28-бабында қарастырылған міндетті шарттарды енгізу керек. Еңбек шартында жұмыскер мен жұмыс берушінің аты-жөні, белгілі бір мамандық, санат немесе лауазым бойынша атқарылатын жұмыс түрі көрсетіледі. Сонымен қатар жұмыс орны, еңбек шартының мерзімі, жұмыс уақыты мен демалыс уақытының режимі, айлық жалақысының мөлшері, тараптардың жауапкершілігі мен міндеттері және басқалары көрсетіледі.

Еңбек шартында жұмыскердің сынақ мерзімінен өтуі туралы шарт қойылуы мүмкін. Әдеттегідей, келісімде мұндай шарттың пайда болуы жұмыскер, оның біліктілігі, іскерлік қасиеттері және т.б.



Еңбек шартына қол қою



еңбек келісімі бойынша тапсырылған жұмысқа сәйкес келетініне көз жеткізу үшін жұмыс берушінің бастамасымен болады.

Еңбек шартын тоқтатуға негіз болатын жағдайлар:

- 1) екі тараптың келісімі бойынша еңбек шартын бұзу;
- 2) еңбек шарты мерзімінің өтіп кетуі;
- 3) жұмыс берушінің бастамасымен еңбек шартының бұзылуы;
- 4) жұмыскердің басқа жұмыс берушіге ауысуына байланысты;
- 5) жұмыскердің бастамасымен еңбек шартының бұзылуы;
- 6) екі тараптың еркінен тыс жағдайлар;
- 7) жұмыскердің еңбек қатынастарын жалғастырудан бас тартуы;
- 8) Қазақстан Республикасы заңнамасында қарастырылған жағдайлардан басқа, еңбек қатынастарын жалғастыру мүмкіндігін қоспағанда, жұмыскердің сайланатын жұмысқа (қызмет) немесе оны басқа қызметке тағайындау жағдайында;
- 9) еңбек шартын құру тәртібі бұзылғанда.

ҚР ЕК-нің 52-бабында еңбек шартының жұмыс берушінің бастамасымен бұзылу негізі көрсетілген. Жұмыскермен жасалған еңбек шарты жұмыс берушінің бастамасымен түрлі жағдайларда бұзылуы мүмкін. ҚР ЕК-нің 64-бабына сәйкес еңбек тәртібін бұзғаны үшін жұмыс беруші жұмыскерге мынадай тәртіптік жаза қолдана алады:

- 1) ескерту;
- 2) сөгіс жариялау;
- 3) қатаң сөгіс жариялау;
- 4) жұмыс берушінің бастамасымен еңбек шартының бұзылуы.

Жұмыс беруші тәртіптік жазаны акт жасау арқылы қолдана алады. Тәртіптік жаза қолданбас бұрын жұмыс беруші жұмыскерден жазбаша түсінік талап етуге міндетті. Егер екі жұмыс күні ішінде жұмыскер жазбаша түсінік бермесе, онда тиісінше акт жасалады.

Осылайша еңбек шарты мазмұны еңбек ету мазмұнын, негізгі шарттарын, екі тараптың құқықтары мен міндеттерін толықтай жүйелі баяндап, ашып көрсетеді.

### Глоссарий

**Еңбек шарты** — жұмыс беруші мен жұмыскер арасындағы жазбаша келісім. Шартқа сәйкес жұмыскер белгіленген жұмысты атқаруды (еңбек қызметі аясын), еңбек тәртібін сақтауды міндетіне алады. Жұмыс беруші жұмыскерге шартты түрде белгіленген жұмысты беруге, еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге, жұмыскерге уақытында және толық көлемде еңбекақысын төлеуге міндеттенеді.

**Еңбек шартының мазмұны** — тараптардың құқықтары мен міндеттері, негізгі шарттары.

### **Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары**

1. Еңбек шарты деген не?
2. Қазақстан Республикасы Еңбек заңнамасында еңбек шартының қандай түрлері қарастырылғаны туралы айтып беріңдер.

### **3-деңгейлі тапсырма**

1. ҚР Еңбек кодексін пайдаланып, *еңбек функциясы, еңбек тәртібі, еңбекақы, еңбек жағдайы* түсініктерін оқып-үйреніңдер, мағынасын ашыңдар. Еңбек функциясын шартта нақты көрсету неліктен сонша маңызды? Жұмыскердің санаты дегеніміз не?

2. Еңбек шартының жұмыс берушінің бастамасымен бұзылу негізін оқып біліңдер (ҚР ЕК-нің 52-бабы). Мысалы, жұмыскердің бір жұмыс күні ішінде (бір ауысымда) себепсіз үш сағаттан артық жұмыста болмауы және т.б. Неліктен аталған негіздемелерді шектеу керек?

**Рефлексия.** Аталған тақырыпты қаншалықты меңгергендеріңді 1 мен 10-ның аралығында белгілеңдер. Қандай сұрақтарыңның жауабы табылмады?





## ОТБАСЫ ҚҰҚЫҒЫ

### § 15. «ОТБАСЫ ҚҰҚЫҒЫ» ТҮСІНІГІ

Отбасы қоғамда өмірдің басты құндылықтарының бірі және бақытты өмір сүрудің шарты ретінде қабылданады. Оның үстіне қоғамдық өмірдің тұрақтылығы немесе тұрақсыздығы, ұлт денсаулығы тікелей отбасының жағдайына байланысты.

**Отбасы өмірлік құндылық ретінде адамға :**

- мәдениет құндылықтарына араласу мүмкіндіктерін;
- алғашқы әлеуметтік рөлді игеру мүмкіндіктерін;
- қоғамда өзін-өзі ұстауы тәжірибесін;
- әлеуметтік қорғау мен болашаққа сенімшілікті;
- адамға күнделікті өмірге қажетті дағдыларды менгеру мүмкіндіктерін береді.

#### Бүгінгі сабақта:

- «отбасы», «неке» түсініктерін, әрбір адам үшін отбасының маңызын, отбасы мен некені сақтап қалу әдістерін қарастырамыз.

#### Тірек сөздер

- отбасы
- неке
- құндылық
- отбасы мен некені қорғау

#### БҰЛ ҚЫЗЫҚ!

Ежелгі Грецияда неке азаматтардың қоғамдық міндетіне кірген. Яғни, әрбір адам некеге тұрып, дүниеге ұрпақ әкелуі керек болған. Осылайша мемлекет пен отбасы нығайған. Платон отбасын мемлекеттің негізі деп санаған. Аристотель «Отбасы — адамдардың әлеуметтік қарым-қатынасының алғашқы түрі, мемлекет пайда болған алғашқы ұяшық» деп тұжырымдаған. Қытай философы Конфуций жекетұлғаны қалыптастырудағы нағыз табиғи әдіс отбасы екенін бағамдаған. Ол отбасын, отбасылық тұрмысты барлық қайырымдылықтың бастамасы деп санаған. Кант келісімділік қатынастар мен өмір бойы сенімге негізделген бірнекелілік қана заңды және этикалық (әдептілік) болады деп есептеген. Ежелгі қазақ қоғамында отбасы мен неке ең қасиетті болып саналған.

#### Есте сақтаймыз!

Отбасында балалардың санасына, құқықтық және адамгершілік қағидаттарына негізделген: отанды қорғау, ар, намыс, бастамашылық, еңбексүйгіштік, мақсаттылық, ананы құрметтеу, үлкендерді сыйлау, қайырымдылық, аяушылық білдіру сияқты жалпыға ортақ идеялар бала кезден бастап сіңірілуі керек. Өйткені олар — өз елінің болашақ азаматтары.



Қазақ тілінде осы идеяларды айқындайтын көптеген мақал-мәтелдер бар. Олардың бірнешеуін келтірейік: «Үлкенді сыйлау — кісілік», «Әдепті елдің қыздары — қырмызы қызыл жібектей», «Әдептілік белгісі — піліп сәлем бергені» т.б.

*Отбасы* — ерлі-зайыптылар, ата-аналар мен балалар арасындағы қатынастар. Отбасы некеге немесе қандық туысқандыққа негізделген. Отбасы мүшелері бір-біріне өзара көмек көрсетіп, өзара моральдық жауапкершілікпен байланысады. Отбасының ең маңызды функциясы — баланы дүниеге әкелу және оның тәрбиесі.

Некеге тұру, туысқандық, бала асырап алу, балаларды өз тәрбиесіне алу арқылы пайда болатын қатынастар *отбасы қатынастары* деп аталады.

**Отбасы құқығы** шартты түрде отбасылық деп аталатын басқа да қатынастарды реттеп отырады. Мысалы, әжелер мен немерелер арасындағы қатынас; кәмелет жасына жеткен, өздері отбасын құрған және бөлек тұратын ағалары мен қарындастар арасындағы қатынас. Көрсетілген қатынастардың негізі көбінесе туысқандық қатынас болғандықтан, мұндай қатынастар *туысқандық қатынастар* деп аталады. Туысқандықтың екі тармағы ерекшеленеді: *тікелей* немесе *жанана*. Тікелей тармағы бір-бірінен тарау негізінде болады. Туысқандықтың жоғарғы сызығы мен төменгі сызығын бөліп көрсетеді. Туысқандықтың жоғарғы сызығы ұрпақтарынан ата-бабасына (әкесіне/шешесіне, атасына, бабасына және т.т.) қарай, төменгі сызығы — атасынан ұрпағына (баласына, немересіне, шөбересіне және т.т.) қарай жүреді.

Туыстық — бір-бірінен немесе бір атадан тараған тұлғалардың қандық байланысы. Қазақ халқында жеті атаға дейін туыс болып саналады.

Отбасын құру негізі неке болып табылады. Қазақстанда неке мемлекеттік органдарда тіркелуі керек.



Жас отбасы



**Есте сақтаймыз!**

**Неке** — отбасын құру мақсатында заңмен реттелген тәртіп бойынша өз еркімен және толықтай келісім арқылы бекітілген, ерлі-зайыптылар арасындағы мүліктік және мүліктік емес қатынастарды туындататын теңқұқықты одақ. Заң жағынан алғанда неке — құқықтық институт. Ол — ерлі-зайыптылардың өзара құқықтары мен міндеттерін, олардың бір-біріне, балаларына, ортақ мүлкіне деген қатынасын реттеп отыратын мінез-құлықтың стандартты үлгісі, нормалар жиынтығы.

Отбасылық-некелік қатынастарды реттеп отыратын құқықтық нормалардың жиынтығы *отбасы құқығы* деп аталады. 2011 жылы 26 желтоқсанда қабылданған ҚР «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексі отбасылық-некелік қатынастарды реттеп отырады.

Отбасындағы қатынастардың бәрі құқық арқылы реттелмейді. Отбасындағы қатынастар, негізінен, өзара сыйластық, махаббат, бір-біріне қамқорлық, моральдық қолдау көрсету сияқты әдептік ережелеріне негізделіп реттеледі. Көбінесе отбасылық өмір салты ұлттық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарға (отбасын материалдық жағынан қамтамасыз ету толығымен отағасына жүктеледі, туыстарын, үлкендерді құрметтеу мен сыйлау және т.б.) сүйенеді.

Отбасының ішкі мәселелері, егер бұл мәселелер олардың мүддесін көздейтін болса, кәмелетке толмаған балаларды да қоса отырып, отбасы мүшелерінің өзара келісімі арқылы шешіледі. Отбасылық қатынастар бұзылған кезде ғана құқықтық ережелердің араласу қажеттігі туындайды.

Отбасылық мүліктік қатынастарды азаматтық құқық реттейді, өйткені аталған қатынас объектісі материалдық игілік болып табылады. Отбасы құқығы азаматтық құқықпен тығыз байланысты.


Отбасы құқығы қағидаттарын қарастырайық.

**Отбасы құқығы қағидаттарына:**

- ер мен әйелдің некелік одағының (ерлі-зайыптылық) еріктілігі;
- отбасындағы ерлі-зайыптылардың теңдігі;
- отбасы істеріне әлдекімнің өздігінен араласуына жол бермеу;
- отбасының ішкі мәселелерін өзара келісім арқылы шешу;
- балалардың отбасында тәрбиеленуіне, олардың дамуы мен жағдайының жақсы болуына басымдық беру;
- отбасының еңбекке қабілетсіз және жасы келген, кәмелет жасына толмаған мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін басымдықпен қорғау;
- отбасы мүшелерінің өз құқығын еш кедергісіз жүзеге асыру, құқықтарын сот арқылы қорғау мүмкіндігін қамтамасыз ету;
- барлық отбасы мүшелерінің денсаулығын сақтау ісінде қолдау көрсету **жатады.**

Мемлекет және қоғам неке мен отбасының мықты болуына мүдделі. Сондықтан неке мен отбасы мемлекет қорғауында. Неке мен отбасын қорғау екі түрде жүзеге асады: *юрисдикциялық* және *бейюрисдикциялық* (16-сызбанұсқа) .

16-сызбанұсқа



*Юрисдикциялық түрі* — бұзылған немесе талас тудырып отырған құқықтарды қорғау жөніндегі өкілетті мемлекеттік органдарды тарту арқылы отбасы құқықтарын қорғау. Бұл — сот, прокуратура, некені тіркеу бөлімі, қамқорлық органдары және ішкі істер органдары.

*Бейюрисдикциялық түрі* — азаматтар мен отбасы құқықтары және мүдделерді қорғау ұйымдарының мемлекеттік органдардан көмек сұрамай, өздігінен әрекет жасауы. Мысалы, құқықтары бұзылған баланың ата-анасы құқықбұзушымен және оның ата-анасымен әңгіме жүргізіп, оған кешірім сұрауды ұсынуы т.б.

Неке мен отбасы мемлекет пен қоғамның негізі болып табылады. Отбасы мен неке мықты болған сайын, мемлекет те күшті болады. Біздің әрқайсысымыз отбасын құрып, некеге тұру түрін таңдап аламыз.

### Глоссарий

**Отбасы** — мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар мен міндеттемелер арқылы байланыста болатын тұлғалардың бір тобы. Олар неке табиғатынан, туысқандықтан, асырап алу немесе балаларды өз тәрбиесіне алудың басқа түрлерінен туындайды.

**Неке** — отбасын құру мақсатында заңмен реттелген тәртіп бойынша өз еркімен және толықтай келісім арқылы бекітілген, ерлі-зайыптылар арасындағы мүліктік және мүліктік емес қатынастарды туындататын теңқұқықты одақ.





**Отбасы құқығы** — отбасылық-некелік қатынастарды реттеп отыратын құқықтық нормалар жиынтығы.

**Туыстық** — бір-бірінен немесе ортақ атадан тарайтын тұлғалардың қандық байланысы.

### Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары

1. «Отбасы» ұғымын түсіндіріңдер. Отбасының некеден қандай айырмашылығы бар?
2. Некенің (ерлі-зайыптылықтың) басты мақсаты не?
3. Отбасын қорғаудың юрисдикциялық және бейюрисдикциялық түрлерінің ерекшеліктерін ашып көрсетіңдер.
4. **Сынып жұмысы.** Философтардың отбасы туралы айтқандарын талдаңдар. Олардың басты идеясы не? «Отбасы мықты болса, мемлекет те мықты» дегенді қалай түсінесіңдер?

**1-деңгейлі тапсырма.** 14-кестені толтырыңдар.

14- кесте

#### Отбасылық құқық қағидаттары

№	Қағидат атауы	Мазмұны	Тәжірибеден мысал

**1-деңгейлі тапсырмалар.** Жағдаяттарды талқылаңдар.

1. Отбасында 12 және 16 жастағы екі бала бар. Ата-аналары олардың спортпен және музыкамен айналысқандарын қалайды. Жасөспірімдер ата-аналарының қалауынан бас тартады. Оларға компьютерлік бағдарламамен айналысу көбірек ұнайды. Отбасында жанжал туындайды.

Бұл жанжалды қалай шешуге болады? Отбасындағы қатынастар қандай нормалармен реттеледі?

2. Отбасында жағымсыз жағдай орын алды, ата-аналар бір-бірімен тіл табыса алмайды. Тіпті 14 және 16 жастағы балаларына көңіл бөлмейтін болды. Олар мектепке баруды қойып, шағын саудамен айналысады, күні бойы далада жүреді.

Ата-ана өз балаларының істері үшін жауап бере ме? Бұл жағдайға қандай органдар назар аударуы керек? Бұл отбасының ата-анасы мен балаларына қандай ақыл айтар едіңдер?

**2-деңгейлі тапсырмалар.** Л.Н.Толстойдың «Анна Каренина» шығармасынан: «Барлық бақытты отбасы бір-біріне ұқсайды, әрбір бақытсыз отбасы өзінше бақытсыз» деген пікірін ой елегінен өзіңіздер. Автор нені меңзеген? «Бақытты отбасы қалай өмір сүруі керек?» деген пікірді ашып көрсетіңдер.

**Рефлексия.** Аталған тақырыпты қаншалықты меңгергендеріңді 1 мен 10-ның аралығында белгілеңдер. Қандай сұрақтарыңның жауабы табылмады?

## § 16. НЕКЕГЕ ТҰРУ ЖӘНЕ НЕКЕНІ БҰЗУ ЖОЛДАРЫ

### Бүгінгі сабақта:

- некеге тұру шарттары мен кедергілерін, некені тоқтату және бұзу мәселелерін қарастырамыз.

### Тірек сөздер

- неке
- некеге тұру
- некені бұзу

Қазақстан Республикасында отбасы және неке мемлекеттің қорғауында. Бұл некеге тұру мен некені тоқтатуды мемлекеттің айқын реттеп отырғанын білдіреді.

Некеге тұру үшін екі жақ еркін түрде өз қалауын білдіруі қажет. Адамдар некеге өз еркімен, отбасын құрудың заңнамалық және моральдық салдарларын түсіне отырып, міндеттемелерін орындауға және бірі-бірінің алдында жауапкершілігін сезіне отырып, саналы түрде тұрады.

### Есте сақтаймыз!

**Неке** — жауапкершілік! Неке — өзара сүйіспеншілік! Неке — бір-бірін сүйетін екі адамның ерікті одағы! Неке мемлекет пен қоғамның қорғауында.

Мына жағдайларда некеге тұруға (ерлі-зайыпты болуға) жол берілмейді:

- біржынысты адамдарға;
- егер некеге тұратын екі адамның біреуі басқа некеге тіркелген болса (ерлі-зайыптылық);
- жақын туыс болса. Жақын туыстар арасы заңмен белгіленген. Оларға ата-анасы, балалары, асырап алушылар, асырап алынғандар, ағалы-қарындастар, атасы, әжесі, немерелері жатады;



Кодекс



Отбасы



- асырап алушылар мен асырап алынғандар арасында, асырап алушылардың балалары мен асырап алынған балалар арасында;
- заңды күшіне енген сот шешімі бойынша екеуінің біреуі жүйке ауруына шалдығуы әсерінен әрекетке қабілетсіз деп танылса, олардың некеге тұруына жол берілмейді.

Қазақстан Республикасында некеге тұру кезінде әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, тілдік немесе дінн белгілеріне байланысты азаматтар құқығын шектеудің барлық түрлеріне тыйым салынған. Ерлі-зайыптылар арасындағы қарым-қатынасқа туыстарының араласуына жол берілмейді.

Некеге тұру ер мен әйелдің өзара келісімі мен олардың неке жасы — 18-ге толуы негізінде жүзеге асады. Егер некеге тұру мәжбүрлеу, күш көрсету, алдау, қауіп төндіру арқылы жүргізілсе, ондай неке заңсыз болып танылады.

Некеге тұру келісімі некені тіркеу барысында некеге тұратын адамның тікелей қатысуымен ауызша айтылып, оның қол қоюымен расталады. Мұнда ата-аналарының, туыстарының келісім беруі талап етілмейді. Дегенмен болашақ отбасы үшін ата-анасының рұқсаты барлық жағынан алғанда маңызды болып саналады.

#### Есте сақтаймыз!

Қазақстан Республикасында мемлекеттік органда ресми түрде тіркелген неке ғана мойындалады.

Тіркеуші органдар орынды себептер болған жағдайда ғана некеге тұру жасын 2 жылдан артпайтын мерзімге қысқартады. Неке кню жасына жетпеген тұлғалар арасындағы некеге тұру ата-анасының рұқсаты арқылы ғана жүзеге асады. Орынды себептерге аяғы ауырлығы немесе баланың дүниеге келуі, әскери қызметке шақырылуы, кәмелет жасына жетпегендердің отбасын құруы жатады. Мұнда басқа да орынды себептер болуы мүмкін.

**Некені тоқтату.** Ерлі-зайыптылардың жеке және мүліктік құқықтық қатынастарының тоқатылуы *некені тоқтату* деп түсіндіріледі. Неке заңда көрсетілген оқиғалардың себебінен немесе ерлі-зайыптылардың бірінің қалауымен тоқтатылады.

Некені тоқтатуға негіз болады:

- ерлі-зайыптының бірінің өлімі;
- ерлі-зайыптының бірінің дүниеден өткенін соттың хабарлауы;
- некені бұзу (ажырасу).



Қазақстандық заңнама ажырасуды қолдамайды. Әрбір мемлекет отбасы мен некенің сақталуына мүдделі, бірақ, өкінішке орай, соңғы онжылдықтарда біздің елімізде ажырасу көрсеткіші тұрақты өсіп отыр.

Некені ажырасу жолымен тоқтату заңмен қалыптасқан ереже бойынша тіркеуші органда немесе сот арқылы жүргізілуі мүмкін.

Тіркеуші органда некені бұзу ерлі-зайыптылардың бірігіп жазған өтініштері арқылы және де тек жекелеген жағдайларда ғана ерлі-зайыптылардың бірінің өтініші арқылы жүргізіледі. Некені бұзуды тіркеу барысында тіркеу орындарының ажырасу себептерін анықтауға, ерлі-зайыптыларға татуласуға уақыт беруді ұсынуға құқы жоқ.

Сонымен қатар ерлі-зайыптылардың біреуінің өтініші арқылы ажырасу ісінің қарапайым тәртібі бар. Бұл келесі жағдайларда болады: егер сот жүйке ауруына шалдығуы салдарынан ерлі-зайыптылардың бірін іс-әрекетке қабілетсіз деп таныса; егер ерлі-зайыптылардың бірі 3 жылдан кем емес мерзімге бас бостандығынан айырылып, қылмыс жасағаны үшін сотталса; егер сот ерлі-зайыптылардың бірін хабар-ошарсыз кетті деп таныса; осыған байланысты заң әрекетке қабілетті еріне (әйеліне) некені сақтап қалу немесе бұзу туралы екеуі үшін шешім қабылдауға құқық берсе және т.б.

Сот арқылы некені бұзу мынадай жағдайларда орын алады: ерлі-зайыптылардың кәмелет жасына толмаған ортақ балалары болған жағдайда; ерлі-зайыптылардың бірінің некені бұзуға келісімі болмаса; егер ерлі-зайыптылардың бірі өтініш беруден бас тартып, некені бұзудан қашпақтаса, мемлекеттік тіркеуге келмесе, ерлі-зайыптылардың бір-біріне мүліктік талабы болса және т.б.

Мемлекет некелік одақтың мығым болуына мүдделі. Сондықтан соттарға заңды түрде ерлі-зайыптыларды татуластыру шараларын жүргізу міндетін жүктеген. Бірақ татуластыру өзіндік мақсат болып табылмайды, ол тек отбасын нығайту құралы болып отыр. Сондықтан, егер аталған міндет орындалмаса және балаларды қорғау мүддесіне қайшы келетін болса, сот ажырасуды жүзеге асырады.

**Некені тоқтатудың құқықтық салдарлары.** Некені бұзу нәтижесінде некеде болған ерлі-зайыптылардың арасында туындаған жеке және мүліктік қарым-қатынастар тоқтатылады. Некені тоқтату жанадан некеге тұру құқығына ие болуға алып келеді. Ажырасу жолымен некені бұзу ата-аналардың балаларына қатысты құқықтары мен міндеттерін тоқтатпайды.

Некені бұзғаннан кейін тегін таңдау мәселесі жиі кездеседі: бұрынғы ерінің тегін қалдыру керек пе, жоқ некеге тұрғанға дейінгі өз тегін алу керек пе? Некедегі тегін қалдыру толығымен басқа текті



кабылдаған ерлі-зайыптыға байланысты. Зайыбының таңдауына ешкім әсер ете алмайды, тіпті неке бұзылғаннан кейін кімнің тегін қалдыруды қалайтынына ері де араласа алмайды. Неке бұзылғаннан кейін, әдеттегідей, ерлі-зайыптылардың бір-біріне материалдық қолдау көрсету міндеті тоқтатылады. Бірақ бұл жағдайда, егер сот арқылы бұрынғы зайыбының (жұбайының) еңбекке жарамсыз және көмек қажет екендігі анықталса, соңғысы өзінің бұрынғы ерінен (әйелінен) алимент алу құқығын сақтап қалады.

Осылайша Қазақстан Республикасында некеге тұру мен некені бұзу жолдары заң жүзінде бекітіліп, реттеліп, мемлекет қорғауында болады. Қазақстан Республикасында мемлекеттік органдарда тіркелген неке ғана мойындалады және де заң жүзінде себептері танылған неке ғана бұзылған деп есептеледі.

### Глоссарий

**Некенің тоқтатылуы** — ерлі-зайыптылардың жеке және мүліктік құқық қатынастарының тоқтатылуы. Неке заңда айқындалған белгілі бір жағдайлардың туындауына байланысты немесе ерлі-зайыптылардың біреуінің не екеуінің бірдей қалауымен тоқтатылады. Некенің тоқтатылуы сот пен АХАТ органдары арқылы жүзеге асады.

**Некенің бұзылуы (ажырасу)** — некені сот арқылы бұзу. Ажырасу арқылы некелерінің бұзылуы ата-аналардың балаларына қатысты құқықтары мен міндеттерін тоқтатпайды.

### Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары

1. Некеге тұру үшін қандай шарттар қажет? Мәжбүрлеу арқылы некеге тұруға бола ма? Неке барлық жағдайда сүйіспеншілік арқылы бола ма? Некеге тұратын жастарға қандай кеңес беруге болады?
2. Некеге тұрудың шарттары мен туындайтын кедергілерді ашып көрсетіңдер. Жақын туыстарға неге некеге тұруға болмайды?
3. Ажырасу деген не? Неге мемлекет пен қоғам ажырасуды қолдамайды?

#### 1-деңгейлі тапсырма

1. Пікірталас өткізіңдер. Қазақ халқында жеті атасына дейінгі туыстар арасында некеге тұруға тыйым салынады. Бұл қағидат «Жеті ата» деп аталады.

2. Қазақта «Жеті атаға» байланысты мақалдар бар.

- Жеті атасын білмеген жетесіз.
- Жеті атасын білген ұл, жеті жұрттың қамын жер.
- Жеті атасын білмеген — білімсіздік белгісі.

Мақалдарды талдаңдар.

3-деңгейлі тапсырма. Берілген мәтіндерді оқып, талқылаңдар. Балаларды тәрбиелеу туралы өз ойларыңды айтыңдар. Бүгінгі күні бала тәрбиесінің қандай қағидаттарын қолдану қажет?

• Белгілі тарихшы Ж.Артықбаев өзінің «Қазақ қоғамы: дәстүрлер мен жаңарулар» атты еңбегінде ұл баланың дүниеге келуіне байланысты оқиға салтанатты түрде, көбінесе таза отбасылық қуаныш шеңберінен асып түсетінін; бала дүниеге келген күні ауыл жас-



тары жиналып, таң атқанша ойын-сауық құратынын, көңіл көтеріп, айғай-шу болған жерден жын-шайтан қашып кетеді деп есептегендерін атап өтеді.

- Ұл мен қыз тәрбиесінің өзіндік ерекшеліктері болған. Көшпенділердің балалары ерте есейген. 13—15 жасар балалар кәмелетке толған деп есептелген, қауым жиналыстарына қатысып, шаруашылыққа, өндіріске белсенді қатысқан. К.К.Шалғынбаева мен Б.Ж.Жиентаева «Еңбек — халықтық тәрбиенің факторы» деген зерттеулерінде көшпелі қоғамдағы ұл балалар тәрбиесі туралы былай деген: «...әулет мұрагері ретінде ұлдарға ерекше мән берілген. Көшпенді өмір салты ер адамдардан ең алдымен тамақ табуды, руды қорғауды, жауынгер болуды талап еткен. Олардың бойына ержүректік, төзімділік, еңбекқор болу сияқты қасиеттерді сіңіріп өсірген. 5-6 жасынан бастап қазақ балаларын қозы бағуға, отын-су дайындауға, мал өнімдерінен еңбек құралдарын жасауға (жүген тоқу, қамшы, шідер, былғары өңдеу, қару-жарақ дайындау т.б.), сонымен қатар атқа мініп, шабандоз болуға баулыған».

- Ұлы отбасын құра салысымен, оны бөлек шығарған. Бірнеше отбасы бір ауылды құраған, ал арасында жеті атаға дейін қандық байланысы бар бірнеше ауыл бір әулетті құраған. 15–20 әулет бір руды құраған және т.б. Рулас адамдардың бірігіп тіршілік етуінің арқасында көшпенділер аман-есен өмір сүрген.

- Болашақ ер-азаматтардың мойнына бала күнінен шаруашылықты жүргізу жауапкершілігі артылған. Отбасында қазақ балаларының отағасының — әкесінің алдында толықтай жауапты болатын нақты бір міндеттері болатын. Ұл балалар қазақ отбасында қасиетті саналған, анасына да қолқанат болған. Ер-азаматтарға көбінесе жаңа жайылымдар табу, мал бағу, барлау, жан-жақты шолу, жаудан қорғану мақсатында отбасынан алыста, сыртта жүруге тура келетін.

- Әйелдер күнделікті тұрмысты, шаруашылықты жүргізіп, қыз бала тәрбиесіне аса мән беріп, қарттарға қамқор болып, қонақ күтіп, жиі-жиі ер-азаматтармен бірдей малға қараумен айналысатын. Қазақ қыздары сыпайылық, мейірімділік, қонақжайлылық сияқты қасиеттерді бойына сіңіруі қажет болды. Басқа жағынан қарағанда, қыздарды ана, келін болуға дайындаған. Мұндай әлеуметтік рөл қыздардан еңбексүйгіштікті, шыдамдылықты, төзімділікті, шымыр болып өсуді талап еткен.

- 5-6 жастан бастап қыздар өзінің әпкелерінен, аналарынан, әжелерінен қолөнерді, ас әзірлеуді, азық-түлік дайындауды т.б. үйренген. Киім тігудің қарапайым түрлерінен бастап, киізден бұйымдар жасау, тоқыма тоқу, алаша тоқуға көшкен. Тұрмысқа шыққанға дейін қыздар өз қолымен кілем тоқуы қажет болған. Оларға әулеттің әйелдері көмектескен.

- Қонақжайлылық көшпелі өмір салтында ерекше орын алады, сондықтан ата-анасының үйінде қыздар қонақ күту тәртібін үйренуі тиіс болған. Қазақ қыздары дастарқан жаю, ас-су әзірлеу, шай құю, қонақтарға сыпайылық көрсету, көп сөйлемей сияқты өзін ұстау тәртібіне үйренген. 13-14 жасқа қарай олар өз алдына өмір сүруге толықтай дайын болған.

- Осылайша көшпелі өмір салтында балалар мен жастар тәрбиесі толықтай тәжірибелік сипатта болған. Балалық шағынан еңбекке, өздігінен шешім қабылдауға, шымыр болуға жаттығу, табиғат көріністеріне жіті көз салу, қолөнер, салт-дәстүрлерге көңіл бөліп, үйрену — тәрбие беру үдерісінің негізі болып табылады. Жас жігіттер руластарының үлкен ұжымының мақтауға тұрарлық мақтанышы, руын қорғайтын азаматтары болуы тиіс. Жастарға тәрбие беру үдерісіндегі ата-бабаларымыздың данышпандығы халқымыздың этнос ретінде өмір сүруіне ғана емес, бүгінгі таңға дейін салт-дәстүрлеріміздің, әдет-ғұрыптарымыздың сақталып қалуына алып келді.

**Рефлексия.** Аталған тақырыпты қаншалықты меңгергендеріңді 1 мен 10-ның аралығында белгілеңдер. Қандай сұрақтарыңның жауабы табылмады?



## §17. ОТБАСЫ МҮШЕЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Қазіргі замандағы отбасы қоғамда шешуші рөл атқарады.

*Отбасы* — қоғамның базалық ұяшығы, әлеуметтік институт.

Отбасы белгілерін көрсетейік:

- некеге тұру еркіндігі;
- күнделікті ортақ тұрмыс;
- неке қатынастарына кіру;
- балаларды дүниеге әкелуге, оларды әлеуметтік ортаға бейімдеуге және тәрбиелеуге ұмтылыс.

Ересек адам үшін отбасы — оның бірқатар қажеттіліктерін қанағаттандыру және оған әртүрлі және жеткілікті түрде күрделі болып келетін талаптар қоятын кішігірім ұжым. Бала үшін отбасы — оның физикалық, психикалық, эмоционалды және интеллектуалды дамуына жағдай туғызатын орта. Бүгінгі таңда отбасына ата-аналық жұп немесе, аз дегенде, бір балалы бір ата-ана деген түсінік беріледі.

### Бүгінгі сабақта:

- отбасы мүшелерінің құқықтары мен міндеттерін қарастырамыз.

### Тірек сөздер

- ерлі-зайыптылар
- неке шарты
- туысқандар

### Назар аударыңдар!

Қоғамдық қатынастарды реттеп отыру үшін қазақ халқы туыстықтың үш тармағын: біріншісі — әкесінің туыстарын (өз жұрты), екіншісі — шешесінің туыстарын (нағашы жұрты), ал үшіншісі — әйелінің туыстарын (қайын жұрты) таратады. Бұл қарым-қатынастар тек туыстық мәселені ғана емес, аймақтық мәселелерді де реттеп отыратын болған.

Отбасы бір атадан тараған немесе некеге тұру, бала асырап алу, балаларды тәрбиеге алудың басқа түрлері арқылы бірігіп отырған әртүрлі адамдардан тұрады. Отбасы мүшелері — ерлі-зайыптылар, ата-аналар, балалар және басқа да туыстар. Туыстар — бір атадан тараған, туысқандық байланыста болып отырған тұлғалар. Оларға апалы-сіңлілер, ағайындылар, әжелер, аталар, әпкелер, ағалар және басқа туыстар жатады.

Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» заңнамасы «отбасы мүшелері» ұғымына бір атадан тараған туыстарды кіргізеді. Мұндайда аталған тұлғалар отбасы мүшелері болуы үшін бір үйде тұруы шарт емес.

Отбасындағы туыстық қатынастар құқық қағидастары мен ережелері, әдет-ғұрып пен салт-дәстүр, моральдық және адамгер-





Қазақ халқының салт-дәстүрі. Беташар

шілік ережелері арқылы реттеліп отырады. Бұл қатынастардың ең маңыздысы өзара құқық пен міндеттемелер, өзара сыйластық пен сүйіспеншілік болып табылады.

Әрбір халықтың отбасы мен туыстар арасындағы қатынастарды реттеп отыратын өз салт-дәстүрлері бар. Қазақ халқының тарихында туыстық қатынастарды реттеп отыратын салт-дәстүрлер басты орын алады. Бұл салт-дәстүрлер әулеттің барлық мүшелеріне міндетті болып, оны бұзған жағдайда айыптылар жауапкершілікке тартылған.

#### **Өзара көмекке бағытталған салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар**

*Асар* — ауыр жұмысты туыстардың, достардың, көршілердің көмегімен орындау. Мысалы, үй салу немесе құдық қазу. Асар ақысыз, тегін жасалады. Жұмыс аяқталған соң мол дастарқан жайылады.

*Жылу* — дәстүрлі қазақ қоғамындағы дүлей апаттың (өрт, су тасқыны және т.б.) кесірінен ауыр жағдайға душар болған жанларға көрсетілетін жәрдемнің бір түрі. Зардап шеккендерге олардың туыстары ғана емес, барлық жаны ашыған адамдар көмектесе алады. Қайырымдылық ретінде мал, құрылыс материалдары, киім, ақша т.б. беруге болады.

*Белкөтерер* — ұзақ жасаған қарияларды құрметтеу, аспен сыйлау дәстүрі. Қарияларға арнап қазы, жент, қымыз, ірімшік тәрізді жылы-жұмсақ әрі дәмді ас түрлері дайындалады. Бұл жұмысты көбінесе балалары немесе жақын туыстары, кейде көршілері орындайды. Белкөтерер дәстүрі үлкен кісілерді сыйлаудың үлгісі болып есептеледі.

#### **Қонақ күтуге байланысты салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар**

*Қонақасы* — қонақ күтуге байланысты шыққан әдет-ғұрып. Қазақ халқының ежелден қонақжайлылықпен аты шыққан. Қазақтар әр кезде ең дәмді тағамдарын қонаққа арнап сақтаған. Қонақтың үш түрі болады деп санаған: әдейілеп шақырған «арнайы қонақ», кездейсоқ келген «құдайы қонақ», күтпеген «қыдырма қонақ». Егер үй иесі әлдебір себептермен қонақасы бере алмаса, яғни салт-дәстүрді сақтамаса, оның атына үлкен сын айтылған.



*Қонақкәде* — үй иесінің қонақтан ән салуды немесе музыкалық аспапта ойнап беруін сұрау дәстүрі. Қонақкәде — қонақтың өнерін сынау, сонымен қатар отырыстың көңілді өтуінің себепшісі.

*Ерулік*. Егер ауылға біреу жаңадан көшіп келсе, оларды көршілері ерулікке, яғни қонаққа шақырған. Еруліктің арқасында көшіп келгендер жаңа ортаға тез үйреніп кеткен. Сонымен қатар ерулік көшіп келгендердің тұрмыстық жағдайына қарасуға да мүмкіндік берген. Көршілері оларды отынмен, ауыз-сүмен және т.б. қамтамасыз еткен.

*Той дастарқаны* — мерекеге арнап немесе тура сол мереке кезінде ұйымдастырылған ерекше салтанат түрі. Мұндай той кезінде дастарқан жайылумен қатар спорттық, музыкалық жарыстар да өткізіледі.

**Ерлі-зайыптылардың құқықтары мен міндеттері.** Некеде тұрған ерлі-зайыптылар тең құқылы, әйелдер құқығына шек қоюға жол берілмейді. Бұл әйелге тек үй шаруасымен ғана айналысып қоймай, ер адамдармен тең түрде бизнеспен айналысып, мансап жасауына т.б. мүмкіндік береді.

Ерлі-зайыптық қатынастар ғұмырлық болып саналады. Қазақстанда мемлекеттік органдарда тіркелген неке ғана мойындалады.

Өмірде адамдардың некені тіркемей-ақ бірге тұрып, шаруашылығын бірге жүргізу жағдайлары кездеседі. Бұл *азаматтық неке* немесе *факті жүзіндегі некелік қатынастар* деп аталады. Азаматтық некеден туылған балалар тіркелген некеден туылған балалармен бірдей заңмен қорғалады. Алайда мұндай қатынастар екі жақ үшін заңнамалық салдар туындатпайды. Дегенмен азаматтық некеден туылған балаларды тәрбиелеу мен қамтамасыз ету ата-аналардың міндетінен алынып тасталмайды.

**Неке шарты.** Біздің елімізде жақында ғана отбасы құқығы бойынша жаңа институт — неке шарты пайда болды.



Қазақ халқының салт-дәстүрі. Бесікке салу



**Есте сақтаймыз!**

**Неке шарты** — некеге тұратын адамдардың немесе ерлі-зайыптылардың, некеде тұрған кездегі немесе ажырасу жағдайындағы мүлктік құқықтары мен міндеттері туралы келісім. Неке шарты міндетті түрде жазбаша түрде бекітіліп, нотариус арқылы куәландырылуы керек.

Неке шарты некеге тұрғанға дейін немесе некеде тұрған кезде жасала береді. Азаматтық некеде тұрған ерлі-зайыптылар, яғни некесі мемлекеттік органдарда тіркелмеген адамдар неке шартын жасай алмайды.

Неке шарты ерлі-зайыптылардың келісуі арқылы қай уақытта болса да өзгертіледі немесе бұзылады, оған екіжақты келісім болса болғаны. Мұндай жағдайда неке шартын өзгерту немесе бұзу жазбаша түрде дайындалып, нотариус арқылы куәландырылуы қажет. Сонымен қатар ерлі-зайыптылар арасында өзара келісім болмаған жағдайда неке шарты сот тәртібі бойынша ерлі-зайыптылардың біреуінің талабы арқылы өзгертіледі немесе бұзылады. Неке шартының сот арқылы бұзылуына шарттың бұзылуы, шартты орындау мүмкін емес жағдайлар жатады.

Бір тараптың неке шартын орындаудан бас тартуына жол берілмейді. Ерлі-зайыптылардың бірі неке шарты ережелерін орындаудан бас тартқан жағдайда (мысалы, аяғы ауыр әйеліне қаржылай көмек көрсету), екінші жақ оған ақшалай айыппұл төлеуді талап етіп, сот арқылы мәжбүрлеуіне болады.

**Глоссарий**

**Туысқандар** — бір атадан тараған, туысқандық байланыста болып отырған тұлғалар.

**Неке шарты** — некеге тұратын адамдардың немесе ерлі-зайыптылардың некеде тұрған кездегі немесе ажырасу жағдайындағы мүлктік құқықтары мен міндеттері туралы келісім.

**Азаматтық неке** — ер адам мен әйелдің некеге тұрмай-ақ бірге тұрып, ортақ шаруашылықты бірге жүргізуі.

**Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары**

1. Ерлі-зайыптылардың қандай құқықтары мен міндеттері бар?
2. Неке шарты деген не және ол не үшін қажет?

**1-деңгейлі тапсырма.** 15-16-кестелерді толтырындар. Қазіргі кезде бұл әдет-ғұрыптар сақталған ба? Мысалдар келтіріңдер.



15-кесте

**Қазақ халқының өзара көмек көрсетуге бағытталған әдет-ғұрпы**

№	Әдет-ғұрып түрі	Мазмұны	Қоғам үшін маңызы
1	Асар		
2	Жылу		
3	Белкөтерер		

16-кесте

**Қазақ халқының қонақ күтуге арналған әдет-ғұрпы**

№	Әдет-ғұрып түрі	Мазмұны	Қоғам үшін маңызы
1	Қонақасы		
2	Қонақкәде		
3	Ерулік		
4	Той дастарқаны		

**2-деңгейлі тапсырма.** Жағдаятты талдаңдар. Жастар некеге тұруға шешім қабылдап, діни мекемеге барды. Мұсылмандық ережелер бойынша онда неке қиылды. Бұл неке заңды болып таныла ма? Жастарға қандай кеңес беруге болады?

**Пікірталас өткізіңдер.** Бала дүниеге келгеннен кейін анасына үш жылға дейін жұмыс орны сақталып, декреттік демалыс беріледі. Қазіргі кезде аталған құқыққа баланың әкесі де ие бола алады. Бүгінгі таңда баланың анасы жұмысқа шығып, әкесі осы құқықты пайдаланып отырған жағдайлар көптеп кездеседі.

Осы мәселе туралы өз ойларыңды айтыңдар.

**3-деңгейлі тапсырма.** Сыныпты үш топқа бөліңдер. Ұсынылған жағдаяттарды талқылап, өз пікірлеріңді білдіріңдер. Осы мәселелерді қалай шешуге болады?

- 15 жасар С. туысына көмектескісі келіп, ата-анасының рұқсатынсыз үйден ірі көлемде ақша алып, туысына берді. Туысы ақшаны қайтара алмады. Біраз уақыттан соң ата-анасы бұл жағдайды біліп қойды. Осы мәселені қалай шешуге болады?

- Баласының үйлену тойын өткізу үшін әкесі туыстарынан қарызға ақша сұрайды. Көп туыстары бұл ақшаның қайтарылмайтынын біліп, бас тартады. Сендер жігіттің әкесі мен оның туыстарына қандай ақыл-кеңес берер едіңдер?

- Шешесі қайтыс болғаннан кейін үш ұлы мүлікке байланысты келісімге келе алмады. Сотқа жүгінуге тура келді. Олар дұрыс шешім қабылдады ма? Сендер не айтар едіңдер?

**Рефлексия.** Аталған тақырыпты қаншалықты меңгергендеріңді 1 мен 10-ның аралығында белгілеңдер. Қандай сұрақтарыңның жауабы табылмады?

## § 18. БАЛАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

### Бүгінгі сабақта:

- бала құқығы мен міндеттері, ата-ананың міндеттері мен құқықтары туралы білеміз.

### Тірек сөздер

- баланың құқықтары мен міндеттері
- ата-ананың құқықтары мен міндеттері

### Баланың құқықтары мен міндеттері

18 жасқа толмаған тұлға бала болып есептеледі. Әрбір бала отбасында өмір сүріп, тәрбиеленуге құқылы. Бала өз ата-анасында тәрбиеленуге, мүдделерінің қорғалуына, жан-жақты дамуына, адамдық қасиеттерінің кәдірленуіне, сонымен қатар өзінің мүдделері қарастырылатын отбасылық мәселелерді шешу кезінде өз пікірін еркін білдіруге құқылы. Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексі бойынша, 10 жасқа толған баланы асырап алу немесе асырап алуды жокқа шығару және аты мен тегін өзгерту кезінде оның келісімі есепке алынады (95-бап, 109-бап).

Бала құқығы туралы Конвенция 1989 жылы 20 қарашада қабылданды. Конвенцияға Қазақстан Республикасында 1994 жылы 16 ақпанда қол қойылды. Конвенция 54 баптан тұрады. Конвенцияға сәйкес, бала өзінің жеке-даралығын сақтап қалуға құқылы.

Адамның аты-жөні, тегі оның жеке-даралық белгілері болып саналады. Баланың есімі әке-шешесінің келісімі бойынша қойылады. Әке-шешесі балаға қоршаған ортада ынғайсыздық туғызатын немесе күлкілі болатын есім бермеуі керек. Әкесі белгіленбеген жағдайда баланың есімі анасының айтуы бойынша қойылады. «әкесінің аты» деген жерге баланың әкесі ретінде танылған адамның аты жазылады, анасының тегі беріледі.

Заң баланың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау құқығын бекітеді. Бала құқығын қорғауды ата-анасы (асырап алушылар, бағып-қағуды міндетіне алғандар, қамқорлығына алғандар, бағып-қағуды міндетіне алған, қамқорлығына алған органдар, сот, прокурор) жүзеге асырады. Заң баланы әртүрлі басынушылықтардан,



Әр баланың бақытты балалыққа құқығы бар



оның ар-намысын аяққа таптаудан, ата-анасының жәбір көрсетуінен (ұрып-соғу, қанғыбастыққа ұрындыру т.б.) қорғайды.

Біздің мемлекетімізде бала құқығын қорғау үшін қорғаншы және қамқоршы органдарға және сотқа жүгіну қажет. Қазақстан Республикасында Баланың құқықтары жөніндегі уәкіл институты бар. Оның қызметі — балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, мемлекеттік және қоғамдық институттармен бірлесіп, балалардың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіру.

### **БҰЛ ҚЫЗЫҚ!**

Еуропаның көптеген елдерінде, АҚШ-та, Канадада балалар хабарласып, оларға ата-анасының қатыгездік көрсетіп, күш жұмсап отырғаны туралы айтатын арнайы қызмет көрсету (полиция) орталықтары бар. Бұдан соң полиция тез арада баланың үйіне барып, ата-анасына айыппұл салып, шұғыл көмек көрсетеді.

Баланың мүлікке құқығы бар. Алимент, зейнетақы және жәрдем-ақы ата-анасының есепшотына түседі, бірақ ол қаражат балаға білім беру, тәрбиелеу т.б. оның қажетті заттарына жұмсалуды тиіс. Баланың заң бойынша сыйға берілген немесе мұрагерлікпен алған дүние-мүлкіне меншік иесі болып, жеке-дара еңбек істеп тапқан табысын өзі алуға, жекешелендірілген пәтерінің меншік иесі болуға т.б. толықтай құқығы бар.

Баланың құқықтары ғана емес, міндеттері де бар. Мысалы, бала басқа балалар мен үлкендердің құқықтарын сыйлауға міндетті. Ол мектепке барып, орта білім алып шығуы керек. Бала денсаулығын қорғауға құқылы. Сонымен қатар өз денсаулығын сақтауға, күтуге міндетті. Баланың сөз бостандығына құқығы бар. Аталған құқықты іске асыру барысында бала басқа да балалар мен үлкендердің құқықтарын сыйлап, олардың ары мен абыройын қорлайтын жаман сөз айтпауы керек.

Ересектер баланы психологиялық және физикалық күш көрсетуден, әділетсіздіктен, жаман мақсатқа қолданудан және басқа да қауіптерден қорғауы керек. Бұл — ата-аналардың ғана емес, осындай жағдайға куә болған барлық адамдардың міндеті. Бұл жерде құқық қорғау органдары ерекше рөл атқарады.

### **Есте сақтаймыз!**

- Балалар үлкендерді (ата-аналарын, ата-әжелерін, тәрбиешілерін, ұстаздарын т.б.) сыйлауы керек.
- Міндет — барлық адамдарға қойылатын біркелкі талап. Егер міндеттемелер орындалмаса, жазалау мен құқықты шектеу тәрізді жағымсыз салдары болуы мүмкін.



**Есте сақтаймыз!**

Баланың мектептегі міндеттері:

- мектеп жарғысын сақтау;
- жақсы оқу;
- мекеме қызметкерлері мен басқа оқушылардың ары мен абыройын сыйлау;
- мекеме қызметкерлерінің ішкі тәртіпті сақтауға арналған талаптарын орындау.

**Есте сақтаймыз!**

Баланың отбасындағы міндеттері:

- ата-аналарға көмектесу;
- отбасы мүшелерінің құқығын сыйлау;
- өзіне және отбасы мүшелеріне қамқорлық жасау;
- оқу мен демалыс режимін сақтау;
- тамақ дайындай білу және үйдің тазалығын сақтау.

Мектепте кең тараған құқықбұзушылық — балағат сөз айту. Өкінішке орай, кей балалар бір-біріне, үлкендерге, мұғалімдерге сөйлегенде, кейде былапыт сөз араластырады. «Әкімшілік құқықбұзушылық туралы» ҚР Кодексіне (434-435-бб.) сәйкес жасөспірімдер бұл әрекеттері үшін айыппұл төлеу түріндегі әкімшілік жауаптылыққа тартылуы мүмкін. Мұндай жағдайда ішкі істер органының өкілі хаттама толтырады. Аталған материал ювеналдық немесе әкімшілік сотқа жіберіледі. Сот жасөспірімнің заңды өкілдерінің, яғни ата-анасының немесе оларды алмастыратын адамдардың қатысуымен айыппұл салады. Айыппұлды ата-аналар төлейді.

Құқықбұзушылық жасаған жасөспірім есепке алынады. Егер ол бір жыл ішінде екі немесе одан да көп әкімшілік құқықбұзушылық жасаған болса, құқықтық шаралардың анағұрлым қаталдау түрі қолданылуы мүмкін. Бұл жағдайда балаларына дұрыс тәрбие бермегені үшін заң ата-аналарды жазалайды. Сонымен қатар құқықбұзушы да жазаланады.

Есепке алу деген құқық қорғау органдарының құқықбұзушыны бұдан әрі қарай жіті қадағалауға алуы дегенді білдіреді.

**Ата-аналардың құқықтары мен міндеттері.** Ата-аналар балаларының денсаулығына қамқор болуға, балаларын тәрбиелеуге міндетті. Тәрбиелеу түрін өздері таңдап алады. Ерлі-зайыптылардың бала тәрбиесі мен оған қамқорлық жасаудағы құқықтары бірдей.

Ата-аналар балаларының орта білім алуын қамтамасыз етуге міндетті. Баланың оқу орнын ата-анасы баламен келісе отырып таңдайды. Ата-анасы баланың сабаққа қатыспауын, мектептегі тәртібінің нашарлығын қолдамауы керек.



Ата-аналар балаларын жеке өздері тәрбиелеуге құқылы. Бірақ бұл балаларының оқуы мен тәрбиесіне еш әсер етпеуі керек. Бұл бала тәрбиесіне шама-шарқынша көмек көрсетіп отырған атасынан, әжесінен және басқа да туыстарынан байланысының үзілуіне алып келмеуі қажет.

Балаларын мемлекеттік мекемелерге өткізу, бала тәрбиесіне үшінші жақты тарту — ата-анасы бала тәрбиесімен айналыса алмайтын жағдайдағы ең соңғы шара.

Ата-аналары әртүрлі жағымсыз (балалар арасындағы төбелес, мектепте терезе шағу т.б.) жағдайлардың алдын алу мақсатында балаларын жіті бақылауда ұстауға міндетті.

Ата-аналар өз балаларының мүдделерін қорғауға құқылы және міндетті. Атап айтқанда ата-аналар өз балаларының мүддесін сотта, жекетұлғалармен және заңды тұлғалармен қарым-қатынасында қорғайды.

Ата-аналар алимент өндіріп алу барысында өз балаларының атынан сөйлейді. Ата-аналардың өз құқықтары мен міндеттерін дұрыс атқармағаны үшін ата-аналық құқығынан айыру немесе шектеу түрінде белгілі бір санкция қолданылады.

Ерлі-зайыптылардың бірі бала тәрбиесінен бас тартқан жағдайда, баланы асырау үшін олардан сот арқылы алимент өндіріледі.

#### Есте сақтаймыз!

**Алимент** — заңмен бекітілген жағдайларда отбасы мүшелерінің бірі екіншісінің пайдасына төлеуге міндетті белгіленген қаражат. Алименттік міндеттемелердің мақсаты — еңбекке қабілетсіз және мұқтаждық көріп отырған отбасы мүшелерін асырау.

Кәмелет жасына толмаған бір бала үшін ата-аналарының табысының төрттен бір бөлігі, екі балаға — үштен бір бөлігі, үш және одан көп балаға ай сайынғы еңбекақысының жартысы алынады.

Сонымен қатар сот екі тараптың материалдық немесе отбасылық жағдайына байланысты немесе ескеруге тұрарлық басқа да жағдайларға байланысты үлес мөлшерін көбейтіп, не болмаса азайтуына болады.

Қазақтың ұлы ойшылдары Абай Құнанбайұлы, Ыбырай Алтынсарин, Ахмет Байтұрсынұлы балаларды ерте жасынан бастап еңбекке баулып, айналасындағыларды сыйлауға, құрметтеуге тәрбиелеу керек деген.



А.Құнанбайұлы

Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды дағы, сондайшаң білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады. Өрбір естілік жеке өзі іске жарамайды. Сол естілерден естіп, білген жақсы нәрселерді ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, сонда адам десе болады.

*Абай Құнанбайұлы*



Ш.Құдайбердіұлы

Адамдарға еңбек өнерін үйрету керек, онымен қабат оқу-білімге жетілдіру қажет. Жоғарғы айтылған жаман әдеттерді жоюға бұлар жеткіліксіз болғандықтан, сол адал еңбек, білім үйренумен қабат «Ар білімі» деген білім оқытылуға керек. Бізше, адам өмірін түзеуге, барлық адамдар тағу тұруға негізгісі — адал еңбек, ақ жүрек, арлы ақыл болуға керек. Дүниеде бұл үшеуі үстем болмай, адам баласына тыныштық өмір сүруге мүмкіндік жоқ.

*Шәкәрім Құдайбердіұлы*



Ы.Алтынсарин

Өзгені тәрбиелемес бұрын, өзінді түзе.

*Ыбырай Алтынсарин*

Егер адамдарға басты байлық денсаулық болса, жанның басты байлығы — білім мен өнер. Тек осы екі ілім арқылы халықтар өркеніет қатарында өз орнын табады. Басты міндет — жастарға білім беру, қолөнерді үйрету, оларға мамандық беру.

*Ахмет Байтұрсынұлы*



А.Байтұрсынұлы

Сонымен ата-аналардың да, балалардың да құқықтары мен міндеттемелері бар. Ата-ана мен баланың арасындағы қарым-қатынас сыйлас-тыққа құрылып, бірінші кезекте адамгершілік пен ізгілік нормаларына негізделуі керек. Заң ата-ананы балаларына қамқорлық жасауға міндеттейді. Сонымен бірге балаларды ата-анасын және басқаларды сыйлауға міндеттейді.



**Глоссарий**

**Балалар құқығы** — баланың әрекет ету мүмкіндігі. Бұл мүмкіндіктер дүниеге келгеннен бастап пайда болады, заңмен бекітіледі, оған мемлекет кепілдік береді.

**Баланың өз дербестігін сақтау құқығы.** Баланың дербестік белгілеріне аты-жөні, тегіне ие болу құқығы жатады.

**Бала құқығын қорғауды жүзеге асыру субъектілері** — ата-аналар (асырап алушылар, бағып-қағуды міндетіне алғандар, қамқорлығына алғандар), бағып-қағуды міндетіне алған, қамқорлығына алған органдар, сот, прокурор.

**Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары**

1. Баланың қандай құқықтары бар екендігін анықтаңдар. Оның қандай міндеттері бар?
2. «Бала ересектер қатарлы барлық құқықтарға ие» деген сөз нені білдіреді?
3. Ата-аналардың құқықтары мен міндеттерін ашып көрсетіңдер.
4. Бала құқығын қорғауды жүзеге асыратын субъектілердің рөлін анықтаңдар.

**1-деңгейлі тапсырма.** Қазақ ойшылдарының сөздерін талдаңдар. Өз ойларыңды айтыңдар.

**3-деңгейлі тапсырма** (топтық жұмыс). «Біздің қоғамда неліктен мектеп оқушылары мен жастарды тәрбиелеу жүйесінде өзекті мәселелер пайда болды?» тақырыбына пікірталас өткізіңдер. Пікірталас барысында мына мәселелерді талқылаңдар:

- қоршаған ортаға деген эгоистік, тұтынушылық көзқарас;
- мейірімділік, қайырымдылық, адалдық, ар-ұят, абырой, үлкендерді сыйлау тәрізді рухани-адамгершілік құндылықтарды елеп-ескермеу;
- материалдық құндылықтарды, жеңіл жүріс пен рахаттануды жоғары қою;
- БАҚ пен интернет көздерінің арзан ақпараттарына, батыс мәдениетінің теріс элементтеріне құмарлық.

Аталған мәселелерді шешу жолдарын ұсыныңдар. Осы тақырыпқа баяндама дайындаңдар.

**3-деңгейлі тапсырма**

1. «Кәмелетке толмағандар неліктен жиі құқық бұзады?» тақырыбына пікірталас өткізіңдер. «Кәмелетке толмағандардың жауапкершілігін қалай арттыруға болады?» сұрағына жауап іздеңдер.

2. А.Макаренконың сөзін талқылаңдар. Бұл оймен келісесіңдер ме? «Біздің балаларымыз — біздің мақтанышымыз. Оларға жаман тәрбие беру — біздің болашақтағы қайғымыз, біздің көз жасымыз, бұл біздің еліміздің алдындағы, басқа адамдардың алдындағы кінәміз».

**Рефлексия.** Аталған тақырыпты қаншалықты меңгергендеріңді 1 мен 10-ның аралығында белгілеңдер. Қандай сұрақтарыңның жауабы табылмады?



## §19. ОТБАСЫНЫҢ ҚОҒАМДАҒЫ МАҢЫЗЫ

### Бүгінгі сабақта:

- отбасы қатынастарын мемлекеттік қолдау мен қорғау мәселелерін қарастырамыз;
- қоғамдағы отбасының маңызын анықтаймыз.

### Тірек сөздер

- отбасы
- отбасылық қатынастарды қорғау

Отбасы — тәрбиенің негізгі бастауы мен басты тірегі. Тәрбиенің алғашқы сабағын бала адамгершілік қасиет пен тәрбие беру ісінің негізі қаланатын отбасынан алады.

Ұрпақтан ұрпаққа берілетін әдет-ғұрыптар мен жақсы қасиеттер отбасында қалыптасып, баланың бойына сіңеді.

Адамдар арасындағы өзара түсіністікке алып келетін айналасындағыларға деген сүйіспеншілік пен құрмет тек дұрыс отбасында қалыптасады. Отбасы — ерлі-зайыптылар арасындағы, балалары мен ата-анасы арасындағы қарым-қатынастар негізінде құрылатын қоғамның қарапайым ғана алғашқы ұяшығы. Ол тұрақты әлеуметтік қауымдастық ретінде қызмет етеді.

Сүйіспеншілік негізінде құрылған отбасында сенім, өзара сыйластық, ашықтықтың ерекше ахуалы пайда болады. Неке экономикалық қажеттіліктің нәтижесі болмауы тиіс. Бұл «есеппен құрылған неке» деп аталады. Сонымен қатар ол ата-ананың мәжбүрлеуі нәтижесінде туындамауы керек. Еркек пен әйел арасындағы ерікті және теңқұқылы қатынас барлық жерде, әсіресе отбасында орын алуы тиіс.

Үлгілі, тамаша неке ерлі-зайыптылар арасындағы сүйіспеншілік пен өзара түсіністік негізінде құрылуы керек. Отбасы — ерлі-



Ұрпақтар жалғастығы



зайыптылар арасындағы табиғи қатынастар ғана емес, сонымен бірге күйеуі мен әйелінің, ата-анасы мен балаларының экономикалық және адамгершілік қатынастарынан тұратын күрделі құбылыс.

Отбасының рөлдік қатынастары, құрылымы мен қызметі тарихи түрде өзгеріп отырады. Қазіргі заманғы отбасының өмірінде оның мүшелерінің әлеуметтік-мәртебелік сипаттамасы емес, жеке даралық, моральдық-құқықтық қатынастары басты рөл атқарады.

Кейбір теоретиктер біркелкі отбасының ескі түрі құрдымға кеткенін айтады. Ол отбасылық-неке қатынастарының психологиялық, рухани, адамгершілік сияқты қағидағтары алдыңғы қатарға шығатын, шаруашылық-экономикалық әрекетке және оның жаңаша түрінің пайда болуына негізделген.

Қазақ отбасындағы тәрбие мен ұрпақ жалғастығын қарастырайық. Бұл ережелер бүгінгі күні де сақталып отыр.

- Үлкендерді сыйлау мен көмек көрсету. Қазақ халқында ең сыйлы адамдар аталар мен әжелер болған. «Қарты бар үйдің қазынасы бар» дей отырып, оларға ерекше құрмет көрсеткен. Ерте кезден бері үлкендер мен кіші інілері, қарындастары арасында татулық, мейірімділік, сыйластық қалыптасқан. Дастарқан басында астан, ең алдымен, ер адамдардың үлкені ауыз тиеді. Егер дастарқан басында отырғандардың ішінде жасы үлкен ер адам болмаса, онда әйелдердің үлкені бастайды. Содан кейін ғана жастар ас ала бастайды. Егер ата-аналары қартайған болса, оларға қамқорлық көрсету бабаларының тікелей міндеті болған. Балалары ата-аналарын ерекше құрметтеген. Қазақ отбасында «балаңды қалай тәрбиелесен, қартайғанда сондай құрмет көресің» деген ұғым қалыптасқан. Осыған байланысты халықта: «Не ексең, соны орасың», «Жасың да бейнет көрсен, қартайғанда зейнет көресің» деген мақалдар бар. Жасы үлкендерді құрметтеу дәстүрі сәлем беруден басталады. Ақсақалмен кездескенде немесе басқа ауылға барған кезде сәлем беру жас жігіттің тәрбиелі екендігін көрсеткен. Ең алдымен жасы кіші сәлем берген.
- Көпті көрген ақсақалдар өсіп келе жатқан жеткіншектерді тәрбиелеуде өз отбасы ғана емес, одан тыс жерлерде де белсенділік көрсеткен. Сондықтан қазақ ауылында бала тәрбиесіне үлкендердің барлығы қатысқан. Егер олар дөрекі, өрескел мінез көрсеткен болса, оларға ұрсып немесе олай істеуге болмайтынын түсіндіруге құқылы болған. «Ар-ұят» деген ұғымдардың мәні зор болған.
- Қонақжайлылық. Үйдегі ең жақсы нәрселер қонаққа сақталған. Халық түсінігі бойынша, қонақ өз несібесін ала келеді. Сондықтан қонаққа ариайы шақырумен, сондай-ақ шақырмаса да бара береді.
- Отбасылық тәрбиеде қазақ халқы әрқашан жас ерекшеліктері мен баланың жеке дербестігін ескеріп отырған. Оны: «Баланы бес жасқа дейін төредей күт, бестен он үш жасқа дейін құлдай жұмса, он үш жастан бастап досындай сырлас» деген мақалдан көруге болады. Қазақ халқы бала он үш жасқа толғаннан кейін отау несі болып, бөлек шығуына болады деп санаған. Сондықтан оның пікірімен санасып, үлкен өмірге дайындау қажет болған. Жас ерекшеліктерін ескере отырып, бес жасқа дейін баланың еркелігі мен тентектігіне түсіністікпен қараған. Отбасылық тәрбиеде кішкентай балаларға



мейірімділік пен жүрек жылуын беруге тырысқан. Халықтың дүниетанымы бойынша, көңілге қаяу түсіретін ұрып-соғу әдісін қолданбаған.

- Баланың қалыптасуында тәрбие маңызды рөл атқарады. Қазақтар ең бір жағымсыз жағдайларда ғана балаға қатысты тыйым сөздерін қолданған. Халықта «Ағасы бардың жағасы бар, інісі бардың тынысы бар» деген мақал бекер айтылмаған. Ағасы сөйлегенде інісі кедергі жасамайды, әпкесі сөйлегенде сіңлісі кіріспейді. Ағасына қарап інісі өседі, апасына қарап сіңлісі өседі. Туыскандар арасындағы жақсы қарым-қатынастар үлкен мен кішінің арасындағы өзара сыйластық, қарапайымдылық, кішіпейілдік, сенімділік және шынайылық негізінде құрылады. Жас ұрпақтың ой-санасы мен мінезінің қалыптасуы алған тәрбиесі мен қоршаған ортадан көрген-түйгендеріне тікелей байланысты. Сондықтан ежелден ағайындылар мен апалы-сіңлілер арасына татулық, мейірімділік, қайырымдылық, бір-біріне көмектесу сияқты қасиеттерді дарытуға тырысқан.

Осылайша қандай жағдайда болмасын, қазақ отбасы баланы өз заманының азаматы етіп қалыптастыратын тәрбие институты болып қала береді.

**Отбасылық қатынастарды мемлекеттік қорғау және қолдау.** Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес, неке, отбасы, ана, әке және бала мемлекет пен қоғамның қамқорлығында. Мемлекет барлық қолжетімді құралдар арқылы отбасының нығаюына ықпал етіп отыр. Отбасы қаншалықты мықты болса, мемлекет те соншалықты мықты. Моральдық ережелер отбасылық қатынастарды реттеу негізі болып табылады. Отбасының нығаюына моральдық ережелермен қатар, заң да ықпал етеді. ҚР-да «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодекс бар. Мұнда «отбасы институты» ұғымы, неке-отбасылық (ерлі-зайыптылық, отбасылық) қатынастарды реттеудің қағидаттары мен құқықтық негіздері, мақсаты, міндеттері, отбасының, баланың мүдделері мен құқығын қорғауды қамтамасыз ету мәселелері нақты қарастырылған. Кодекс ерлі-зайыптылардың теңқұқықтылық ұстанымын, сонымен қатар ерлі-зайыптылар арасында мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар мен міндеттемелер туындататын отбасын құру мақсатында некеге тұруға (ерлі-зайыптылық) келісімін беру қағидатын нығайтады. Қазақстанда тек мемлекеттік органдарда тіркелген неке (ерлі-зайыптылық) ғана мойындалады.

Кодексте отбасын нығайту қажеттігі, отбасылық қатынастарды өзара сүйіспеншілік пен сыйластық сезімі негізінде құру, оның мүшелерінің бір-біріне көмек көрсетуі мен жауапкершілігі туралы айтылған. Заң отбасы ісіне әлдекімдердің араласуына жол бермейді, отбасы мүшелерінің өз құқығын кедергісіз жүзеге асыруын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар Кодекс нормалары балалардың



құқықтары мен мүдделерін қорғауға бағытталған. Оның ішінде — күндізгі бөлімде оқытындарға 21 жасқа дейін алимент төлеу, алименттік төлемдерді уақытында жібермегені үшін заңды тұлғалардың жауапкершілігі, алимент бойынша қарызы жоқтығын растайтын қағазы болмаса азаматтарды республикадан тыс жерлерге шығармау т.б.

Отбасы мүшелерін біріктіретін туыстық сезімдер өмір бойы маңызын жоғалтпайды. Әсіресе балалар үшін махаббат пен қолдау олардың үйлесімді дамуы үшін, өзіне сенімді болуы үшін, қорғаушысы бар екенін сезінуі үшін өте қажет. Отбасы баланың жекетұлға болып қалыптасуына белгілі бір дәрежеде әсер етеді.

Отбасылық өмірдің басты мәні мен мақсаты — бала тәрбиесі. Балаларды тәрбиелеудің басты мектебі — ерлі-зайыптылардың, ата-аналардың қарым-қатынасы. Әрбір бала жан-жақты үйлесімді даму үшін отбасының қарауында, сүйіспеншілік пен түсіністік, бақытты ахуал қалыптасқан ортада өсуі қажет. Отбасылық құқықтарды заңда қарастырылған барлық қолжетімді әдістермен қорғауға болады.

Бала тек отбасында ғана толық жетіле алады. Отбасындағы ата-ана, ата-әже, аға-іні, әпке-сінді, туыстардан үлгі алып өседі. Сондықтан да мемлекет отбасына қамқорлық жасап, жан-жақты қолдау көрсетеді.

### **Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары**

1. Отбасы деген не? Отбасы үшін неке қандай рөл атқарады?
2. Отбасылық қатынастарды мемлекеттік қолдау мен қорғау туралы айтыңдар.

**2-деңгейлі тапсырма.** «Берік отбасы — берік мемлекет» тақырыбына эссе жазыңдар. Отбасында қандай ережелердің негізгі болуы керектігін анықтаңдар. Ата-ана мен баланың отбасындағы құқықтары туралы ойларыңды ортаға салыңдар.

**3-деңгейлі тапсырма.** Қазақ халқының тәрбие ережелерін зерттеп, қазіргі заманнан мысал келтіріңдер. Неге бүгінгі күні көптеген ережелер бұзылуда? Қазіргі кездегі балалар тәрбиесіне байланысты өз ұсыныстарыңды айтыңдар.

**Рефлексия.** Аталған тақырыпты қаншалықты меңгергендеріңді 1 мен 10-ның аралығында белгілеңдер. Қандай сұрақтарыңның жауабы табылмады?



## ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ

### § 20. «ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ» ТҮСІНІГІ

#### Бүгінгі сабақта:

- «Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығы» ұғымын оқып-үйренеміз.

#### Тірек сөздер

- әкімшілік құқық
- әкімшілік құқық белгілері
- басқару
- мемлекеттік басқару

Әкімшілік құқық дегеніміз — әкімшілік-құқықтық нормалар жиынтығы. Ол мемлекеттік билік органдарының басқару саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді. Оларға биліктің атқарушы органдары және ресми түрде атқарушы болып табылмайтын басқа да мемлекеттік әкімшілік органдар жатады.

Әкімшілік-құқықтық қатынастарды реттейтін заңнама «Әкімшілік құқықбұзушылық туралы» Кодекстен, заңдар мен заңға тәуелді нормативтік-құқықтық актілерден тұрады. «Әкімшілік құқықбұзушылық туралы» Кодекс 2014 жылғы 5 шілдеде қабылданған.

Әкімшілік құқық нормалары атқарушы билік органдарының құрылу, қайта құрылу және таратылу тәртібін, олардың тізімін, іс-әрекетінің мақсаты мен міндеттерін, құзыреттілігін және де бұл органдардың құқықтық мәртебесінің басқа да жақтарын, олардың құрылымы мен іс-әрекетінің барысын анықтайды (17-сызбанұсқа).

Олар жергілікті өзін-өзі басқару ұйымдарына да, оның органдары мен мемлекеттік билік органдарының өзара әрекетіне де таралады.

Әкімшілік құқық субъектілері — құқықтық қатынастарға нақты қатысушылар. Бұл субъектілер әкімшілік құқық нормаларында тікелей көрсетілген. Олар әкімшілік нормалар негізінде құқықтар мен міндеттемелерге ие болады және оны жүзеге асырады.



Кодекс

Мысалы, азамат өзінің құқықтары мен бостандықтары бұзылды деп санаса, атқарушы билік органы қабылдаған сот қаулысымен келіспеуіне болады. Сонымен қатар ол аталған қаулыға қарсы келмеуіне





де болады. Атқарушы билік органында мемлекеттік қызметте отырған лауазымды тұлға азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға міндетті және қажет болған жағдайларда оны қамтамасыз ету үшін шаралар қолдануына болады. Әкімшілік құқық субъектілерінің өзінің құқықтық мәртебесін жүзеге асыруына көптеген мысалдар бар.

17-сызбанұсқа

**Әкімшілік құқықпен реттелетін құқықтық қатынастар**

**Басқарушылық құқықтық қатынастар** — атқарушы билік қызметі. Аталған құқықтық қатынастар аясында атқарушы биліктің мақсаты, міндеттері, функциялары, өкілеттілігі тікелей жүзеге асады.

**Ұйымдастырушылық құқықтық қатынастар** мемлекеттік органдар құрамын қалыптастыру, олардың құқықтары мен міндеттерін және жауапкершіліктерін бөлу барысында жүзеге асады.


**Бақылаушылық құқықтық қатынастарды** арнайы мамандандырылған органдар жүзеге асырады. Бұл қатынастардың мақсаты — құқықтық нормалардың сақталуын бақылау.

Әкімшілік құқық субъектілерінің түрлерін қарастырайық (18-сызбанұсқа).

18-сызбанұсқа



Әкімшілік құқықтың жеке субъектісі дегеніміз — ақыл-есі бүтін, 16-ға толған, әкімшілік құқықтық қатынастарға қатысушы жекетұлға. Жеке субъектінің әкімшілік құқықтық қатынастарға қай тарап ретінде қатысуына байланысты, олардың құқықабілеттілігі мен әрекетабілеттілігі анықталады.



Ұжымдық субъекті

Әкімшілік құқықтың ұжымдық субъектісі дегеніміз — түрлі ұйымдар мен бірлестіктер. Бұл ретте әкімшілік құқықтағы ұжымдық субъектінің заңды тұлға болуы міндетті емес.

Сонымен әкімшілік құқықтағы ұжымдық субъектілер деп митингі, шеру, ереуілге қатысушылар танылады. Жергілікті өзін-өзі басқару мен мемлекеттік биліктің атқарушы органдары, ұйымдар мен мекемелер, қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктер және т.б. — әкімшілік құқықтық субъектілер.

Сонымен қатар әкімшілік құқық «арнайы субъекті» түсінігін де қарастырады. Арнайы субъектінің құқықтық мәртебесінде біраз өзгешеліктер бар, бұл өзгешеліктер оны басқа әкімшілік құқық субъектілерінен ерекшелеп тұрады.

Әкімшілік құқықтың келесі арнайы субъектілерін бөліп көрсетуге болады:

- әкімшілік ұжымдар;
- әкімшілік қамқорлық субъектілері;
- рұқсаттық жүйе субъектілері;
- ерекше әкімшілік-құқықтық режимдегі аймақтың тұрғындары;
- әкімшілік бақылау субъектілері және т.б.

Әкімшілік ұжым — ұйымның жеке құрамы. Оның мүшелерінің әкімшілікпен қарым-қатынасы, жеке құқықтары мен міндеттемелері әкімшілік құқықпен реттеледі. Бұлар — ішкі істер органдары, әскери бөлімдер, студенттік және мектеп ұжымдары т.б. Қарым-қатынастар, соның ішінде қызмет бабына байланыстылары да, әкімшілік құқық нормаларымен реттеледі.

Әкімшілік қамқорлық субъектілеріне жекетұлғалардың екі санаты жатады:

— мемлекет тарапынан жасалатын көмекке мұқтаж жекетұлғалар. Бұлар — ата-анасыз қалған балалар, жалғызбасты аналар, науқастар, мүгедектер, көп балалы отбасының балалары және т.б.;

— тосын жағдайлардың құрбандары (жұмыссыздар, мәжбүрлікпен қоныс аударушылар, қашқындар, әлеуметтік дағдарыстан, техногендік апаттардан және дүлей апаттан жапа шеккендер).

Рұқсаттық жүйе субъектілеріне белгілі бір әрекетті (қызметті) іске асыруға заңға сәйкес арнайы рұқсат (лицензия) алған жекетұлғалар мен ұйымдар жа-





Әкімшілік құқық субъектісі — Жол полициясы қызметкері

тады. Олар — оқ ату қаруының иелері, автотранспорт жүргізу куәлігі бар, фармацевтикамен және басқа да қызметпен айналысатын жекетұлғалар.

Арнайы әкімшілік режим енгізілген аймақ тұрғындарының ерекше құқықтық мәртебесі бар, олар өздері тұратын жерде емін-еркін жүреді. Ондай аймаққа «жабық қала» деп аталатын шеғараға жақын жерлер, төтенше жағдай орын алған және дүлей апат болған жерлер жатады.

Әкімшілік бақылау субъектілеріне сот шешімімен жүріп-тұруына арнайы шектеулер қойылған және мемлекеттік органдардың бақылауындағы жекетұлғалар жатады. Бұлар — шартты түрде сотталғандар, шартты түрде мерзімінен бұрын босатылғандар және бас бостандығынан айырумен байланысты емес жаза түріне кесілгендер.

Әкімшілік құқық әкімшілік қатынастарды реттеп отыру үшін әртүрлі әдіс-тәсілдерді пайдаланады (19-сызбанұсқа).

19-сызбанұсқа

### Әкімшілік құқық әдістері



**Глоссарий**

**Әкімшілік құқық** — мемлекеттік билік органдарының басқару қызметі саласындағы қоғамдық қатынастарды реттеуші әкімшілік-құқықтық нормалар жиынтығы.

**Әкімшілік-құқықтық нормалар** — мемлекеттік басқару саласында, сонымен қатар мемлекеттік билікті жүзеге асыру барысында туындайтын басқару сипатындағы қатынастарды реттейтін, мемлекет белгілеген мінез-құлық ережелері.

**Мемлекеттік басқару** — реттеу, сақтау немесе қайта құру мақсатында мемлекеттің адамдардың қоғамдық өміріне ұйымдастырушы және реттеуші түрінде ықпал етуі.

**Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары**

1. Әкімшілік құқықтың міндеттері мен негізгі мазмұнын ашып көрсетіңдер.
2. Әкімшілік-құқықтық нормалар деген не? Олардың азаматтық-құқықтық нормалардан қандай айырмашылығы бар?

**1-деңгейлі тапсырма.** 17-кестені толтырыңдар.

17-кесте

**Әкімшілік құқық ұстанымдары**

№	Функция атауы	Функция мақсаты	Тәжірибеден мысалдар

**Рефлексия.** Аталған тақырыпты қаншалықты меңгергендеріңді 1 мен 10-ның аралығында белгілеңдер. Қандай сұрақтарыңның жауабы табылмады?

**§ 21. ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚБҰЗУШЫЛЫҚТАР**

**Бүгінгі сабақта:**

- «әкімшілік құқық-бұзушылықтар» ұғымын, құрамы мен белгілерін оқып білеміз.

**Тірек сөздер**

- әкімшілік құқық-бұзушылық
- әкімшілік жауаптылық

Әкімшілік-құқықтық нормаларды бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілік қарастырылған.

**Әкімшілік құқықбұзушылық** — жеке тұлғаның құқыққа қарсы, кінәлі (қасақана немесе абайсыз істелген) әрекеті немесе әрекетсіздігі. Бұл үшін тұлға әкімшілік жауаптылыққа тартылады. Тұлғаның екі түрі бар — *жеке және заңды тұлға*. «Әкімшілік құқықбұзушылық туралы» Кодексте осы заңбұзушылықтың түрлері мен жаза түрлері көрсетілген. Жекетұлғалар әкімшілік

жауаптылыққа 16 жастан бастап тартылады. «Әкімшілік құқықбұзушылық туралы» Кодекс 2014 жылы 5 шілдеде қабылданған.



**Есте сақтаймыз!**

Кәмелетке толмаған жасөспірімдердің құқықбұзушылығы үшін жауапкершілік олардың ата-аналарына немесе заңды өкілдеріне артылады.

Олар материалдық шығынды орнына келтіруге, өз балаларын заңды және басқалардың құқықтарын сыйлауға тәрбиелеуге міндетті.

Әкімшілік құқықбұзушылық қасақана немесе абайсызда жасалуы мүмкін. Қасақана жасалған құқықбұзушылық кезінде оны жасаған жекетұлға өз әрекетінің (немесе әрекетсіздігінің) заңға қайшы екенін сезінеді (20-сызбанұсқа). Сонымен қатар тұлға оның зиянды салдары болатынын алдын ала біледі және сол салдардың болуын қалайды немесе біле тұра әдейі жол береді.


Абайсызда жасалған әкімшілік құқықбұзушылық кезінде оны жасаған жекетұлға өз әрекетінің (немесе әрекетсіздігінің) зиянды салдары болатынын алдын ала біледі, бірақ ешқандай негіз болмаса да, оның болмай қалуы мүмкін деген ұшқары ойда болады. Кейде зиянды салдар болмауы мүмкін деп те ойлап қалады, дегенмен мұқият ойластырса оның болмай қалмайтынын болжай алар еді.

Аталған **іс-әрекет** құқыққа қарсы әрекет пен құқыққа қарсы әрекетсіздік түрінде орын алуы мүмкін.

*Әрекет* — міндеттемелерді, заңды талаптарды белсенді түрде орындамау, белгіленген тыйымдарды бұзу.

*Әрекетсіздік* — заңды немесе жекетұлғаға жүктелген міндетті пассивті түрде орындамау.

20-сызбанұсқа

**Әкімшілік құқықбұзушылық белгілері**

*Құқыққа қарсы әрекет*. Бұл іс-әрекет нәтижесінде әкімшілік құқық нормалары бұзылады. Ешқандай әрекет, егер оны жасаған кезде құқық нормалары бұзылмаған болса, әкімшілік құқықбұзу-



Жасөспірімдерге зиянын тигізетін әрекеттерге заңмен тыйым салынған

шылық деп танылмайды және оны жасағаны үшін әкімшілік жауаптылыққа тартылмайды.

*Іс-әрекеттің айыптылығы.* Тұлға бұл әрекеттерінің заңға қайшы екенін, оған тыйым салынатынын сезінеді. Айыптылықтың болуы міндетті. Айыбы жоқ болса, тұлға жауапкершілікке тартылмайды. Жекетұлғаның айыбы екі түрде болады: қасақана немесе абайсызда жасалған. Іс-әрекеттің айыптылығы оның қасақана немесе абайсызда жасалғандығын айғақтайды.

*Іс-әрекеттің жазаланатындығы* аталған әрекетті жасағаны (жасамағаны) үшін жеке немесе заңды тұлға ҚР ӘК бойынша міндетті түрде әкімшілік жауаптылыққа тартылатынын білдіреді.

**Әкімшілік құқықбұзушылық** қылмыстық құқықбұзушылықпен салыстырғанда қоғамға айтарлықтай зиян келтірмейді, оның қоғамға қауіптілік белгілері жоқ. Жазалау шаралары да қылмыстық құқықбұзушылық жасағандағыдай қатал емес. Олар, негізінен, айыппұл салу, арнайы құқықтан айыру, әкімшілік қамақ және т.б. түрінде болады.

Әкімшілік құқықбұзушылықтың құрамы төрт элементтен тұрады (21-сызбанұсқа).

Әкімшілік құқықбұзушылық құрамында төрт элементтің барлығы болғанда ғана тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

Әкімшілік құқықбұзушылық жасау әкімшілік жаза немесе әкімшілік өндіріп алуды қолдануға негіз болады.

### **Әкімшілік құқықбұзушылықтың негізгі түрлері**

*Жекетұлғаның құқығына қол сұғатын әкімшілік құқықбұзушылықтар* . Оларға отбасы-тұрмыстық қатынастар саласындағы құқыққа қарсы әрекеттер, денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру, ұрып-соғу және т.б. жатады.



**Әкімшілік құқықбұзушылық құрамы**

**Құқықбұзушылық объектісі** — құқықбұзушылық кесірінен бұзылатын қоғамдық қатынастар.

**Құқықбұзушылықтың объективті жағы** — нақты іс-әрекет белгілері, оның мүмкін болатын салдары, әрекет пен салдар арасындағы себептік байланыс.

**Құқықбұзушылық субъектісі** — ақыл-есінің дұрыс екенін білдіретін белгілері бар, нақты бір жасқа (16 жас) жеткен жекетұлға (сонымен қатар лауазымды тұлға) немесе заңды тұлға.

**Құқықбұзушылықтың субъективті жағы** — қасақаналық немесе абайсыздық формасында көрініс табатын айып (кінә).

*73-бап.* Отбасы-тұрмыстық қатынастар аясындағы құқыққа қарсы әрекеттер Құқықбұзушымен отбасы-тұрмыстық қатынастардағы адамдарға сыйламаушылық көрсетіліп, былапыт сөйлеу, тиісу, кемсіту, үй тұрмысындағы заттарды бұлдіру және олардың тыныштығын бұзатын, жеке тұрғын үйде, пәтерде немесе өзге де тұрғынжайда жасалған басқа да әрекеттер, егер бұл әрекеттерде қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса, ескерту жасауға не үш тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға әкеп соғады.

*Қоғамдық тәртіп пен адамгершілікке қол сұғатын әкімшілік құқықбұзушылықтар.* Оларға ұсақ бұзақылық; кәмелетке толмаған жасөспірім жасаған бұзақылық; газ тапаншасынан, пневматикалық, электрлік, лақтыратын қарудан оқ ату; елді мекенде пиротехникалық бұйымдарды қолдану; тыныштықты бұзу; арнайы қызметті алдап шақыру және т.б. жатады.

*434-бап.* Ұсақ бұзақылық

Ұсақ бұзақылық, яғни қоғамдық орындарда былапыт сөйлеу, жекетұлғаларға тиісу, тұрғын үй-жайларды қорлау, ортақ пайдалану орындарын, саябақтарды, скверлерді ластау, оның ішінде белгіленбеген орындарға коммуналдық қалдықтарды тастау және айналасындағыларға сыйламаушылық білдіретін, қоғамдық тәртіпті және жекетұлғалардың тыныштығын бұзатын басқа да осындай әрекеттер бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не он тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға әкеп соғады.

**435-бап . Кәмелетке толмаған адам жасаған бұзақылық**

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 293-бабының бірінші тармағында көзделген, он төрттен он алты жасқа дейінгі кәмелетке толмаған адам жасаған ұсақ бұзақылық немесе бұзақылық — ата-анасына немесе оларды алмастыратын адамдарға жеті айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**437-бап . Тыныштықты бұзу**

Жекетұлғалардың қалыпты демалысы мен тыныштығына кедергі келтіретін, түнгі уақытта (сағат 23-тен таңғы 6-ға дейін) тыныштықты бұзу, оның ішінде тұрғын үй-жайларда және олардың сыртында шұғыл қажеттілікпен байланысы жоқ шу шығаратын жұмыстарды жүргізу — жекетұлғаларға — бес, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға — он, орта кәсіпкерлік субъектілеріне — он бес, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**440-бап . Алкогольдік ішімдіктерді ішу немесе қоғамдық орындарға масан күйде келу**

1. Жергілікті атқарушы орган алкогольдік ішімдіктерді құйып сатуға рұқсат еткен сауда және қоғамдық тамақтандыру ұйымдарынан басқа, көшелерде және басқа да қоғамдық орындарда алкогольдік ішімдіктерді ішу немесе қоғамдық орындарға адамның қадір-қасиетін және қоғамдық имандылықты қорлайтын масан күйде келу — бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Жасы он сегізге толмаған адамдардың қоғамдық орындарға масан күйде келуі, сол сияқты олардың алкогольдік ішімдіктерді ішуі — ата-анасына немесе оларды алмастыратын адамдарға бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**442-бап . Кәмелетке толмағандардың заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз түнгі уақытта ойын-сауық мекемелерінде немесе тұрғынжайдан тыс жерде болуы**

1. Кәмелетке толмағандардың түнгі уақытта заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз сағат 22-ден таңғы 6-ға дейін ойын-сауық мекемелерінде болуы — заңды өкілдеріне үш айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Кәмелетке толмағандардың заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз тұрғынжайдан тыс жерде сағат 23-тен таңғы 6-ға дейін болуы — заңды өкілдеріне ескерту жасауға әкеп соғады.

**444-бап . Құмар ойындарға қатысу, тарту немесе рұқсат беру**

1. Құмар ойындарға (акшаға, затқа және өзге де құндылықтарға) бұл үшін бөлінбеген орындарда қатысу, сол сияқты бұған арнайы рұқсаты жоқ адамдардың спорттық және өзге де жарыстарға ставка қабылдауы — ойын құралдары, акша, заттар және өзге де құндылықтар тәркілене отырып, жеке тұлғаларға екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.



2. Қазақстан Республикасының жиырма бір жасқа дейінгі азаматтарын құмар ойындармен және (немесе) ақшаға, заттарға және өзге де құндылықтарға бәсігіумен айналысуға тарту және рұқсат ету — жекетұлғаларға екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**448-бап . Кәмелетке толмағандардың вандализмі**

Он алты жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар жасаған вандализм, яғни мемлекет қорғайтын ғимараттарды, өзге де құрылыстарды, тарих және мәдениет ескерткіштерін, табиғи объектілерді, адамдар жерленген жерлерді жазулармен немесе суреттермен, немесе қоғамдық имандылықты қорлайтын өзге де әрекеттермен қорлауы, сол сияқты көлікте немесе өзге де қоғамдық орындарда мүлікті қасақана бүлдіруі — ата-анасына немесе оларды алмастыратын адамдарға он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**449-бап . Қоғамдық орындарда тиісу**

Қоғамдық орындарда заттарды өзгеше тәсілмен сатып алу, сату, айырбастау немесе пемдену мақсатында кәсіпкерлік субъектісі болып табылмайтын адам жасаған, сондай-ақ бал ашу, қайыршылық, сексуалдық сипатта қызметтер көрсету не өзге де қызметтер көрсетуді күштеп тану мақсатында тиісу, яғни мазалап өтініш білдіру — жеке тұлғаларға ескерту жасауға не бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**622-бап . Қалалық және қала маңындағы қоғамдық көлікті пайдалану қағидаларын бұзу**

1. Трамвайды, троллейбусты, қалалық және қала маңына қатынайтын автобусты немесе таксиді пайдалану қағидаларын көлік құралының тепкішектерінде және басқа да шығып тұрған бөліктерінде тұрып жол жүру, жүрген кезде кіру және шығу, есіктердің ашылуына және жабылуына кедергі келтіру, кесіп кететін нәрселерді тиісті қаптамасыз алып жүру, сондай-ақ салонды және жолаушылардың киімдерін былғайтын нәрселер мен заттарды тасымалдау түрінде жасалған бұзушылық — бір айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Қоғамдық көлікте жол жүргені үшін ақы төлеуден жалтару — екі айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Сонымен, әкімшілік құқықбұзушылықтар әртүрлі болады. Оның бәрі ҚР «Әкімшілік құқықбұзушылық туралы» Кодексында көрсетілген. Әкімшілік құқықбұзушылық үшін әкімшілік жауапкершілік қарастырылған.

**Глоссарий**

**Әкімшілік жауапкершілік** — заңдық жауапкершілік түрі. Мемлекеттік органдар, лауазымды тұлғалар мемлекет белгілеген заңдар мен ережелерді бұзғаны үшін азаматтарға, тиісті жағдайларда мекемелерге де мемлекет белгілеген әкімшілік шаралар қолдануда көрініс табады.

**Әкімшілік құқықбұзушылық** — жекетұлғаның құқыққа қарсы, кінәлі (қасақана немесе абайсызда жасаған) әрекеті не әрекетсіздігі немесе заңды тұлғаның құқыққа қарсы әрекеті немесе әрекетсіздігі. Бұл үшін Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқықбұзушылық туралы» Кодексінде әкімшілік жауаптылық көзделген.

**Түнгі уақыт** — кешкі 23.00 мен таңғы 6.00 аралығындағы уақыт. Бұл кезде адамдардың тыныштығы мен демалысын бұзуға болмайды. Басқаша айтқанда, бұл — демалыс уақыты.

### Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары

1. «Әкімшілік жауапкершілік» ұғымын ашып көрсетіңдер. Әкімшілік жауапкершіліктің ерекшеліктерін көрсетіңдер.
2. Әкімшілік құқықбұзушылық құрамын анықтаңдар, оның құрамындағы элементтердің ерекшелігін ашып көрсетіңдер.

**2-деңгейлі тапсырма.** 18-кестені толтырыңдар.

18-кесте

### Әкімшілік құқықбұзушылық құрамы

Құқықбұзушылық объектісі	Объективті жағы	Құқықбұзушылық субъектісі	Субъективті жағы

**2-деңгейлі тапсырмалар.** Жағдаяттарды талқылаңдар.

1. 14 жастағы мектеп оқушысы автобуста жол жүру ақысын төлемеді. Оқушы құқықбұзушылық жасады ма? Оны әкімшілік жазаға тартуға бола ма? Мектеп оқушысының ісіне кім жауап беруі керек?

2. Сағат 23.00-ден кейін көппәтерлі үйдің бір пәтерінің тұрғындары қонақ шақырып, бар дауыстарымен ән салып, би биледі. Бүгін мереке деп, көршілерінің ескертулеріне құлақ аспады. Пәтер тұрғындарының істегендері дұрыс па? Бұл жерде әкімшілік нормалар бұзылды ма? Үй тұрғындарына қандай ақыл айтар едіңдер? «Түнгі уақыт» дегенді қалай түсінесіңдер?

3. 15 жасар мектеп оқушылары сабақтан соң үйлеріне қайтып келе жатты. Жолда олар ескерткіштер мен ғимараттардың қабырғасына бояумен түрлі суреттер салды.

Аталған іс-әрекетте қандай әкімшілік жауаптылық қарастырылады? Кім жауап береді?

**Рефлексия.** Аталған тақырыпты қаншалықты меңгергендеріңді 1 мен 10-ның аралығында белгілеңдер. Қандай сұрақтарыңның жауабы табылмады?



## § 22. ӘКІМШІЛІК ЖАУАПТЫЛЫҚ

Әкімшілік жауаптылық қылмыстық құқықбұзушылыққа қарағанда қауіпсіздеу әрекеттер үшін қолданылады. Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқықбұзушылық туралы» Кодексінде құқыққа қарсы әкімшілік әрекет пен оның зиянды салдары туралы айтылады (25–27-бб.).

Әкімшілік жауаптылықтың арнайы сипаттары бар.

1. Әкімшілік жауаптылық көп жағдайда соттан тыс жауаптылық болып табылады. Әкімшілік жауаптылықты атқарушы билік жүйесіне кіретін мемлекеттік органдардағы лауазымды тұлғалар белгілейді. Сонымен қатар белгілі бір алқалы органдар соттан тыс қарастырады. Тағы да әкімшілік соттар бар, олар осындай құқықбұзушылықтардың біраз бөлігін қарайды. Аталған барлық органдар әкімшілік юрисдикция субъектілері болып табылады.

2. Лауазымды тұлғалар әкімшілік жазаны қызмет бабымен өздеріне бағынышты емес құқықбұзушыларға тағайындайды. Әкімшілік жауаптылық тәртіптік жауаптылықтан осы белгісі арқылы ерекшеленеді. Тәртіптік жауаптылықта жазалау шаралары негізінен жоғарғы органдарға немесе лауазымды тұлғаларға бағыныштылық тәртібінде іске асады.

### Назар аударыңдар!

Мемлекеттік органдардың бейнебақылау камераларының көрсетуі негізінде айыппұл салу түріндегі әкімшілік жауаптылыққа тартуы — жаңа енгізілген жаза түрі.

3. Әкімшілік жаза, әдетте, қылмыстық жазаға қарағанда жеңілдеу болып келеді.

4. Әкімшілік жауаптылық қолданылған жағдайда құқықбұзушылық жасаған жекетұлға сотқа тартылмайды. Әкімшілік жаза қолданылған тұлға әкімшілік жазаны өтеп біткен күннен бастап бір жыл ішінде осы жазаға тартылды деп есептеледі.

5. Жекетұлғаны да, заңды тұлғаны да жауаптылық субъектісі деп есептеуге болады. Заңды тұлғалар әкімшілік жауаптылыққа тұрған жеріне, бағыныштылығына, басқа да жағдайларға қарамастан тар-

### Бүгінгі сабақта:

- «әкімшілік жауаптылық» түсінігін, кәмелетке толмағандардың әкімшілік жауаптылығының ерекшеліктерін оқып білеміз;
- әкімшілік жаза түрлері мен оларды қолдану тәртіптерін қарастырамыз.

### Тірек сөздер

- әкімшілік жауаптылық
- әкімшілік жаза
- кәмелетке толмағандардың әкімшілік жауаптылығы
- тәрбиелеу шаралары

тылады. Тек қана ерекше мәртебесі бар субъектілер ғана (елшілер, консулдар және т.б.) бұл санатқа жатпайды.

6. Әкімшілік жауаптылықты ҚР «Әкімшілік құқықбұзушылық туралы» Кодексі белгілейді. Аталған Кодексте әкімшілік жаза мен оның түрлері туралы нақты түсінік бар.

**Әкімшілік жаза** — уәкілеттік берілген сот пен органдар (лауазымды адамдар) әкімшілік құқықбұзушылық жасағаны үшін қолданылатын мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы. Әкімшілік жаза құқықбұзушылық жасаған тұлғаны құқықтары мен бостандықтарынан айыру немесе шектеу түрінде тағайындалады.

Әкімшілік жаза мүліктік шығынды өтеу құралы емес. Әкімшілік құқықбұзушылықтан келген шығын азаматтық сот ісі арқылы өндіріледі.

Әкімшілік құқықбұзушылық жасағаны үшін мынадай әкімшілік жазалар қолданылуы мүмкін:

- ескерту жасау;
- әкімшілік айыппұл салу;
- әкімшілік құқықбұзушылық жасау құралы не нысанасы болған затты, сол сияқты әкімшілік құқықбұзушылық жасау салдарынан алынған мүлікті тәркілеу;
- арнайы құқықтан айыру;
- рұқсаттан айыру немесе оның қолданылуын тоқтата тұру, сондай-ақ тізілімнен алып тастау;
- қызметті тоқтата тұру немесе оған тыйым салу;
- заңсыз тұрғызылып жатқан немесе тұрғызылған құрылысты мәжбүрлеп бұзу;
- әкімшілік камаққа алу;
- шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен әкімшілік жолмен шығарып жіберу.



Жол полициясы — әкімшілік жауаптылық тағайындайтын субъект



Әкімшілік құқықбұзушылықтар жасағаны үшін заңды тұлғаларға әкімшілік жазалар, сондай-ақ заңды тұлғаның қызметін немесе қызметінің жекелеген түрлерін тоқтата тұру немесе оған тыйым салу қолданылуы мүмкін (19-кесте).

19- кесте

**Әкімшілік жазаның негізгі және қосымша шаралары**

Әкімшілік жазаның негізгі шаралары	Әкімшілік жазаның қосымша шаралары
Ескерту, әкімшілік айыппұл, әкімшілік қамақ	Тәркілеу, рұқсатсыз тұрғызылған немесе тұрғызылып жатқан құрылысты мәжбүрлеп бұзу

Негізгі әкімшілік жаза ретінде де, қосымша әкімшілік жаза ретінде де қолданылуы мүмкін жалпы шаралар

Әлеуметтік құқықтан айыру, рұқсаттан айыру немесе оның қолданылуын тоқтату, сонымен қатар тізілімнен алып тастау; қызметті тоқтата тұру немесе оған тыйым салу; шетел азаматын немесе азаматтығы жоқ тұлғаны ҚР шегінен тыс әкімшілік жолмен шығарып жіберу.

*Әкімшілік айыппұл* — әкімшілік құқықбұзушылық үшін салынатын, айлық есептік көрсеткіштің белгілі бір мөлшеріне сәйкес келетін мөлшерде ақша өндіріп алу.

*Мүлікті тәркілеу* — әкімшілік құқықбұзушылық жасаудың құралы не нысанасы болған нәрсені, сондай-ақ әкімшілік құқықбұзушылық жасау нәтижесінде алынған мүлікті заңнамада көзделген тәртіппен мемлекет меншігіне мәжбүрлі түрде қайтару.

*Арнайы құқықтан айыруды* сот қолданады (көлік құралдарын жүргізу құқығы, аңшылық, балық аулау құқығы, аңшы мылтығын, оның оқ-дәрісін, балық аулау құралдарын алып жүру немесе сақтау).

*Әкімшілік қамақ* 30 тәулік мерзімге қолданылады, ал төтенше жағдай талаптарын бұзғаны үшін 45 тәулікке дейін созылады. Жазаны соттар белгілейді, оны аяғы ауыр және 14 жасқа дейінгі баласы бар әйелдерге, 18-ге толмаған тұлғаларға, 1 және 2-топ мүгедектеріне, жасы 58-ден асқан әйелдер мен 63-тен асқан ер адамдарға, жасы 14-ке жетпеген балаларды жалғыз өзі тәрбиелеп отырған ер адамдарға қолдануға болмайды.

*Әкімшілік жаза құқықбұзушылық жасаған тұлғаларды тәрбиелеу мақсатында, азаматтарды заң талаптарын орындауға әрі бекітілген құқықтық тәртіпті сақтауға үйрету үшін және құқықбұзушылар мен басқа да жекетұлғаларды жаңа құқықбұзушылықтан сақтандыру*



үшін қолданылады. Әкімшілік жаза әкімшілік құқықбұзушылық жасаған жекетұлғаларға тән жарасын салуды немесе оның адамдық ар-ұятына нұқсан келтіруді, сонымен қатар заңды тұлғаның іскерлік абыройын төмендетуді мақсат тұтпайды.

Әкімшілік жаза қолданудың негізгі мақсаты — тәрбиелеу мен алдын алу. Әкімшілік жаза шараларының арқасында мемлекет қоғамдық қатынастарды реттеп отырады және жалпы қабылданған тәртіп ережелерін бұзуға жол бермейді.

Әкімшілік жаза құқықбұзушылықтың сипатына, оны жасау жағдайына, құқықбұзушының жекебасына сәйкес келетіндей әділ болуы керек. Жекетұлғаға әкімшілік жаза қолданған жағдайда жасалған әкімшілік құқықбұзушылықтың сипаты, айыптының жекебасы және оның құқықбұзушылық жасағанға дейінгі және кейінгі тәртібі, мүліктік жағдайы, міндеттемесі, жауапкершілігін жұмсартатын және қатайтатын жағдайы есепке алынады.

Заңды тұлғаға әкімшілік жаза қолданған жағдайда әкімшілік құқықбұзушылықтың сипаты, мүліктік жағдайы, жауапкершілігін жұмсартатын және қатайтатын жағдайлар есепке алынады.

**Кәмелетке толмағандардың әкімшілік жауаптылығы.** Әкімшілік құқықбұзушылық жасаған кәмелетке толмаған жасөспірімге тәрбиелік әсері бар әкімшілік жаза қолданылуы мүмкін. Кәмелетке толмаған жасөспірімге салынған әкімшілік айыппұлдың көлемі 10 айлық есептік көрсеткіштен аспауы керек. Жасөспірімнің айыппұл төлеуге жеткілікті мүлкі болмаған жағдайда, айыппұл оның ата-анасына немесе олардың орнын басатын адамдарға салынады.

Кәмелетке толмаған жасөспірімді арнайы құқықтан айыру мерзімі бір жылдан аспауы керек. Әкімшілік құқықбұзушылықты бірінші рет жасаған жасөспірім әкімшілік жауаптылықтан немесе заңмен бекітілген тәрбиелік әсері бар әкімшілік жазаны орындаудан босатылуы мүмкін. Бұл шараны әкімшілік құқықбұзушылық ісін қарауға өкілетті сот немесе органдар (лауазымды тұлғалар) жүзеге асырады.

Кәмелетке толмаған жасөспірімдерге қолданылуы мүмкін тәрбиелік шаралар:

- заңды түсіндіру;
- келтірілген зиянды қалпына келтіруді міндеттеу;
- демалыс сәтін шектеу, жүріс-тұрысына ерекше талап қою.

Кәмелетке толмаған жасөспірімге бірден бірнеше тәрбиелік шара қатар қолданылуы мүмкін. Жасөспірім оларды жүйелі түрде орындамаған жағдайда, ішкі істер органдары бұл шараны өзгертіп, жасөспірімді әкімшілік жазаға тарту үшін істі сотқа жібереді.



Жасөспірімнің демалыс сәтін шектеу, жүріс-тұрысына ерекше талап қою дегеніміз — белгілі бір жерге баруға, демалыстың кейбір түрін пайдалануға, соның ішінде көлік жүргізуге тыйым салу; тәуліктің белгілі бір мерзімінен кейін үйден тысқары жүруін шектеу, әкімшілік құқықбұзушылық ісін қарауға өкілетті соттың немесе органның (лауазымды тұлғаның) рұқсатынсыз басқа да жерлерге баруын шектеу.

Кәмелетке толмаған жасөспірімнен оқуын аяқтау немесе кәмелетке толмағандардың құқығын қорғау жөніндегі комиссияның көмегімен жұмысқа тұру да талап етілуі мүмкін.

### Глоссарий

**Әкімшілік жаза** — әкімшілік құқықты бұзғаны үшін өкілетті органдар — сот, мемлекеттік органдар (лауазымды тұлғалар) қолданатын мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы.

**Әкімшілік қамаққа алу** отыз тәулікке дейінгі мерзімде, ал ерекше жағдай режіміндегі талаптарды бұзғаны үшін қырық тәулікке дейінгі мерзімде қолданылады.

### Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары

1. Әкімшілік жауапкершіліктің қандай арнайы сипаттары бар екенін анықтаңдар.
2. Әкімшілік жаза жүйесінің қандай ерекшеліктері бар?
3. Негізгі әкімшілік жазаларды атаңдар. *Айыппұл* түсінігіне анықтама беріңдер. Оның қандай ерекшеліктері бар?
4. Кәмелетке толмағандарды әкімшілік жауаптылыққа тартудың қандай ерекшеліктері бар?
5. Тәрбиелік шараларды қолдану тәртібін анықтаңдар.

**1-деңгейлі тапсырма.** 20-кестені толтырыңдар.

20-кесте

### Әкімшілік жауаптылықтың арнайы сипаттары

№	Атауы	Мазмұны
1	Соттан тыс жауаптылық	
2	Лауазымды тұлғалар қызмет бабымен өздеріне бағынышты емес құқықбұзушыларға тағайындайды.	
3	Әкімшілік жаза, әдетте, қылмыстық жазаға қарағанда жеңілдеу болып келеді.	
4	Сотқа тартылмайды.	
5	Жекетұлғаны да, заңды тұлғаны да жауаптылық субъектісі деп есептеуге болады.	
6	ҚР ӘҚ Кодексі тағайындайды.	

**2-деңгейлі тапсырма.** Жағдаяттарды талқылаңдар.

1. 12, 14 және 16 жастағы мектеп оқушылары ғимараттың артында жасырын темекі шегіп тұрды. Олар әкімшілік жауапкершілікке тартыла ма? Оларға қандай тәрбиелік шаралар қолданылуы керек?

2. 9-сынып оқушысының портфелінен ұялы телефоны жоғалды. Қандай құқық нормасы бұзылды? Мұнда әкімшілік құқықбұзушылық бар ма? Аталған жағдайды қалай шешуге болады?

**Рефлексия.** Аталған тақырыпты қаншалықты меңгергендеріңді (1-ден 10-ға дейін) бағалаңдар. Сендер үшін қандай сұрақтар түсініксіз болып қалды?

## § 23. ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚБҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ

### Бүгінгі сабақта:

- әкімшілік-құқықтық нормалардың құқықбұзушылықтың алдын алу үдерісін қалай реттейтінін оқып білеміз.

### Тірек сөздер

- әкімшілік құқықбұзушылықтың алдын алу
- жалпы алдын алу шаралары
- жеке профилактика шаралары

Қазіргі қоғам жылдам өсіп, дамуда, қоғамдық қатынастардың жана түрлері пайда болуда, сонымен қатар құқықбұзушылықтың да түрлері көбеюде. Мемлекеттің мақсаты құқықбұзушылық үшін жазалау ғана болмау керек. Мемлекет жасалып жатқан құқықбұзушылықтың санын қысқартуға, оларды болдырмауға ұмтылуы тиіс. Ол үшін әкімшілік құқықбұзушылықтың алдын алу шаралары жүргізіледі. Алдын алу шараларында әкімшілік-құқықтық нормалар елеулі қызмет атқарады.

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдеде қабылданған «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз калуының алдын алу

туралы» Заңы бар. Сонымен қатар 2010 жылғы 29 сәуірде Қазақстан Республикасының «Құқықбұзушылық профилактикасы туралы» Заңы қабылданған.

Құқықбұзушылықтың алдын алу жұмыстарын (профилактикасын) тар және кең мағынада түсінуге болады.

Кең мағынасындағы түсінік: нақты бір құқықбұзушылықты болдырмау, жеке азаматтарды құқықбұзушылықтан сақтандыру (22-сызбанұсқа).

Тар мағынасындағы түсінік: алдын алу шаралары — құқықбұзушылықтың себебін және оның қандай жағдайда жасалғанын анықтайтын мемлекеттік органдардың қызметі. Сонымен қатар



**Мектептегі баланың құқығын қорғау механизмі**



бұл қызмет қоғамға қарсы бағыттағы әкімшілік құқықбұзушылық жасауға қабілетті жекетұлғаларды анықтайды. Олармен алдын алу шараларын өткізеді.

**Құқықбұзушылықтың алдын алудың мақсаты** — жекетұлғаны, қоғам мен мемлекетті құқыққа қарсы қолсұғушылықтардан қорғау (23-сызбанұсқа).

**Құқықбұзушылықтың алдын алудың негізгі міндеттері**

- Лауазымды тұлғалар мен азаматтардың заңға бағынышты мінез-құлқын қалыптастыру
- Құқықбұзушылықтан болған шығындар мен зияндардың көлемін азайту
- Құқықбұзушылық жасаудың себептері мен шарттарын жою
- Жеке және заңды тұлғаларға құқықбұзушылық жасауға жол бермеу

Құқықбұзушылықтарды ескерту үшін оның себептеріне ықпал ету қажет. Құқықбұзушылық себептерінің түп-тамыры қоғамның өзінде жатыр.

Сондықтан да оларды жою үшін арнайы құқықтық қана емес (құқықшығармашылық, құқық қорғау органдарының құқық қолдану қызметі), әлеуметтік іс-шаралар кешені де қажет.

Әкімшілік құқықбұзушылықтың алдын алуда бір-бірімен өзара байланысты алдын алу объектісі мен алдын алу субъектісін бөліп көрсетеміз.

**Құқықбұзушылықтың алдын алу объектісі** — құқықбұзушылықты ескерту мақсатында субъекті әсер ететін қоғамдық қатынастар мен байланыстар жүйесі.

**Құқықбұзушылықтың алдын алу субъектісі** — объектіге құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында қандай да бір жағымды әсер ететін лауазымды тұлғалар, органдар, мемлекеттік емес ұйымдар мен азаматтар.

Құқықбұзушылықтың алдын алудағы мемлекеттік жүйе келесі қағидағтарға негізделеді:

- 1) құқықбұзушылықтың алдын алудағы мемлекеттің басты рөлі;
- 2) құқықбұзушылықтың алдын алуға өздерінің құқықтары мен міндеттері аясында барлық мемлекеттік, қоғамдық институттар мен азаматтардың қатысуы;
- 3) заңдылық;
- 4) кешенділік пен жүйелілік;
- 5) көпденгейлілік;
- 6) құқықбұзушылықтың алдын алу шараларының жазалау шараларынан басымдығы;
- 7) барлық кезендерде құқықбұзушылықтың алдын алудың үзілмеуі және сабақтастығы.



Төсбелгілер



Құқықбұзушылықтың алдын алу шаралары құқықбұзушылықтың алдын алу объектілеріне жалпы және жекелей әсер ету арқылы жүзеге асады.

**Құқықбұзушылықтың жалпы алдын алу шаралары:**

- қоғамдық қатынастардың тиісті саласында жасалған құқықбұзушылықтар туралы мәліметтерді жинау және сараптау;
- ҚР заңнамасын қолдануды сараптау, оның ішінде құқықбұзушылық себептерін және басқа да соларға байланысты қоғамдық қатынастардың тиісті саласының көріністерін бағалау, оны жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу;
- қоғамдық қатынастардың тиісті саласындағы құқықбұзушылықтар мен қылмысты болжау;
- нақты бір орында (объектіде) қоғамдық қатынастардың тиісті саласында құқықбұзушылық жасауға кедергі келтіретін жағдай жасау;
- құқықбұзушылық жасауға ықпал ететін шарттар мен себептерді анықтау және жою;
- тұрғындардың құқықтық тәрбиесін жүзеге асыру;
- қылмыстық, әкімшілік, салықтық жауапкершілік және құқықбұзушылықтың алдын алу жөніндегі мемлекеттік жүйе субъектісінің әрекетіне қатысты басқа да жауапкершілік нормалары туралы оқып білу;
- тиісті салада құқықбұзушылыққа жол бермеуге бағытталған қоғамдық пікір қалыптастыру;
- өз өкілеттігі аясында қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті сақтауды, сондай-ақ жекеменшікті қорғауды қамтамасыз ету;
- құқықбұзушылықтың алдын алудың объектілік, ведомстволық (салалық) бағдарламасын құрастыру және жүзеге асыру.

**Құқықбұзушылықтың жеке алдын алу шаралары:**

- алдын алу әңгімесін өткізу;
- мемлекеттік органдарға құқыққа қарсы мінез-құлықтың себептері мен шарттары туралы ақпарат жіберу;
- профилактика жүргізілетін тұлғаға көмек көрсету;
- мінез-құлқын бақылауды жүзеге асыру (мекенжайы бойынша, жұмысында);
- туыстарын, басқа да тұлғаларды ықпал етуге тарту;
- есепке алу;
- басқа шаралар (күнібұрын ескерту, көрсету, бақылау).

**Кәмелетке толмаған жасөспірімдердің арасындағы әкімшілік құқықбұзушылықтың алдын алу шараларының ерекшеліктері**

Әкімшілік құқықбұзушылық жасауға бейім жасөспірімдермен жеке алдын алу шаралары өткізіледі. Бұл — құқықбұзушылық жасауға ітермелейтін шарттар мен себептерді жою туралы түсінік беру; профилактикалық әңгіме; профилактикалық есепке қою және бақылау.

**Мақсаты** — жасөспірімдерді жаңа құқықбұзушылықтар жасаудан сақтандыру, сонымен қатар құқықбұзушылық жасауға ітермелейтін шарттар мен себептерді жою.



Кәмелетке толмағандардың ісі бойынша есепке қою қандай қауіп туғызады? Оның салмақты салдары болуы мүмкін. Кәмелетке толмаған жасөспірімдер мектеп бітірген соң ИМ, ҰҚК-нің жоғарғы оқу орындарына және әскери бағыттағы жоғарғы оқу орындарына оқуға түсе алмайды. Сонымен қатар құқық қорғау органдары бұрынғы «есепке тұрғандарды» біраз уақыт бойы назардан тыс қалдырмай бақылауда ұстайды.

Қадағалаусыз және қараусыз жасөспірімдерге қатысты жеке алдын алу жұмысының ерекше шаралары өткізіледі. Бұл — профилактикалық әңгіме; құқықбұзушылық жасауға итермелейтін шарттар мен себептерді жою туралы түсінік беру; профилактикалық есепке қою және бақылау; арнайы білім беру ұйымдарына және ерекше режимдегі білім беру ұйымдарына жіберу; тәрбиелік ықпал ету шаралары; қорғау нұсқамасы; әкімшілік жаза; сот шешімі бойынша қолданылатын шаралар.

*Қадағалаусыз* — жүріс-тұрысына бақылау жоқ жасөспірім. Ата-аналар немесе олардың заңды өкілдері оларды бағу, тәрбиелеу, оқыту жұмыстарын жүргізбейді немесе өз дәрежесінде орындамайды.

*Қараусыз* — тұрғылықты жері жоқ, бақылаусыз кеткен жасөспірім.

Қадағалаусыз және қараусыз жасөспірімдер арнаулы білім беру ұйымдарына және ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарына орналастырылады. Сонымен қатар кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарына жіберіледі. Мұндай тұлғаларға алкогольді сусындарды, есірткі заттарды, психотроптық және адамның жүріс-тұрысы мен физикалық және психикалық функциясына күшті әсер ететін басқа да заттарды пайдаланатын, сонымен қатар жалпы білім беретін оқу орындарына себепсіз бармайтын жасөспірімдер жатады.

Жеке алдын алу шаралары қолайсыз отбасыларға қатысты да жүргізіледі. Қолайсыз отбасы — жасөспірімдердің ата-аналары немесе олардың заңды өкілдері оларды бағу, тәрбиелеу, оқыту жұмыстарын жүргізбейтін немесе өз дәрежесінде орындамайтын отбасы.

### Назар аударыңдар!

Үйінен өздігінен кетіп қалған кәмелетке толмаған тұлғалар полиция бөлімінде қараусыздық санаты бойынша жеке есепке алынады.

### Глоссарий

**Әкімшілік құқықбұзушылықтың алдын алу** — құқықбұзушылыққа бару себептері мен шарттарын анықтау, жою немесе құқықбұзушылыққа жол бермеу мақсатында мемлекеттік органдар қолданатын шаралар.





**Алдын алу жұмысын жүргізетін субъектілер** — құқықбұзушылықты ескерту мақсатында объектіге жағымды ықпал ететін тұлға.

**Құқықбұзушылықтың алдын алу объектілері** — құқықбұзушылықты ескерту мақсатында субъекті ықпал ететін қоғамдық қатынастар мен байланыстар жүйесі.

### Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары

1. Алдын алу деген не? Әкімшілік құқықбұзушылықтардың алдын алу мақсатын ашып көрсетіңдер.
2. Құқықбұзушылықтың алдын алу объектілері мен субъектілерін атаңдар. Қазақстан Республикасындағы құқықбұзушылықтың алдын алумен айналысатын ұйымдарды атаңдар.
3. Кәмелетке толмағандарға арналған алдын алу шараларын таңдаңдар. Олардың мазмұнын ашыңдар. Алдын алу шаралары:
 

а) әңгіме;	в) есепке алу;
ә) қамаққа алу;	г) мектептен шығару;
б) өлім жазасы;	ғ) ата-аналарға айыппұл салу.

**2-деңгейлі тапсырмалар.** Жағдаяттарды талқылаңдар және қатысушылардың әрекетін бағалаңдар.

• 16 жасар Р. мен П. автобуста келе жатып бір-бірімен қатты сөйлесті және жолаушыларды итерді, былапыт сөздер айтып, айналасындағы адамдардың ескертуіне құлақ аспады, оларға дөрекі түрде сөз қайтарды.

Жасөспірімдер қандай жауапкершілікке тартылады? Осындай балаларға қандай ақыл айтар едіңдер?

• 15 жастағы үш мектеп оқушысы ата-аналарына айтпай ауылдан қалаға кетіп қалды. Олар үш күн бойы қалада болды, мүмкіндіктері бола тұра ата-аналарымен хабарласпады. Оқушылар үш күн бойы көңіл көтерді, қыдырды, тіпті ата-аналарын қиын жағдайға қалдырғандарын ойламады да. Ата-аналар полицияға хабар берді. Полиция қызметкерлері кәмелетке толмағандарды тауып, оларды қараусыздық санаты бойынша есепке алды.

Полиция қызметкерлері дұрыс істеді ме? Кәмелетке толмағандарға қандай жаза қолданылуы мүмкін? Осындай жағдайға тап болған жасөспірімдерге қандай ақыл айтар едіңдер?

**Рефлексия.** Аталған тақырыпты қаншалықты меңгергендеріңді 1 мен 10-ның аралығында белгілеңдер. Қандай сұрақтарыңның жауабы табылмады?



## ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ

### §24. «ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ» ҰҒЫМЫ

#### Бүгінгі сабақта:

- «Қылмыстық құқық» ұғымын, қылмыстық құқықтың әлеуметтік қызметі мен орнын, қылмыстық құқық жүйесін қарастырамыз.

#### Тірек сөздер

- қылмыстық құқық
- қылмыс деп тану
- қылмыс деп танымау

*Қылмыстық құқық* — қылмыстық-құқықтық нормалар жиынтығы. Оны мемлекет қоғамдық қатынастарды қылмыстық қолсұғушылықтардан қорғау мен реттеу мақсатында белгілейді. Қылмыстық құқық жеке тұлғаның, қоғам мен мемлекеттің маңызды мүдделерін қылмыстық қолсұғушылықтан қорғауды жүзеге асыру үшін қажет.

Қылмыстық-құқықтық нормалар қылмыстық заңның міндеттерін және оның әрекет ету аясын, қылмыстық құқықбұзушылықтың қағидағтары мен негіздемесін, «қылмыстық құқықбұзушылық» пен «қылмыстық жауапкершілік» түсінігі мен түрлерін анықтайды.

Қылмыстық құқық нормалары Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде бекітілген. Аталған Кодекс 2014 жылы қабылданып, 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енді.

Қылмыстық құқықты оқып-үйрену барысында «қылмыс деп тану», «қылмыс деп танымау» түсініктері қолданылады. Бұл қоғамда жүріп жатқан өзгерістерді бағалауға қажет. Қазіргі кезде қылмыс-



Қылмыстық құқықбұзушылық ерекшеліктерін айқындайтын белгілер



тық құқықбұзушылықтың кейбір түрлері қылмыс деп танылмайды. Демек, бұл құқықбұзушылықтар үшін қылмыстық жаза тағайындалмайды. Мысалы, ұрып-соғу мен денсаулыққа жеңіл зиян келтіру әкімшілік құқықбұзушылық санатына ауыстырылды. Жалған кәсіпкерлік қылмыстық істер санатынан шығарылып, экономикалық құқықбұзушылыққа жатқызылды да, жазасы жеңілдетілді. Екінші жағынан, мемлекет құқық қорғау органдары қызметкерлерінің өміріне қолсұғушылыққа жауапкершілікті қатайтты. Айыптыларды ұзақ уақыт, тіпті өмір бойына бостандығынан айыру жазасы күтіп тұр.

**Қылмыс деп тану** — қылмыстық заңда іс-әрекетті қоғамға қауіпті деп тану және оны жазалауға жатады деп есептеу.

**Қылмыс деп танылмау** — іс-әрекетті (қылмыстық заңдағы іс-әрекеттен басқасын) бұдан әрі қоғамға қауіпсіз және жазалауға жатпайды деп есептеу.

380-1-бап. Құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің өміріне қолсұғушылық

Құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің өз қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты не қызметтік міндеттерін орындағаны үшін олардан кек алу мақсатында олардың немесе жақындарының өміріне қолсұғушылық, яғни қазаға ұшыратуға бағытталған қасақана әрекеттер — мүлкі тәркіленіп немесе онсыз, он жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Қылмыстық-құқықтық нормалар жазалу жүйесін, оларды қолдану ережесі мен тәртібін, қылмыстық жауаптылықтан және жазадан босату тәртібі мен негіздемесін бекітеді, басқа да қылмыстық-құқықтық институттарды реттейді.

Қылмыстық құқық неғұрлым маңызды қоғамдық қатынастарды (жекетұлғаның, мемлекеттің, қоғамның маңызды мүдделерін) қылмыстық қолсұғушылықтан қорғау үшін туындаған. Қылмыстық құқықтың әлеуметтік міндеті қорғау мен реттеу қызметі арқылы іске асады.

**Қылмыстық құқықтың қорғаушылық міндеті** маңызды қоғамдық қатынастарға айтарлықтай зиян келтіруге жол бермейді. Қылмыстық заң қоғамға қауіпті әрекет жасауға тыйым салады. Осылайша қылмыстық заң бекітілген тәртіпті қорғайды. Сонымен қатар заңда қылмыс жасауы мүмкін жекетұлғалардың санасына тежеу салуға әсер ететін арнайы нормалар бар. Мысалы, өздігінен бас тарту туралы; іс-әрекеттің қылмыстылығын жоққа шығаратын жағдайлар туралы; қылмыстық жауаптылық пен жазадан босату туралы нормалар.



**Қылмыстық құқықтың реттеушілік міндеті** — қылмыстық құқық-бұзушылық жасалған кездегі қоғамдық қатынастарды реттеу.

Бұл жағдайда құқықтық нормалар тараптардың — құқықбұзушы мен мемлекеттің арасындағы міндеттер мен құқықтарды реттейді.

Қылмыстық құқық жүйесі Жалпы және Ерекше бөлімдерден тұрады (24-сызбанұсқа).

24-сызбанұсқа



Қылмыстық құқықтың екі құрылымдық бөлімі — Жалпы және Ерекше бөлімдері бір-бірімен тығыз және ажырамас байланыста. Ерекше бөлім институттары бүкіл қылмыстық құқық жүйесінің іргетасы болып табылады. Өйткені мұнда қылмыстық-құқықтық нормаларды қолданудың жалпы ережелері берілген. Мұны білмей тұрып, Ерекше бөлімнің бірде-бір бабын қолдану мүмкін емес. Мысалы, егер тұлғаның кінәсі болмаса, ол жасаған іс-әрекетті қылмыс деп тануға болмайды. Сол сияқты қылмыс болмаса, қылмыстық жаза да тағайындалмайды т.б.

Екінші жағынан, Ерекше бөлімнің нормалары болмаса, Жалпы бөлімде бекітілген қылмыстық-құқықтық институттар жалпы сипатта болады. Осылайша кімді болса да қылмыс пен жазаның жалпы ұғымдары негізінде ғана қылмыстық жауаптылыққа тарту мүмкін емес.

Осылайша қылмыстың құқық нормалары қоғамда табиғи түрде қалыптасатын жағымды қоғамдық қатынастарды қорғайды және қылмыстық құқықбұзушылық жасау негізінде туындаған жаңа қоғамдық қатынастарды реттейді. Қылмыстық құқықтың қорғаушылық және реттеушілік міндеттері бір-бірімен тығыз байланысты.



**Глоссарий**

**Қылмыстық құқық** — қоғамдық қатынастарды қылмыстық қолсұғушылықтардан қорғау және реттеу мақсатында мемлекет белгілеген қылмыстық құқықтық нормалар жүйесі.

**Қылмыс деп тану** — қылмыстық заңда іс-әрекетті қоғамға қауіпті деп тану және оны жазалауға жатады деп есептеу.

**Қылмыс деп танымау** — іс-әрекетті (қылмыстық заңдағы іс-әрекеттен басқасын) бұдан әрі қоғамға қауіпсіз және жазалауға жатпайды деп есептеу.

**Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары**

1. Қылмыстық құқықты қандай қатынастар реттейді?
2. Қылмыс деп тану және қылмыс деп танымау туралы айтыңдар.

**1-деңгейлі тапсырма.** 21-кестені толтырыңдар.

21-кесте

**Қылмыстық құқықтың функциялары**

Реттеушілік	Қорғаушылық

**2-деңгейлі тапсырма.** Жағдаятты талқылаңдар.

Сабақ аяқталған соң С. деген 7-сынып оқушысы сынып жетекшісінің өтініші бойынша мұғалімдер бөлмесіне кіріп, шкафқа сынып журналын қойды. Ұстаздар мұғалімдер бөлмесіне келген кезде, біреуінің сөмкесінен ақша жоғалғаны белгілі болды. Ол онша көп ақша емес еді. Мұғалімдер ақшаны С. алды деп шешті, өйткені бөлмеге ең соңғы кірген сол еді. С.-ны шақырып, онымен түсінік жұмыстарын жүргізді. Мұғалімдер дұрыс істеді ме? Аталған қоғамдық қатынастар қандай нормалармен реттеледі? Бұл жағдайды сендер қалай шешер едіңдер?

**3-деңгейлі тапсырма.** Студенттер емтиханға дайындалмады. Оқытушылар мен ЖОО жағынан болатын жағымсыз салдардан қауіптенген студенттер жарылғыш зат қойылғаны туралы айтып, университетке телефон соқты. Қауіп-қатерге байланысты университет қызметкерлерінің бәрі мекемеден шығарылды. Полиция қызметкерлері жарылғыш затты табу мақсатында алты сағат бойы мекемені тексерді. Ондай ештеңе табылмады.

Қандай құқық нормалары бұзылды? Студенттер қандай жауапкершілікке тартылады? Студенттерді әкімшілік жауапкершілікке тартуға бола ма?

**3-деңгейлі тапсырма.** Жағдаятты талқылаңдар.

Д. мен К. деген кәмелетке толмаған жасөспірімдер саябақта қыдырып жүріп 18 жастағы А.-ны кездестірді. А. оларға еліткіш затты қолдануды ұсынып, екеуіне бір-бір пакет берді. Кәмелетке толмаған Д. үйіне келген соң бұл жағдайды ата-анасына айтты. Келесі күні Д. пакетті ата-анасымен бірге полицияға алып барды. Ал К. деген екінші жасөспірім қолындағы пакетпен үйінің ауласында ұсталды.

Кім қандай жазаға тартылады? Осындай жағдайға тап болуы мүмкін балаларға қандай ақыл айтар едіңдер?

**3-деңгейлі тапсырма.** Жағдаятты талқылаңдар.

14 жастағы С. өз достарының және айналасындағы үлкендердің көзіне түсу үшін ғана 13 жастағы М.-ді итеріп жіберді. М. тепе-теңдігін ұстай алмай құлап кетті де, қарсы келе жатқан көліктің астына түсті. Алған жарақаттарының кесірінен ауруханада жатқан М. екінші күні қайтыс болды.

Жасөспірімнің өліміне кім жауап береді? Жол жиегінде ойнап жүретін балаларға қандай ақыл айтар едіңдер?

**Рефлексия.** Аталған тақырыпты қаншалықты меңгергендеріңді (1-ден 10-ға дейін) бағалаңдар. Сендер үшін қандай сұрақтар түсініксіз болып қалды?

**§ 25. «ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚБҰЗУШЫЛЫҚ» ҰҒЫМЫ**

**Бүгінгі сабақта:**

- «Қылмыстық құқықбұзушылық» ұғымын, түрлері мен белгілерін оқып-үйренеміз.

**Тірек сөздер**

- қылмыстық құқықбұзушылық
- қылмыстық құқықбұзушылық құрамы
- қылмыстық құқықбұзушылық түрлері

*Қылмыстық құқықбұзушылық* — жеке тұлғаның қоғамға, мемлекетке немесе басқа тұлғаға зардап шектіретін және соны қылмыстық жауаптылыққа соқтыратын құқыққа қарсы, кінәлі әрекеті (әрекетсіздігі).

Қылмыстық құқықбұзушылықтың белгілері:

- қоғамға қауіптілік, зияндылық;
- құқыққа қарсылық;
- кінәлілік;
- қылмыстық жазаланушылық;
- әрекет немесе әрекетсіздік түріндегі іс-әрекет.

Қылмыстық құқықбұзушылықтарға заңмен тыйым салынған. Оларды ҚР Қылмыстық кодексі мен ҚР Қылмыстық-процестік



ҚР Қылмыстық кодексі



ҚР Қылмыстық-процестік кодексі



кодексі қарастырады. Қылмыстық құқықбұзушылық қылмыс және қылмыстық теріс қылық болып бөлінеді.

Қылмыс қоғамға қауіптіліктің жоғарғы дәрежесімен ерекшеленеді. Ол қоғамның заңмен қорғалатын маңызды, елеулі мүдделеріне нұқсан келтіреді. Жасалған қылмыс үшін заң неғұрлым қатан жазалау шараларын қолданады, мысалы бас бостандығынан айыру, көлемді мөлшерде айыппұл салу және т.б.

Қылмыстық теріс қылық. Қоғамға үлкен қауіп төндірмейді, аздаған ғана зиян келтіреді немесе мемлекетке, қоғамға, жеке тұлғаға зиян келтіру қаупін тудырады. Жасалған қылмыстық теріс қылық үшін айыппұл, түзету жұмыстары, қоғамдық жұмысқа тарту, қамаққа алу түріндегі жазалар қарастырылған. Жасалған қылмыстық теріс қылық үшін сотқа тартылмайды.

### БҰЛ ҚЫЗЫҚ!

Қоғамдық қауіптілік дәрежесін анықтау үшін келесі критерийлер қолданылады:

- а) нұқсан келтірілген объектіге айналған қоғамдық қатынастың маңыздылығы;
- ә) келтірілген шығынның мөлшері;
- б) құқыққа қарсы іс-әрекеттің жасалған орны, уақыты мен тәсілі;
- в) құқықбұзушының жекебасы.

**Қылмыс және оның түрлері.** Қылмыс төрт топқа бөлінеді:

- 1) онша ауыр емес қылмыстар;
- 2) ауырлығы орташа қылмыстар;
- 3) ауыр қылмыстар;
- 4) аса ауыр қылмыстар.

- Онша ауыр емес қылмыстарға қасақана жасалған іс-әрекет және абайсызда жасалған іс-әрекет жатады. Қасақана жасалған іс-әрекет үшін берілетін ең жоғарғы жаза екі жылдан аспайтын мерзімге бас бостандығынан айыру; абайсызда жасалған әрекетке берілетін ең жоғарғы жаза — бес жылдан аспайтын мерзімге бас бостандығынан айыру.
- Ауырлығы орташа қылмыстар деп қасақана жасалған және абайсызда жасалған іс-әрекеттер танылады. Қасақана жасалған іс-әрекеттерге берілетін ең жоғарғы жаза бес жылдан аспайтын мерзімге бас бостандығынан айыру; абайсызда жасалған іс-әрекетке берілетін ең жоғарғы жаза бес жылдан асатын мерзімге бас бостандығынан айыру.
- Ауыр қылмыстарға қасақана жасалған іс-әрекеттер жатады. Қасақана жасалған іс-әрекеттерге берілетін ең жоғарғы жаза он екі жылдан аспайтын мерзімге бас бостандығынан айыру.
- Аса ауыр қылмыстарға заң қасақана жасалған іс-әрекеттерді жатқызады. Қасақана жасалған іс-әрекеттерге берілетін ең жоғарғы жаза он екі жылдан асатын мерзімге бас бостандығынан айыру немесе өлім жазасына кесу.

Әлдебір қылмыстың қоғамға қауіптілік дәрежесі нақты жазалау көлемінен білінеді. Айыптың түрі қылмысты жүйелеудің қосымша критерийі болып табылады. Сондықтан қасақана жасалған қылмыстар да, абайсызда жасалған қылмыстар да онша ауыр емес қылмыстар мен ауырлығы орташа қылмыстарға жата береді. Ал ауыр қылмыстар мен аса ауыр қылмыстар тек қана қасақана жасалады. Қылмыс санаттары жазалау көлемін анықтауға, ескіру мерзімі өтуіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босатуға, мерзімінен бұрын шартты босатуға, соттылықты алып тастау мен жоюға әсер етеді.

**Қылмыстық құқықбұзушылықтың заңды құрамы** дегеніміз — қылмыстық жауаптылық тағайындауға қажетті құқықбұзушылық белгілерінің жүйесі.

Заң ғылымында құқықбұзушылықтың төмендегі элементтері ерекшеленеді.

1. *Құқықбұзушылық субъектісі* — құқыққа қарсы іс-әрекет жасаған жекетұлға. Деликтқабілеттілігі, яғни нақты бір белгілері сәйкес келетін жекетұлғалар субъекті болып есептеледі. Нақты белгілерге заң тағайындаған жас мөлшері мен ақыл-есінің дұрыстығы жатады. Заң белгілеген жас мөлшері әрқалай: 14, 16, 18 жас.

Қылмыс жасаған кезде өз әрекетінің қоғамға қауіптілігі мен нақты сипатын сезінген және соны басшылыққа алған жекетұлға *ақыл-есі дұрыс* деп есептеледі.

Қылмыс жасаған кезде өз әрекетінің (әрекетсіздігінің) қоғамға қауіптілігі мен нақты сипатын сезіне алмаған және өзінің созылмалы психикалық, уақытша психикалық ауытқуының және басқа



Әділ сот атрибуттары



да психикалық ауруының кесірінен соны басшылыққа ала алмаған жекетұлға *ақыл-есі дұрыс емес* деп есептеледі. Ақыл-есі дұрыс емес жан қылмыс субъектісі бола алмайды, сондықтан оны қылмыстық жауаптылыққа тартпайды, оған медициналық мәжбүрлеу шараларын қолданады.

2. Қылмыстық құқықбұзушылық *құқықбұзушылық объектісіне* нұқсан келтіреді. Қоғамдық қатынастар құқықбұзушылықтың жалпы объектісі болып есептеледі. Бұл объектілер — өмір, денсаулық, меншік, мүдделер және т.б. Мысалы, кемсіту — азаматтардың ар-намысына, ұрлық — меншік құқығына, сотқарлық қоғамдық тәртіпке нұқсан келтіреді.

3. *Құқықбұзушылықтың объективті жағы* — құқыққа қарсы әрекеттің сыртқа білінуі: іс-әрекеттің өзі, осы іс-әрекетті жасау тәсілі, нәтижесі немесе зиянды салдары, жасалған іс-әрекет пен оның жағымсыз салдарының арасындағы себептік байланыс. Іс-әрекет адамның әрекеті немесе әрекетсіздігі түрінде көрініс береді және ақыл-ойы мен ерік-жігерінің бақылауында болады. Адамның өз еркінен тыс, күш қолдану әсерімен жасаған әрекеті құқықбұзушылық болып есептелмейді. Зиян — мүлдітік, мүлдітік емес, ұйымдасқан, жеке және басқа сипаттағы жағымсыз салдар. Құқықбұзушылықтың жасалған орны мен уақыты да объективті жағы болып саналады.

4. *Құқықбұзушылықтың субъективті жағы* — жекетұлғаның өз әрекеті мен оның салдарына деген субъективті қатынасын сипаттайтын белгілердің жиынтығы. Бұл жердегі негізгі санатқа айып, себеп пен мақсат жатады. Айып — құқықбұзушының өз әрекетіне деген психикалық қатынасы.

### **БҰЛ ҚЫЗЫҚ!**

Ерте заманда Ресейде тәртіп бұзушының кінәсін дәлелдеу үшін халықтық әдістер қолданылатын. Бұл жағдайда тәртіп бұзушының әшкере болу алдындағы қорқынышы мен ішкі түйсік сезіміне сүйенген. «Ұрының баскиімі өртенеді» деген мәтелді еске алайық. Бір шаруаның ақшасы ұрланады. Ауыл адамдарын жинап, «Кім кінәлі?» деген сұрақ қояды. Ешкім мойындамайды. Кенеттен жиналғандардың біреуі: «Әне, ұрының баскиімі өртеніп жатыр» деп айқай салады. Ұры қорыққанынан баскиіміне жармасып, өз-өзін әшкерелеп қояды.

Африкада да осыған ұқсас аңыз бар. Бір қарияны тонап кетеді. Ол өзінің найзасын алып, осы оқиғаны талқылап тұрған бір топ тайпаластарына барады. Оларға жақындап барып, қария қаруын көтереді де: «Найза, ұрыны өлтір» деп айғай салады. Айыпты сол сәтте қаша жөнеледі. Ұрлықты қорқыныш әшкерелейді.





Күдікті

Айыптын екі түрі бар: *қасақана* және *абайсызда жасалған*.

*Қасақана* (қасақана кінә) — құқықбұзушылық жасаған тұлға өз іс-әрекетінің (мысалы, ұрлық жасау, әкімшілік тәртібіне бағынбау және т.б.) қоғамға зиянды салдары болуы мүмкін екенін алдын ала біледі және соны қалайды.

Қасақана жасау да екі түрлі болады: *тура* — жекетұлға өз әрекетінің (не әрекетсіздігінің) қоғамға қауіпті салдары болатынын алдын ала біледі және соны қалайды; *жанама* — жекетұлға өз әрекетінің (не әрекетсіздігінің) қоғамға қауіпті салдары болатынын алдын ала біледі, бірақ қаламаса да соған саналы түрде жол береді.

Абайсызда жасаудың екі түрі болады: *өркөкіректік*, *өзіне тым сенушілік* — жекетұлға өз іс-әрекетінің қоғамға қауіпті салдары болатынын алдын ала біледі, бірақ одан құтылуға мүмкіндік бар деп ұшқары ойлайды (мысалы, жүргізуші техникалық ақауы бар көлікпен жолға шығып кетеді, егер апат болса, өзіне тым сенімді болғаны үшін айыпты болады).

*Немқұрайдылық* — жекетұлға өз әрекетінің қоғамға қауіпті салдары болатынын алдын ала білмейді, бірақ білуі керек болатын және біле алатын еді (мысалы, жүргізуші жолға шығар алдында көліктің техникалық жағдайын тексермеді де, апатқа ұшырады).

*Себеп, уәж* — құқықбұзушылыққа іштей ниеттену.

*Мақсат* — құқықбұзушының құқыққа қарсы әрекет жасаудағы ұмтылған соңғы нәтижесі.

**Қылмыстық құқықбұзушылық** дегеніміз — мемлекетке, қоғам мен жекетұлғаға зиянын тигізетін құқыққа қарсы айыпты әрекет.



Қылмыстық құқықбұзушылық үшін қылмыстық жауаптылық тағайындалады.

**Глоссарий**

**Құқықбұзушылық** — деликтқабилетті жекетұлғаның мемлекет, қоғам мен жекетұлғаның мүддесіне зиян келтіретін құқыққа қарсы айыпты әрекеті (әрекетсіздігі).

**Қылмыс** — жазалауға соқтыратын, заң жүзінде тыйым салынған, қоғамға ерекше қауіпті айыпты әрекет. Қылмыс қоғамның заңмен қорғалатын ерекше маңызды мүддесіне нұқсан келтіреді. Жасалған қылмыс үшін заң бас бостандығынан айыру, көлемді айыппұл салу және т.б. қатаң жазаларды тағайындайды.

**Қылмыстық теріс қылық** — айыптының қылмыстық құқық нормаларын бұзған әрекеті (әрекетсіздігі). Қылмыстық теріс қылық қоғамға үлкен қауіп төндірмейді, болмашы зиян келтіреді немесе мемлекетке, қоғамға, ұйымға, жекетұлғаға сондай зиян келтіру қаупін тудырады. Қылмыстық теріс қылық үшін айыппұл, түзету жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға тарту, қамаққа алу тәрізді жазалар тағайындалады. Қылмыстық теріс қылық жасағандар сотталмайды.

**Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар**

1. Құқықбұзушылыққа анықтама беріңдер және оның белгілерін көрсетіңдер.
2. Қылмыстық құқықбұзушылық пен теріс қылықтың қандай айырмасы бар?
3. «Құқықбұзушылық құрамы» түсінігін анықтаңдар.

**1-деңгейлі тапсырма.** 22-кестені толтырыңдар.

22-кесте

**Қылмыстық құқықбұзушылық құрамы**

Объект	Объективті жағы	Субъект	Субъективті жағы

**2-деңгейлі тапсырма.** 23-кестені толтырыңдар.

23-кесте

**Айып түрлері**

Қасақана	Абайсызда

**Рефлексия.** Аталған тақырыпты қаншалықты түсінгендеріңді бағалаңдар (1-ден 10-ға дейін). Қандай сұрақтар сендерге түсініксіз күйінде қалды?

## § 26. ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПТЫЛЫҚ

### Бүгінгі сабақта:

- «Қылмыстық жауаптылық» ұғымымен танысамыз;
- қылмыстық жауаптылыққа тартудың ерекшеліктері туралы білеміз;
- қылмыстық жаза түрлері туралы білеміз;
- құқықтық жағдаяттарды талдаймыз.

### Тірек сөздер

- қылмыстық жауаптылық
- жаза түрлері
- құқықтық жағдаяттар

Қылмыстық-құқықтық қатынастар қылмыстық құқықбұзушылық жасаған тұлға мен мемлекеттік билік органының арасында туындайды. Бұндай қатынастардың сот тағайындайтын қылмыстық жаза түріндегі құқықтық салдары болады. Қылмыстық құқықбұзушылық жасаған тұлға әрекетқабілетті болу керек, яғни ол өз іс-әрекетінің қылмыстық заңға қайшы келетінін, оған тыйым салынатынын және бұл үшін қылмыстық жаза тағайындалатынын білуі керек.

Қылмыстық жауапкершілікке 16 жасқа толған тұлға тартылады. Кейбір қылмыстық құқықбұзушылықтар үшін жауаптылық 14 жастан басталады.

Мұндай қылмыстық құқықбұзушылық түрлері Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 15-бабында қарастырылған.

Мысалы, адам өлтіру, денсаулығына қасақана ауыр зиян келтіру, зорлау, тәртіпсіздік, тонау, ұрлау, қокан-лоққы жасау, лаңкестік актілері, лаңкестік актісі туралы жалған хабарлама, вандализм, қайтыс болған адамдардың денесі мен жатқан жерлерін қорлау, адам ұрлау, көлікті айдап әкету және т.б.

Қылмыстық жауаптылыққа тарту тәртібін Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексі қарастырады. Аталған Кодекс 2014 жылы 4 шілдеде қабылданған.

### Есте сақтаймыз!

ҚР ҚК 140-бабы ата-аналардың кәмелет жасына толмаған балаларын тәрбиелеу міндетін орындамағаны үшін оларды қылмыстық жауапқа тартуды қарастырады. Сондай-ақ ол бала тәрбиесіне жауап беретін басқа адам болуы да мүмкін. Сонымен қатар бұл кәмелет жасына толмаған баланы бақылауда ұстауға міндетті мұғалім немесе оқу орнының басқа да қызметкері болуы мүмкін. Мұндай іс-әрекеттерге жататындар: кәмелет жасына толмағандардың алкогольдік ішімдіктер, психотроптық заттар, жүйкесіне әсер ететін заттар, тағы басқа соған ұқсас нәрселер қолдануы немесе қаңғыбастықпен, қайыршылықпен айналысуы немесе құрамында қылмыс белгілері бар іс-әрекеттер жасауы, қасақана қылмыстық тәртіпсіздікке немесе әкімшілік құқықбұзушылықтарға баруы.



Егер қылмыстық құқықбұзушылық құрамының белгілері бар болса, қылмыстық қудалау органдары, прокуратура, Ұлттық қауіпсіздік комитеті іс қозғайды.

Қылмыстық қудалау органдарының құрамына кіретіндер: тергеуші, анықтаушы, криминалдық полиция қызметкері, учаскелік полиция қызметкері, ҚР Қорғаныс министрлігінің



Сот отырысы залы

Әскери полиция қызметкерлері, ҚР ІІМ Әскери-тергеу басқармасының қызметкерлері. Қылмыстық құқықбұзушылық жасаған тұлға кінә тағылған сәттен бастап күдікті деп танылады. Прокурордың айыптау актісі бекітілгеннен кейін айыпталушы деп, сот барысында сотталушы деп танылады. Сот шешім шығарғаннан кейін сотталған деп танылады.

Қылмыстық жауаптылыққа тарту үшін жеткілікті және нақты дәлелдер қажет. Қылмыстық жауаптылықтың ерекшеліктерін қарастырайық.

1. Қылмыстық құқықбұзушылық жасаған тұлға өз әрекетіне жауап беруге міндетті. Ал мемлекеттің жауапкершілік белгілеуге құқығы бар.

2. Айыпты тұлға өзінің бостандығы мен конституциялық құқығының сақталуын талап етуге құқылы. Ал мемлекет күш көрсетпей немесе адамгершілік қасиетіне нұқсан келтірмей құқықбұзушымен заң бойынша сөйлесуге міндетті.

3. Қылмыс жасау айыпты мен мемлекет арасында арнайы құқықтық қатынастардың туындауына алып келетін заңды факті болып табылады.

#### Есте сақтаймыз!

Қылмыс жасаған адамның, бір жағынан, жауапты болу міндеті, ал екінші жағынан, бұл жауапкершілікті заң белгілеген аяда шектеуге құқығы бар.

4. Қылмыстық жауаптылыққа тарту бірнеше сатыдан тұрады. Бұлар — сотқа дейінгі тергеу, қылмыстық істі прокуратураның және соттың қарауы.

5. Қылмыстық жауаптылық қылмысқа дайындалғаны, оны жасауға оқталғаны, бірге жасағаны үшін де туындайды.



6. Қылмыстық жауаптылық жария сипатта болады. Мемлекет қылмыстық жауаптылыққа тартуға және оны қолдануға өкілеттігі бар бір ғана субъект болып табылады. Қылмыстық жазаны сот белгілейді.

7. Қылмыстық жауапкершілік жеке сипатта болады. Бұл сыбайластық немесе ұжымдық жауаптылық ұстанымы бойынша оны қолдану мүмкін еместігін білдіреді.

Қылмыстық жауаптылықты жеңілдететін және ауырлататын жағдайлар болады (ҚР ҚК 53-54-баптары).

### Назар аударыңдар!

#### **53-бап. Қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдететін мән-жайлар**

Мыналар қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдететін мән-жайлар деп танылады:

- 1) мән-жайлардың кездейсоқ тоғысуы салдарынан алғаш рет қылмыстық теріс қылық не алғаш рет онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс жасау;
- 2) кінәлі адамның кәмелетке толмауы;
- 3) жүктілік;
- 4) кінәлі адамның жас балаларының болуы;
- 5) медициналық немесе өзге де көмекті көрсету салдарына қарамастан, қылмыстық құқықбұзушылық жасағаннан кейін жәбірленушіге тікелей көмек көрсету;
- 6) қылмыстық құқықбұзушылық салдарынан келтірілген мүліктік залалды ерікті түрде өтеу, қылмыстық құқықбұзушылықпен келтірілген моральдық және өзге де зиянның орнын толтыру;
- 7) жекебасындағы, отбасылық немесе өзге де ауыр мән-жайлардың тоғысуы салдарынан не жаныашығандық уәжімен қылмыстық құқықбұзушылық жасау;
- 8) күштеп немесе психикалық мәжбүрлеу салдарынан не материалдық, қызметтік немесе өзге де тәуелділігіне қарай қылмыстық құқықбұзушылық жасау;
- 9) қажетті қорғаныстың, аса қажеттіліктің, құқықбұзушылық жасаған адамды ұстап алудың, негізді тәуекелдің, бұйрықты немесе өкімді орындаудың құқыққа сыйымдылық шарттарын бұзу кезінде, жедел іздестіру, қарсы барлау іс-шараларын немесе жасырын тергеу іс-қимылдарын жүзеге асыру кезінде қылмыстық құқықбұзушылық жасау;
- 10) жәбірленушінің қылмыстық құқықбұзушылыққа түрткі болған заңға қайшы мінез-құлқы;
- 11) шын ниетпен өкіну, айыбын мойындап келу, қылмыстық құқықбұзушылықты ашуға, қылмыстық құқықбұзушылықтың басқа да сыбайлас қатысушыларын әшкерелеуге және қылмыстық құқықбұзушылық нәтижесінде алынған мүлікті іздестіруге белсенді түрде ықпал ету.

#### **54-бап. Қылмыстық жауаптылық пен жазаны ауырлататын мән-жайлар**

Мыналар қылмыстық жауаптылық пен жазаны ауырлататын мән-жайлар деп танылады:

- 1) қылмыстық құқықбұзушылықтардың бірнеше рет жасалуы, қылмыстардың қайталануы, қылмыстардың қауіпті қайталануы;





- 2) қылмыстық құқықбұзушылық арқылы ауыр зардаптар келтіру;
- 3) қылмыстық құқықбұзушылықты адамдар тобының алдын ала сөз байласу арқылы жасауы, қылмыстық топ құрамында жасау;
- 4) қылмыстық құқықбұзушылық жасағанда айрықша белсенді рөл атқару т.б.

Жаза — сот шешімі бойынша белгіленген мемлекеттік мәжбүрлеу шаралары. Жаза қылмыстық құқықбұзушылық жасады деп танылған айыпталушыға белгіленеді. Жазаның негізгі түрлері — кінәлі тұлғаның бостандығын және құқықтарын шектеу немесе айыру. Жазалау қоғамдық әділеттілікті қалпына келтіру, сонымен қатар сотталушыны, басқа да тұлғаларды түзету және жана құқықбұзушылық жасауларының алдын алу мақсатында қолданылады.

### Есте сақтаймыз!

Тән азабын шектіру немесе адамның абыройын төмендету жазалаудың мақсатына кірмейді.

**Қылмыстық теріс қылық жасады** деп айыпталған тұлғаға қолданылуы мүмкін негізгі жазалар:

- айыппұл;
- түзету жұмыстары;
- қоғамдық жұмыстарға тарту;
- қамаққа алу;
- шетелдіктерді немесе азаматтығы жоқ тұлғаларды Қазақстан Республикасы аумағынан шығарып жіберу.

**Қылмыс жасады** деп айыпталған тұлғаға қолданылуы мүмкін негізгі жазалар:

- айыппұл;
- түзету жұмыстары;
- қоғамдық жұмыстарға тарту;
- еркіндігін шектеу.

**Қосымша жазалар:**

- мүлкін тәркілеу;
- арнайы, әскери немесе құрметті атақтарынан, шенінен, дипломатиялық дәрежесінен және мемлекеттік марапаттарынан айыру;
- нақты бір қызметпен немесе белгілі бір әрекетпен айналысу құқығынан айыру;

- Қазақстан Республикасы азаматтығынан айыру;
- шетелдіктерді немесе азаматтығы жоқ тұлғаларды Қазақстан Республикасы аумағынан шығарып жіберу.

ҚР Қылмыстық кодексінде тура көрсетілген жағдайларда қылмыстық құқықбұзушылық жасаған тұлға қылмыстық жауаптылықтан босатылады.

### Назар аударыңдар!

ҚР Қылмыстық кодексінің 5-бөлімі. Қылмыстық жауаптылықтан және жазадан босату

- 65-бап. Шынайы өкінуіне байланысты.
- 66-бап. Қажетті қорғаныс шегінен шығу кезінде.
- 67-бап. Процестік келісімнің талаптары орындалған кезде.
- 68-бап. Татуласуға байланысты.
- 74-бап. Жүкті әйелдердің және жас балалары бар әйелдердің, жас балаларын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркектердің жазаны өтеуін кейінге қалдыру.
- 75-бап. Ауруға шалдығуына байланысты жазадан босату.
- 76-бап. Ауыр мән-жайлардың тоғысуы салдарынан жазадан босату және жазаны өтеуді кейінге қалдыру.
- 78-бап. Рақымшылық немесе кешірім жасау актісі негізінде.

Қылмыстық жауаптылықтан босату қылмыстың барлық саны бойынша қарастырылмайды. Ереже бойынша, жасалған әрекет жеңіл немесе ауырлығы орта дәрежелі болуы керек.

Осылайша қылмыстық жауаптылық — қылмыстық құқықбұзушылық жасағаны үшін қарастырылатын заңды жауаптылықтың бір түрі.

Қылмыстық жауаптылық — қылмыс жасаған тұлғаның тағайындалған жазаға төзуге негізделген міндеттемесі. Жаза жеке немесе мүліктік сипаттағы құқығынан айыру түрінде белгіленеді және тұлғаны жасаған қылмысы үшін ұялту, оны түзеу мен қайта тәрбиелеу, сонымен қатар басқа да тұлғаларды қылмыс жасаудан аулақ болуға жетелеу мақсатында қолданылады.

### Глоссарий

**Жаза** — қылмыстық құқықбұзушылық жасағаны үшін соттың шешімімен тағайындалатын мемлекеттік мәжбүрлеу шаралары.

**Қылмыстық жауаптылық** — айыптыға жаза түрінде қолданылатын мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы, жасалған қылмыстың құқықтық салдары.

**Қылмыстық жауаптылыққа тарту** — қылмыс жасаған субъектіге қатысты сотқа дейінгі тергеудің басталуы, өндіріске алынуы, соттың істі қарауы.



**Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары**

1. Заңға қарсы әрекеттері үшін қылмыстық жауаптылыққа тартудың ерекшеліктерін анықтаңдар.
2. Қандай мемлекеттік орган тұлғаны қылмыстық жауаптылыққа тарта алады?
3. «Қылмыстық жауаптылық қылмыстық сипат алады» деген ұғымды ашып көрсетіңдер.
4. Қылмыстық құқықбұзушылық жасаған тұлға қандай жағдайларда қылмыстық жауаптылықтан босатылады?

**2-деңгейлі тапсырма.** Жағдаяттарды талдаңдар.

1. Кәмелетке толмаған Б. мен А. деген достар (15 жас) қалада қыдыру мақсатымен бөтен біреудің автокөлігін айдап кетті. Қыдырып болған соң, көлікті қалдырды және оның аккумуляторын, айнасын, магнитофонын, дөңгелектерін алып, сатып жіберді. Ақшаны өз қажеттеріне жұмсады. Екеуі ұсталғаннан кейін автокөлікті ары қарай тонау мақсатында айдап кетпегендерін мәлімдеді.

Б. мен А. бөтен автокөлікті айдап кеткендері үшін қылмыстық жауаптылыққа тартыла ма? Б. мен А. ұрлық үшін қылмыстық жауаптылыққа тартыла ма?

Аталған сұрақтарға жауап беру үшін ҚР ҚК 200-бабын және 188-бабын оқыңдар (екінші бөлім).

2. 9-сыныпта оқитын А., С. мен Н. деген үш құрбы Н.-ның туысының пәтерінде кино көріп, музыка тыңдап, кешті көңілді өткізбекші болды. Пәтер иесі кілтті Н.-ға қалдырып, өзі қаланың сыртына демалуға кеткен еді.

Таңертең С. мен А. пәтер иесінің өздеріне ұнаған заттарын (қымбат тондар, көйлектер, алтын бұйымдар) алып кетті. Пәтер иесі заттарының ұрланғанын біліп, сот органдарына жүгінді. Қылмыстық іс қозғалып, мектеп оқушылары С. мен А. ұсталды.

Мектеп оқушылары бөтен заттарды алғандарын мойындайды. Дегенмен құрбылары Н.-ның пәтерге өзі шақырып, пәтер иесінің заттарын пайдалануға және алып кетуге рұқсат бергенін айтады. С. мен А. бұл заттардың бәрін сатып жіберіп, ақшаны жеке қажеттіліктеріне жұмсаған болатын.

А., С. мен Н. үшеуі қылмыстық жауаптылыққа тартыла ма? Әр құрбының қаншалықты кінәлі екенін анықтаңдар. Келтірілген зиянды кім өтейді?

**2-деңгейлі тапсырма.** Ата-аналарыңа өз міндеттерің мен құқықтарың туралы әңгімелеп беріңдер. Ата-аналар мен балалардың құқықтары мен міндеттерін салыстырыңдар. Алкогольдік ішімдік ішетін, еліткіш және психотроптық заттарды қолданатын немесе кезбелікке салынған, қайыр сұраумен айналысатын жасөспірімдерге қандай ақыл айтар едіңдер?

**3-деңгейлі тапсырма.** Келесі әрекеттерді талқылап, салыстырыңдар.

- Ұрлық — басқа біреудің мүлкін жасырын түрде алу.
- Тонаушылық — басқа біреудің мүлкін ашықтан-ашық алу.
- Қарақшылық — басқа біреудің мүлкін ұрлау мақсатында адам өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін басқыншылық.

Осы әрекеттер несімен ерекшеленеді? Неліктен қарақшылық қылмыстың ең ауыр түрі болып саналады және оның соңы неге ең ауыр жазаға алып барады? Ғылыми зерттеу жүргізіңдер. Қылмыстық кодекс пен ғылыми басылымдарды қараңдар.

**Рефлексия.** Аталған тақырыпты қаншалықты меңгергендеріңді 1 мен 10-ның аралығында белгілеңдер. Қандай сұрақтарыңның жауабы табылмады?



## § 27. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚБҰЗУШЫЛЫҚТАР

### Бүгінгі сабақта:

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқықтық актілерді қарастырамыз;
- сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылық субъектілерін анықтаймыз.

### Тірек сөздер

- сыбайлас жемқорлық
- сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылық түрлері
- сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылық субъектілері

Сыбайлас жемқорлық мәселесі бүгінгі таңда қоғамдық өмірдің барлық салаларын қамтып, жаппай сипат алған. *Сыбайлас жемқорлық* — жеке түрде немесе делдалдар арқылы мүліктік игіліктерге немесе басымдықтарға ие болу үшін мемлекеттік функцияларды жекебасына пайдалану. Бұл іс-әрекеттер қоғам мен мемлекеттің мүдделеріне қайшы келеді. Сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылық жасағаны үшін тұлға әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылыққа тартылады.

Бүгінгі таңда Қазақстанда азаматтардың өмір сүру деңгейін көтеру, ұлттық экономиканың өсуіне жағдай жасау, бизнес жүргізу жағдайын жақсарту, тұрғындардың әлеуметтік белсенділігі мен құқықтық сауатын арттыру мақсатында электронды үкіметті енгізуге басты назар аударылып отыр.

### Есте сақтаймыз!

**Сыбайлас жемқорлық** дегеніміз — мемлекеттік билікті теріс пайдалану, жекебас пайдасы үшін лауазымды тұлғаларды параға сатып алу. Жемқорлық заңға және қоғамның моральдық қағидатына қайшы келеді.

«Қазақстан Республикасының 2015–2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы» жемқорлыққа қарсы саясаттың негізі болып табылады. Аталған құжат Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен 2014 жылғы 26 желтоқсанда бекітілген.

2015 жылы 18 қарашада Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» туралы Заңы қабылданды.

**1-бап.** Сыбайлас жемқорлық — жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін



жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу.

**Сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылық субъектілері** — мемлекеттік функцияларды атқаратын өкілдер және оларға теңестірілген амалдар.

**Мемлекеттік функцияларды атқаруға өкілетті тұлғалар:**

1) барлық лауазымды тұлғалар, Парламент және Мәслихат депутаттары, соттар;

2) Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасына сәйкес барлық мемлекеттік қызметкерлер.

Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілгендер:

1) жергілікті өзін-өзі басқару органдарына сайланған адам;

2) Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Президентігіне, Қазақстан Республикасы Парламентінің немесе мәслихаттардың депутаттығына, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдігіне, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқару сайланбалы органының мүшелігіне кандидаттар ретінде тіркелген азамат;

3) жергілікті өзін-өзі басқару органында тұрақты немесе уақытша жұмыс істейтін, еңбегіне ақы төлеу Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджет қаражатынан жүргізілетін қызметші;

4) мемлекеттік ұйымдарда және жарғылық капиталындағы мемлекеттің үлесі елу пайыздан көп болатын ұйымдарда, оның ішінде акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтерде, ұлттық холдингтерде, ұлттық компанияларда, ұлттық даму институттарында, олардың дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) 50 пайызынан астамы өздеріне тиесілі еншілес ұйымдарында, сондай-ақ дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы көрсетілген еншілес ұйымдарға тиесілі заңды тұлғаларда басқару функцияларын атқаратын тұлғалар.

Сыбайлас жемқорлық субъектілеріне, сонымен қатар лауазымды тұлғаларды және басқа да мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарды және оларға теңестірілгендерді, мүліктік игіліктер мен артықшылықтарды заңға қайшы түрде беретін адамдарды параға сатып алатын жеке немесе заңды тұлғалар да жатады.

Сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылық субъектілері жемқорлық қылмыс жасағаны үшін 16 жастан бастап қылмыстық жауаптылыққа тартылады.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылық түрлері көрсетілген. Барлық жемқорлық қылмыстық құқықбұзушылықтар қылмыс болып табылады, яғни қоғамға қауіпті, мемлекетке, қоғамға, жекетұлғаға

үлкен зиян келтіреді. Оған айыппұл төлеу, түзеу жұмыстары, бас бостандығынан айыру, мүлкін тәркілеу, белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыру сияқты жаза түрлері қолданылады.

**Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі**

*361-бап* . Лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану.

*362-бап* . Билікті немесе лауазымдық өкілеттіктерді асыра пайдалану.

*363-бап* . Лауазымды адамның өкілеттіктерін немденіп алу.

*364-бап* . Кәсіпкерлік қызметке заңсыз қатысу.

*365-бап* . Заңды кәсіпкерлік қызметке кедергі жасау.

*366-бап* . Пара алу.

*367-бап* . Пара беру.

*368-бап* . Парақорлыққа иелдал болу.

*369-бап* . Қызметтік жалғандық жасау.

*370-бап* . Қызметтегі әрекетсіздік.

*371-бап* . Салғырттық.

Сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтар, сонымен қатар «Әкімшілік құқықбұзушылық туралы» ҚР Кодексінде көрсетілген. Әкімшілік құқықта жемқорлық құқықбұзушылық үшін айыппұл салынады.

**Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқықбұзушылық туралы» Кодексі**

*676-бап* . Жекетұлғаның заңсыз материалдық сыйақы беруі.

*677-бап* . Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген тұлғаның не оған теңестірілген тұлғаның заңсыз материалдық сыйақы алуы.

*678-бап* . Заңды тұлғаның заңсыз материалдық сыйақы беруі.

*679-бап* . Мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының заңсыз кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруы және заңсыз кірістер алуы.

*680-бап* . Мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларды қабылдамауы.

*681-бап* . Бұрын сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамдарды жұмысқа қабылдау.

Жиі кездесетін құрамға көңіл бөлейік. Бұл — қызметтік өкілеттігін пайдалану, пара беру және алу.

**Пара** — шенді адамға жасаған қызметі үшін ақша немесе құнды зат беру.

**Пара алу** — қызметтік қылмыстың ең қауіпті түрі. Пара алу деген «лауазымды қызметкердің басқалардан өзінің жұмысы немесе лауазымдық қызметі үшін заңсыз материалдық сыйлық алуы» дегенді білдіреді.



**Пара беру** — лауазымды тұлғаның заңды не заңсыз жасайтын әрекеті (әрекетсіздігі) үшін, немесе пара берушінің пайдасына белгілі бір басымдық алу, сонымен қатар жалпы қолдау жасауы үшін, не қызметтегі теріс іске біле тұра жол беруі үшін лауазымды тұлғаға жеке өзі немесе делдал арқылы пара беру түрінде көрініс табатын қылмыс.

Пара беру мен алуға айыппұл салу немесе мүлкін тәркілей отырып бас бостандығынан айыру, нақты бір лауазымдық қызметті атқару немесе белгілі бір іс-әрекетпен айналысу құқығынан өмір бойына айыру жазалары тағайындалады.

### Назар аударыңдар!

#### Пара болуы мүмкін заттар

**Мүліктер** — ақша, оның ішінде шетелдік валюта, басқа да валюталық құндылықтар, құнды қағаздар, азық-түлік және өнеркәсіптік заттар, жылжымалы немесе жылжымайтын мүлік т.б.

Пара алушыға тегін немесе төмен бағамен көрсетілетін мүліктік сипаттағы **қызметтер мен пайда табулар**. Бұған шипажайда емделуге немесе саяхаттауға жолдама, жол жүру билеттерін беру, лауазымды қызметкердің шығындары мен көңіл көтеру шығындарын төлеу, жөндеу, құрылыс жұмыстарын жүргізу және т.б. жатады.

**Жасырын (бүркемеленген) пара түрі** — пара алушыға мүліктік сипаттағы пайда көрсету: қарызын кешіру, лауазымды тұлғаның қарызын төлеу, соттан мүліктік талап-арызды қайтарып алу, әлдебір мүлікті ақысыз не төмен бағамен пайдалануға беру, жеңілдікпен несие алуға мүмкіндік жасау, алатын мүлкінің, жекешелендіретін объектінің бағасын төмендету, жалдау бағасын азайту, банк несиелерінің пайыздық көрсеткішін төмендету.

**Пара алу субъекті** — тек мемлекеттік қызметкерлер, лауазымды тұлғалар немесе оларға теңестірілгендер болуы мүмкін.

**Пара беру субъектісі** — 16 жасқа жеткен тұлға болуы мүмкін.

Лауазымдық өкілеттікті асыра пайдалану дегеніміз — мемлекеттік қызмет атқаруға өкілеттігі бар тұлғаның не оған теңестірілгендердің өз өкілеттігі шегінен асып кететін әрекеттер жасауы. Бұл әрекеттер өзінің (не басқа тұлғаның немесе ұйымның) басымдық алуы немесе пайда табуы мақсатында жасалады, азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін, немесе қоғамның не мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін елеулі түрде бұзуға әкеп соғады.

Басқару тәртібіне, мемлекеттік билік органдарының барлық саласындағы (заң шығарушы, атқарушы, сот және жергілікті өзін-өзі басқару органдары) мемлекеттік қызметтің мүдделері мен қалыпты жұмысына қолсұғушылық қылмыстың объектісі болып табылады.



**Назар аударыңдар!**

Лауазымдық өкілеттікті асыра пайдалану дегеніміз — мемлекеттік қызметшілердің заңмен бекітілген міндеттерді бұзуы және заңдармен, ережелермен, нұсқаулармен және басқалармен реттелетін, олардың құзыретіне кірмейтін іс-әрекетті орындауы.

Лауазымдық өкілеттікті асыра пайдалану әрекет түрінде де, әрекетсіздік түрінде де көрінеді. Лауазымдық өкілеттікті асыра пайдалану азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарына айтарлықтай зиян келтіруі және мемлекеттік органдардың беделін түсіруі, сондай-ақ басқа қылмыстардың жасалуына мүмкіндік беріп, оларды жасыруы мүмкін.

Азаматтардың, ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін айтарлықтай бұзу дегеніміз — оларға айтарлықтай материалдық зиян келтіру. Сыбайлас жемқорлық қылмыс нәтижесінде заңды тұлғаға келтірілген зиян — заңды тұлғаның қызметін, өнім шығаруын тоқтатуы, ұйымның бірқалыпты жұмысына жасалған кедергі.

Осылайша жемқорлық құқықбұзушылық қоғам мен қоғам мүшелеріне өте үлкен зиян келтіреді, саяси, материалдық залалын тигізеді және әлеуметтік құндылықтар мен қоғамның дамуына кедергі жасайды.

Сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылыққа қарсы әрекет ету жолдарын қарастырайық. Алдымен жемқорлықты тудыратын себептер мен жағдайларды анықтап, жою керек. Ескерту, анықтау, жемқорлықтың жолын кесу, салдарын жою бойынша шаралар қолдану. Мемлекеттік қызмет атқаруға ниеттенгендердің және осындай қызмет атқарып жүрген тұлғалардың немесе оған теңестірілгендердің кәсіби, іскерлік және адамгершілік қасиеттеріне қойылатын талапты арттыру. Мемлекеттік лауазымды тұлғалардың немесе оған теңестірілгендердің қызметінің жариялылығын қамтамасыз ету. Сонымен бірге жұмысшылардың жемқорлыққа қарсы әрекет жөнін-



Сыбайлас жемқорлық пен оның салдары



дегі құқықтық білім деңгейін көтеру, оларға жемқорлыққа қарсы тәртіп дағдыларын дарыту, жемқорлықты тұрақты түрде қабылдамауға тәрбиелеу. Сонымен қатар бұқаралық ақпарат құралдарында және интернет беттерінде жемқорлыққа қарсы әрекет шараларын жариялап тұру.

### Глоссарий

**Сыбайлас жемқорлық** — жекебас пайдасы үшін мемлекеттік билікті асыра пайдалану.

**Сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтар** — заңмен бекітілген тәртіптік, әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке алып келетін, жемқорлықтың туындауына жағдай жасайтын әрекет.

**Пара** — көрсеткен қызметі үшін субъектінің лауазымды тұлғаға ақша немесе құнды зат ұсынуы.

### Бақылау тапсырмалары

1. «Сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылық» түсінігі мен оның түрлерін ашып көрсетіңдер.
2. Сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтың субъектісін анықтаңдар.
3. Сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтың жолын кесу жолдарын ашып көрсетіңдер.

**2-деңгейлі тапсырма.** Сыбайлас жемқорлықтың мәнін ашып көрсетіңдер. БАҚ материалдарын пайдаланыңдар. Біздің елімізде жемқорлық болмау үшін сендер қандай шара қолданар едіңдер?

**2-деңгейлі тапсырма.** Жағдаяттарды бағалаңдар.

1. Балабақшаның тәрбиешісіне туған күніне орай ата-аналар қымбат сыйлық жасады. Бұл жерде жемқорлық құқықбұзушылық көрінісі — пара алу бар ма? Балабақшаның тәрбиешісі жемқорлық субъектісі болып табыла ма? Балабақшаның тәрбиешісі тарапынан құқықбұзушылық болды ма? Ата-аналар тарапынан құқықбұзушылық болды ма?

2. Банк қызметкері клиентіне сыйақы арқылы үлкен сомадағы несие алуға көмектесуді ұсынды. Бұл жерде жемқорлық құқықбұзушылық көрінісі — пара алу бар ма? Банк қызметкері жемқорлық субъектісі болып табыла ма? Банк қызметкері қандай құқықбұзушылық жасады?

3. Жол полициясы қызметкері белгілі бір төлем алып, жол қозғалысын бұзушыны жазаламай жібере салды. Бұл жерде жемқорлық құқықбұзушылық көрінісі — пара алу бар ма? Жол полициясы қызметкері жемқорлық субъектісі болып табыла ма? Жол полициясы қызметкері қандай құқықбұзушылық жасады?

**Рефлексия.** Аталған тақырыпты қаншалықты түсінгендеріңді бағалаңдар (1-ден 10-ға дейін)? Қандай сұрақтар сендерге түсініксіз күйінде қалды?

## § 28. ІЗГІЛІК МӘСЕЛЕСІ ЖӘНЕ ЖАЗА

### Бүгінгі сабақта:

- қылмыстық құқықтағы ізгілік қағидаттарын оқып-үйренеміз;
- оның құқықтық мемлекет қалыптастырудағы рөлі мен маңызын бағалаймыз.

### Тірек сөздер

- ізгілік
- ізгілік қағидаты
- қылмыстық құқық

### Есте сақтаймыз!

**Ізгілік қағидаты** — мемлекетке адамның қауіпсіздігін сақтау, жекетұлға мен қоғамның мүдделерін қорғау жөнінде талап қою.

Ізгілік дегеніміз, ең алдымен, жазаның әділетті және дұрыс болуы. Олар құқықбұзушыға және қоғамның басқа да орныксыз мүшелеріне ықпал ету қажет болған жағдайда ғана қолданылады. Жазалау шаралары адамға азап шектіріп, жанын ауыртатындай қатал болмау керек.

Қылмыстық заңда ізгілік қағидатының екі жағы баса көрсетілген. Біріншіден, қоғамның заңға бағынышты мүшелерінің заңды мүд-



Қазақстан Республикасының ең қымбат қазынасы — адам және оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары (ҚР Конституциясының 1-бабы)




делері мен құқықтарына қолсұғушылықтан сенімді қорғанысты ойластырады. Екінші жағынан, істі жеңілдететін мән-жайлар бар болған жағдайда, айыпталушыға жазалау ықпалын айтарлықтай жеңілдетуді қарастырады. Қоғам мүддесін жан-жақты қорғауды қамтамасыз етуге және азаматтардың құқығын қылмыстық қолсұғушылықтардан қорғауға, қылмыстық-құқықтық ықпалдың мақсатына жетуге қажетті құқықтық шектеу минимумын қарастырады.

Ізгілік қағидаты жекетілгені ғана емес, тұтастай алғанда бүкіл қоғамның мүдделерін қорғауды қарастырады.

**Ізгілік** — құқықтық маңызы бар жағдайларда қоғам мүдделерін қорғайтын, құқықтың, бостандықтың, адам мен азаматтың ар-ұжданы мен заң жағынан намысын қорғайтын, адамды ең қымбат қазына деп тануды көздейтін, нормалармен бекітілген адамгершілік-құқықтық талаптар жүйесі (25-сызбанұсқа).

Ізгіліктің өзі төмендегі талаптар арқылы көрініс табады.

25-сызбанұсқа



Ізгілік идеясы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде көрініс тапқан. Аталған Кодексте қылмыстық заңның басты міндеті адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қылмыстық қолсұғушылықтан қорғау болып табылады.

Ізгілік көрінісінің бірнеше аспектілері бар, оның үстіне адамгершілікті дәл осылай түсіну оны басқа ұстанымдардан бөліп көрсетуге мүмкіндік туғызады.

Бірінші аспект қинауға, зорлық жасауға, адамның намысына тиетін қатынастар орнатуға тыйым салу талаптарынан анық көрінеді. Басқаша айтқанда, бұл адамгершілікті көрер көзге ғана бекіту.

Ізгілік адамдардың мінез-құлқының заңға қайшы немесе сәйкестігіне қарамастан, моральдық-құқықтық санат ретінде оның тұлғасын құрметтеу керектігін қарастырады. Бұл мағынада ізгілік әділдік ұстанымымен тығыз байланыста болады, өйткені ізгілік те, әділдік те моральдық-құқықтық санатқа жатады. Ізгілік құқықбұзушы мен жәбірленушіге, сондай-ақ жалпы қоғамға қатысты байқалуы керек.

Құқықтық нормалар жүйесі қылмыстық құқықбұзушылық үшін белгіленетін жазаны тағайындау тәртібі мен шартын қарастырады, сот пен атқарушы билік субъектілеріне негіз болады. Жауапкершіліктің адамгершілік мақсаты және оның жәбірленушіні қорғауға бағытталғандығы, ең алдымен, түрлі нормативті-құқықтық актілерде қарастырылған жекетұлғаға қарсы құқықбұзушылық құрамын тұжырымдаудан көрінеді. Кәмелетке толмағандардың, аяғы ауыр әйелдердің, қорғансыз тұлғалардың құқықтары ерекше қорғалады.

Құқықбұзушылық жасаған тұлғаға адамгершілік жасау — әлемдік тәжірибеде қылмыстық саясатты жүзеге асырудың жалпы мойындалған көрсеткіші.

Ізгілік қағидатының екінші аспектісі жауапкершіліктің бұлтартпастығы қағидатының және формальды теңдік қағидатының арақатынасының ерекшеліктерінде болады.

Адамгершілік-әдептілік жағынан ізгіліктің бұл аспектілері құқықбұзушыға қатысты кешірім жасау, мейірімділік танытудан тұрады. Бұл мағынадағы адамгершілік құқықбұзушылықтың жеке келеген субъектілеріне жасалған жеңілдіктер немесе оларға амнистия мен кешірім жасауды қолданудан көрінеді. Бұл жеңілдіктер, әдеттегідей, құқықбұзушылыққа барған адамға қолданылатын мәжбүрлеу шараларын жеңілдетеді. Аяғы ауыр әйелдерге және баласы он төртке толмаған әйелдерге жазасын өтеу кейінге қалдырылуы мүмкін. Қылмыстық заң кәмелетке толмағандар үшін қылмыстық жауапкершіліктің жеңілдетілген шарттарын белгілейді. Бірқатар жазалар әйелдер мен қартайған ер адамдарға (өлім жазасы, өмір бойы бас бостандығынан айыру) тағайындалмайды. Ізгілік рақымшылық пен кешірім жасау актілері негізін де заңды жауапкершіліктен немесе



жазадан босату ретінде көрініс табады. Заң шығарушы рақымшылық жасау туралы қаулы қабылдағанда ізгілік қағидатын басшылыққа алатыны рақымшылық жасау актісінде атап көрсетіледі.

**Ізгілік қағидаты** — қолданыстағы заңнамада бекітілген, субъектілерге құрметпен қарауға бағытталған, негіз қалаушы бастама (идея).

Құқықтық жауапкершілікті белгілеу барысында жазалау шаралары қолданылмайды.

### Глоссарий

**Ізгілік** — құқықтық маңызы бар жағдайларда қоғам мүдделерін қорғайтын, құқықтың, бостандықтың, адам мен азаматтың ар-ұжданы мен намысын қорғайтын, адамды ең қымбат қазына деп тануды көздейтін, нормалармен бекітілген адамгершілік-құқықтық талаптар жүйесі.

### Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары

1. Ізгілік қағидаты дегеніміз не?
2. «Қылмыстық құқықта ізгілік қағидаты қажет пе?» тақырыбына пікірталас өткізіндер. Сұрақтарға жауап беріңдер:  
Ізгілік қағидаты бізге не береді?  
Қылмыстық құқықта бұл қағидатты қолданбай-ақ қоюға бола ма?  
Дәл осы қылмыстық құқық үшін бұл қағидат не себепті маңызды?

**1-деңгейлі тапсырма.** 24-кестені толтырыңдар.

24-кесте

### Құқықтағы ізгілік

Ізгілік — моральдық-құқықтық санат	Ізгілік — моральдық-әдептілік санат

### 2-деңгейлі тапсырма

- «Не себепті аяғы ауыр әйелдерге және баласы он төртке толмаған әйелдерге, кәмелет жасына толмағандарға жазасын өтеу кейінге қалдырылады?» тақырыбына әңгіме өткізіндер. Жазаны өтеуде аталған жеңілдіктердің әлеуметтік маңыздылығы неде?
- «Қылмыстық құқықбұзушылық жасаған тұлғаларға ізгілікпен қараудың маңызы» тақырыбына пайымдау эссесін жазыңдар.

**Рефлексия.** Аталған тақырыпты қаншалықты меңгергендеріңді (1-ден 10-ға дейін) бағалаңдар. Сендер үшін қандай сұрақтар түсініксіз болып қалды?

## ҚОРЫТЫНДЫ

*Құрметті оқушылар !*

Жыл бойы сендер «Құқық негіздері» пәнін меңгердіңдер. Қазіргі заманда қоғамдық тәртіпті, қоғамдық келісім мен тұрақтылықты қамтамасыз етудің негізгі институты мемлекет пен құқық екенін түсіндіңдер. Құқық пен мемлекет адамды әртүрлі тәртіпсіздіктерге барудан сақтай алады және сақтауға міндетті.

Енді құқыққа анықтама беріп, белгілерін көрсетіп, оның әлеуметтік нормалар жүйесіндегі орнын өздерің анықтай аласыңдар. Сол сияқты, Қазақстан Республикасында азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекет құрудың маңыздылығы мен қажеттілігі туралы айтып бере аласыңдар.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасының конституциялық құрылымы, мемлекеттік органдар жүйесі, өз құқықтарың мен міндеттерің туралы білдіңдер. Сондай-ақ азаматтық, отбасылық, әкімшілік және қылмыстық құқық нормаларымен реттеліп отыратын қатынастар туралы айта аласыңдар. Заңбұзушылықтың соны жазалауға ұласатын құқықтық жауаптылық болатынын нақты білдіңдер. Енді өз құқықтарың мен мүдделеріңді заңды әдістер арқылы қорғай аласыңдар.

Сендер қолданыстағы заңнаманы сақтаудың қаншалықты маңызды екенін және оның нормалары бойынша өмір сүру керектігін түсінді деп ойлаймыз.

Өскелең ұрпақ Қазақстан халқының игілігі үшін қызмет істеп, құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғам құруға ұмтылуы керек. Сендерге табыс тілейміз!

*Құрметпен, оқулық авторлары !*



## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

### Халықаралық актілер

1. Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясы. Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының резолюциясымен 1948 жылғы 10 желтоқсанда қабылданған.
2. Біріккен Ұлттар Ұйымының жарғысы. 1945 жылы 26 маусымда Сан-Францискода қабылданған.
3. Дипломатиялық қатынастар туралы Вена конвенциясы. БҰҰ-ның халықаралық құқық комиссиясы дайындаған. Вена қаласында 1969 жылғы 23 мамырда қол қойылған.
4. Бала құқықтары туралы Конвенция. Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясы 1989 жылғы 20 қарашада қабылдаған.
5. Мүгедектердің құқықтары туралы Конвенция. Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясы 2006 жылғы 13 желтоқсанда қабылдаған.

### Нормативтік-құқықтық актілер

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған.
2. «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық заңы.
3. «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 26 желтоқсандағы Конституциялық заңы.
4. «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 16 қазандағы №2529 Конституциялық заңы.
5. «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 18 желтоқсандағы Конституциялық заңы.
6. «Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 29 желтоқсандағы Конституциялық заңы.
7. «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 25 желтоқсандағы Конституциялық заңы.
8. «Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі». 2014 жылғы 3 шілдеде қабылданған.
9. «Әкімшілік құқықбұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі. 2014 жылғы 5 шілдеде қабылданған.
10. «Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі». 2007 жылғы 9 қаңтарда қабылданған.
11. «Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (жалпы бөлім)». 1994 жылғы 27 желтоқсанда қабылданған.
12. «Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (ерекше бөлім)». 1999 жылғы 1 шілдеде қабылданған.
13. «Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі (жалпы бөлім)». 1994 жылғы 27 желтоқсанда қабылданған.
14. «Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі». 2015 жылғы 23 қарашада қабылданған.

15. «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы Кодексі.
16. «Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі». 2015 жылғы 31 қазанда қабылданған.
17. «Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі». 2014 жылғы 4 шілдеде қабылданған.
18. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы. 2015 жылғы 18 қарашада қабылданған.
19. «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңы.
20. «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 4 мамырдағы Заңы.
21. «Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясы». Декларация Біріккен Ұлттар ұйымы Бас Ассамблеясының резолюциясымен 1948 жылғы 10 желтоқсанда қабылданған.
22. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы.

#### Ғылыми басылымдар

1. Қазақстан Республикасының Конституциясына ғылыми-практикалық түсіндірме. Алматы: Раритет, 2015.
2. Назарбаев Н.Ә. Тәуелсіздік дәуірі. Астана, 2017.
3. Назарбаев Н.Ә. Евразия жүрегінде. Астана, 2017.
4. Назарбаев Н.Ә. Тәуелсіздік стратегиясы. Алматы: Атамұра, 2003.
5. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру». Астана, 2017.
6. Құнанбаев А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Көркем әдебиет, 1957.
7. Әбу Насыр әл-Фараби. Қайырымды қала тұрғындарының көзқарасы. Философиялық трактаттар. Алматы: Абай халықаралық клубы, 2014.
8. Артықбаев Ж. Қазақ қоғамы: дәстүрлер мен жанарулар. Алматы, 1993.
9. Культегеев С.Т. Экологическое право Республики Казахстан: учебное пособие. Алматы, 2003.
10. Ибраева А.С. и др. Мемлекет және құқық теориясы. Оқулық. Алматы: Фолиант, 2014.
11. Сапарғалиев Г.С. Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы. Оқулық. Алматы, Жеті жарғы, 2002.
12. Таранов А.А. Административное право Республики Казахстан. Академический курс. Алматы, 2003.



## МАЗМУНЫ

Алғы сөз .....	4
<b>МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ</b>	
§ 1. «Құқық» түсінігі .....	5
§ 2. Құқықтық мемлекет .....	12
§ 3. Азаматтық қоғам .....	16
<b>КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚ</b>	
§ 4. Конституциялық құрылым негіздері .....	22
§ 5. Адам мен азамат құқықтары мен еркіндіктері .....	27
§ 6. Мемлекеттік органдардың конституциялық жүйесі .....	38
§ 7. Қазақстан Республикасының сайлау жүйесі .....	44
<b>АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚ</b>	
§ 8. «Азаматтық құқық» түсінігі .....	49
§ 9. Меншік құқығы .....	54
§ 10. Азаматтық құқықтағы міндеттемелер мен жауапкершілік .....	58
§ 11. Тұтынушылар құқығын қорғау .....	61
<b>ЕҢБЕК ҚҰҚЫҒЫ</b>	
§ 12. «Еңбек құқығы» түсінігі .....	68
§ 13. Еңбек жағдайлары. Еңбекті қорғау .....	72
§ 14. Еңбек шарты .....	78
<b>ОТБАСЫ ҚҰҚЫҒЫ</b>	
§ 15. «Отбасы құқығы» түсінігі .....	83
§ 16. Некеге тұру және некені бұзу жолдары .....	88
§ 17. Отбасы мүшелерінің құқықтары мен міндеттері .....	93
§ 18. Балалардың құқықтары мен міндеттері .....	98
§ 19. Отбасының қоғамдағы маңызы .....	104
<b>ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ</b>	
§ 20. «Әкімшілік құқық» түсінігі .....	108
§ 21. Әкімшілік құқықбұзушылықтар .....	112
§ 22. Әкімшілік жауаптылық .....	119
§ 23. Әкімшілік құқықбұзушылықтың алдын алу .....	124
<b>ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ</b>	
§ 24. «Қылмыстық құқық» ұғымы .....	130
§ 25. «Қылмыстық құқықбұзушылық» ұғымы .....	134
§ 26. Қылмыстық жауаптылық .....	140
§ 27. Сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтар .....	146
§ 28. Ізгілік мәселесі және жаза .....	152
Қорытынды .....	156
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі .....	157



*Учебное издание*

**Ибраева Алуа Саламатовна  
Гончаров Сергей Борисович**

### **ҚҰҚЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

Учебник для 9 классов общеобразовательных школ  
(на казахском языке)

Оқулыққа фотоғрофтар *Д. Сланов, С. Қызыбайбектің*  
еңбектері пайдаланылды

Редакторы *Г. Абдрахимова*  
Көркемдеуші редакторы *Л. Уралбаева*  
Техникалық редакторы *И. Тарапунец*  
Корректоры *А. Төлепбергалинова*  
Компьютерде беттеген *Г. Хаширова*

Баспаға Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің  
№ 0000001 мемлекеттік лицензиясы 2003 жылы 7 шілдеде берілген

ИБ № 5886

Басуға 28.05.19 қол қойылды. Пішімі 70 × 100<sup>1/16</sup>. Офсеттік қағаз.  
Қаріп түрі «SchoolBook Kza». Офсеттік басылыс.  
Шартты баспа табағы 12,9. Шартты бояулы беттабағы 52,25.  
Есептік баспа табағы 8,51. Таралымы 215 000 дана. Тапсырыс №

«Мектеп» баспасы, 050009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй  
Факс: 8(727) 394-37-58, 394-42-30  
Тел.: 8(727) 394-41-76, 394-42-34  
E-mail: mektep@mail.ru  
Web-site: www.mektep.kz



